

Үлгі нысанды
«АТФБанк» АҚ Директорлар кеңесі
2017 жылғы 26 қыркүйекте бекіткен
(№ 25-з/2017 шешім)
«АТФБанк» АҚ Директорлар кеңесі 2019 жылғы 26 маусымда бекіткен
өзгертулер мен толықтырулармен бірге
(№ 17-з/2019 шешім)

«АТФБанк» АҚ Басқармасы
2017 жылғы 3 тамызда бекіткен (№59 Хаттамасы)
2019 жылғы «06» маусымда «АТФБанк» АҚ Басқармасы бекіткен
өзгертулер мен толықтырулармен бірге
(№52 Хаттамасы)

Кәсіпкерлік қызмет, адвокаттық қызмет, жеке нотариалдық қызмет, жеке сот орындаушысының қызметі, кәсіби медиатордың
қызметін жүзеге асыратын жеке тұлғамен

АҒЫМДАҒЫ ШОТ АШУ ЖӘНЕ ТӨЛЕМ КАРТОЧКАСЫН ШЫҒАРУ ТУРАЛЫ ШАРТ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Шарт мәтнінде басқа мағынасы берілмесе, Шарттың мәтнінде қолданылатын және бас әріптен басталатын терминдер Шартқа №1 Қосымшада анықталған мағыналарға ие болады. Жекеше түрде берілген терминдер сондай-ақ көпше түрде берілген терминдерді білдіреді және керісінше.

1.2. Кәсіпкерлік қызмет, адвокаттық қызмет, жеке нотариалдық қызмет, жеке сот орындаушысының қызметі, кәсіби медиатордың қызметін жүзеге асыратын жеке тұлғамен ағымдағы шот ашу және төлем карточкасын шығару туралы осы шарт (әрі қарай - Шарт) «АТФБанк» АҚ (әрі қарай – Банк), Банктің тиісті филиалымен Карт-шот ашу, жүргізу және жабу операцияларын, жеке тұлғаға, соның ішінде кәсіпкерлік қызмет, адвокаттық қызмет, жеке нотариалдық қызмет, жеке сот орындаушысының қызметі, кәсіби медиатордың қызметін жүзеге асыратын жеке тұлғаға Карточка шығару мен ол бойынша қызмет көрсету операцияларын жүргізу ережелері мен тәртібін анықтайды, сондай-ақ Тараптардың құқықтары, міндеттері, жауапкершілігін және Тараптар арасындағы өзге де құқықтық қарым-қатынастардың ерекшеліктерін белгілейді.

1.3. Шарттың талаптары Банкпен стандартты нысанда анықталған және Клиентпен тек Қосылу туралы өтініш беру арқылы ғана қабылдана алады. Шарт Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 389-бабының талаптарына сәйкес бекітілетін қосылу шарты болып табылады. Бұл ретте Қосылу туралы өтініш пен Шарт тек біртұтас құжат ретінде қарастырыла алады.

Банк Карт-шот ашу және Негізгі карточка шығару мүмкіндігін анықтау үшін Клиент (Өкіл) оларды ұсыну Қолданыстағы заңнама және/немесе Банктің ішкі құжаттарымен талап етілетін Қосылу туралы өтініш пен құжаттарды тапсырады. Клиенттің (Өкілдің) Қосылу туралы өтініш беруі Банк үшін Карт-шот ашу және Негізгі карточка шығару бойынша міндеттеменің автоматты түрде туындауын білдірмейді. Қосылу туралы өтініш бойынша шешімді Банк Банктің ішкі құжаттарына сәйкес өзінің қалауы бойынша дербес түрде қабылдайды. Егер басқа түрі Қосылу туралы өтініштің мәтнінде қарастырылмаса, Банк онда тиісті белгі қою арқылы Клиентпен (Өкілмен) қол қойылған Қосылу туралы өтінішті қабылдаған уақыттан бастап Қосылу туралы өтініш қабылданған, ал Шарт бекітілген болып есептеледі.

Сондай-ақ, Банк анықтаған жағдайларда, Шарт Карточка қуатталған уақыттан бастап жасалған болып есептеледі, Карточканы қуаттау Клиентке Карточка шығару және Карт-шот ашу туралы өтінім берілген күннен бастап 30 (отыз) күнгізбелік күннің ішінде немесе Банк көрсеткен басқа да мерзімде жүргізілуі (жүзеге асырылуы) керек. Осындай жағдайлардың біріне Клиенттің қашықтағы арналар арқылы Банкке электронды үлгіде Карточка шығару және Карт-шот ашу туралы өтінім жіберетін жағдайды жатқызуға болады. Банк электронды үлгіде Карточка шығару және Карт-шот ашу туралы өтінімді алғаннан кейін Банк Клиентке Карт-шот нөмірін (IBAN) беруге (резервтеуге) құқылы, бұндай нөмір Шарт жасалған, яғни Карточка қуатталғаннан кейін ашылады (Қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны ашу үшін кедергі келтіретін негіздемелер болмайтын болса);

1.4. Банк Клиенттің Клиент болып табылмайтын Қосымша карточка ұстаушысына Қосымша карточка шығару туралы өтінішін қабылдаған уақыттан бастап Шарт Клиент болып табылмайтын Қосымша карточка ұстаушысына өзінің әрекет етуін бастайды.

1.5. Қолданыстағы заңнама және/немесе Банктің ішкі құжаттарымен қарастырылған жағдайларда Банк бұл туралы көрсетілген тұлғаларға хабарлау арқылы Клиентпен/Клиент болып табылмайтын Қосымша карточка ұстаушысымен іскерлік қарым-қатынастар орнатудан бас тартуға құқылы болады.

1.6. Карточкалардың жекелеген түрлерін шығару және оларға қызмет көрсету ерекшеліктері, Банк қызметтері пакеттерінің аясында Карточкалары шығару мен оларға қызмет көрсету талаптары, соның ішінде әр түрлі Төлем жүйелері Карточкаларын құрамдастыру ерекшеліктері Шартқа Қосымшалармен және Банктің ішкі құжаттарымен реттеледі.

1.7. Клиенттің (Өкілдің) Қосылу туралы өтінішке/Клиент болып табылмайтын Қосымша карточка ұстаушысының Қосымша карточка шығару туралы өтінішіне қол қоюы төмендегілерді қуәландырады:

- Клиент (Өкіл)/ Клиент болып табылмайтын Қосымша карточка ұстаушысы Шартты оқыды, түсінді және оны толық көлемде, қандай да бір ескерту және шағымдарсыз қабылдады;

- Шартта Клиент (Өкіл)/ Клиент болып табылмайтын Қосымша карточка ұстаушысы өзінің саналы мүдделері бойынша қабылдамайтын Клиентке қандай да бір ауыртпалық салатын жағдайлар жоқ;

- Банкте Клиент (Өкіл)/ Клиент болып табылмайтын Қосымша карточка ұстаушысы қол қойған Қосылу туралы өтініш/Қосымша карточка шығару туралы өтініш болатын жағдайда, Клиенттің (Өкілдің)/ Клиент болып табылмайтын Қосымша карточка ұстаушысының Шартты оқымадым/түсінбедім/қабылдамадым деген дәлелі ретінде Шартта қол қойылмағандығына сілтеме жасауға құқығы жоқ.

- Клиент/ Клиент болып табылмайтын Қосымша карточка ұстаушысы Карт-шот ашу, жүргізу және жабу бойынша барлық талаптармен, сонымен бірге Карточкалар шығару мен оларға қызмет көрсету жөніндегі барлық ережелермен келіседі;

- Шарттың барлық ережелері Клиенттің (Өкілдің)/ Клиент болып табылмайтын Қосымша карточка ұстаушысының мүдделері мен еркіне толық көлемде сәйкес келеді;

- Шартты бекіту және оның талаптарын орындау, соның ішінде Карт-шот ашу және Карточка шығару Қолданыстағы заңнама

және/немесе Клиентке/Клиент болып табылмайтын Қосымша карточка ұстаушысына қатысты қолданылатын заңнаманың қандай да бір ережесінің бұзылуына әкелмейді;
- Карточка ұстаушысы Карточканы пайдалану ережелерімен танысты.
1.8. Құжаттың мәтінінде өзге түрі қарастырылмаса, Шартқа барлық Қосымшалар, Банкпен көрсетілетін Карт-шот ашу, жүргізу және жабу қызметтерінің, сонымен қатар Карточкалар шығару мен оларға қызмет көрсету аясында Банкпен Клиенттен қабылданған Өтініштер, Карточка/ПИН-конвертті алу туралы тізімдемелер Шарттың ажырамас бөліктері болып табылады.
1.9. Қолданыстағы заңнама және оған қайшы келмейтін бөлігінде Карт-шот ашу, жүргізу және жабу, Карточкалар шығару мен оларға қызмет көрсету жөніндегі қарым-қатынастарға тиісті Төлем жүйелерінің ережелері, халықаралық банктік тәжірибе, іскерлік айналым дәстүрлері, Банктің ішкі құжаттары қолданылады. Төлем жүйелерінің ережелері мен Шарттың арасындағы қарама-қайшылықтар болатын жағдайда, Төлем жүйелерінің тиісті ережелері қолданылады.
1.10. Тарифтер Клиентке Банкпен Шартқа қосылғанға дейін ұсынылады. Шарттың осы бабында көрсетілгендей, Шартқа қосылғаннан соң Клиент Тарифтермен танысқандығын және олардың көлемімен, өзгерту/толықтыру, қолдану тәртібімен келісетіндігін растайды.
1.11. Осы Шарт Банк Басқармасы (2015 жылғы 12 тамыздағы № 42 хаттама), Банктің Директорлар кеңесі (2015 жылғы 30 қыркүйектегі № 35-з/2015 шешім) бекіткен осының алдындағы Кәсіпкерлік қызмет, адвокаттық қызмет, жеке нотариалдық қызмет, жеке сот орындаушысының қызметі, кәсіби медиатордың қызметін жүзеге асыратын жеке тұлғаман Ағымдағы шот ашу және төлем карточкасын шығару туралы шарттың (бұдан әрі – Шарттың алдыңғы редакциясы) орнын басады. Соған байланысты Банк пен Шарттың алдыңғы редакциясына Қосылу туралы тиісті өтініш беру арқылы қосылған Клиенттердің арасындағы қарым-қатынастарға қатысты құқықтар, міндеттер, жауапкершілік пен басқа да ережелер осы Шартпен реттеледі.
2. ШАРТТЫҢ МӘНІ
2.1. Шарттың аясында Банк Клиентке Карт-шот ашады, оны жүргізеді, сондай-ақ Карточка ұстаушысына Карточка шығарады және оған қызмет көрсетеді.
2.2. Карт-шот Клиентке Карточканы және/немесе оның Деректемелерін пайдалану арқылы Карточка ұстаушысының Карт-шоттағы Ақшаға қолжетімділікке ие болу мүмкіндігімен ашылады.
2.3. Карт-шоттың нөмірі туралы ақпаратты (IBAN) Клиент төмендегі әдістермен ала алады: - http://www.atf24.kz ; сілтемесі бойынша Банктің интернет-сайты арқылы; - Банкомат/Карточканы қолданумен бірге терминал арқылы; - Банктің ішкі құжаттарымен белгіленген тәртіпте Банкке тиісті сұратумен хабарласу арқылы. Шарттың 1-бабында көрсетілгендей, Шартқа қосыла отырып, Клиент Банкті Клиент болып табылмайтын Қосымша карточка ұстаушысына Карт-шоттың нөмірін хабарлауға уәкілеттендіреді.
2.4. Шарттың аясында Клиентке бір немесе бірнеше Карт-шот ашуға, сонымен бірге Карточка ұстаушысына бір Негізгі карточка мен бір немесе бірнеше Қосымша карточкалар ашуға болады.
2.5. . Карт-шотты жүргізу валютасын Шартқа сәйкес Қосылу туралы өтініште Клиент пен Банк бірлесе отырып анықтайды.
2.6. Карт-шотты толықтыру Қолма-қол ақшамен, сонымен бірге қолма-қол ақшасыз тәртіпте де жүзеге асырылады.
2.7. Банк Карт-шот бойынша төмендегі операцияларды жүзеге асырады және оны жүргізумен байланысты келесі банк қызметтерін көрсетеді:
2.7.1. Клиенттің пайдасына түскен Ақшаны Карт-шотқа қабылдау (есепке алу);
2.7.2. Қолданыстағы заңнама мен Шартпен қарастырылған тәртіпте Клиенттің Карт-шоттан үшінші тұлғалардың пайдасына Ақша аудару туралы өкімдерін орындау;
2.7.3. Қолданыстағы заңнама және/немесе Шартпен қарастырылған негіздемелер бойынша үшінші тұлғалардың Карт-шоттан Ақшаны шығарып алу туралы өкімін орындау;
2.7.4. Қолданыстағы заңнама және Шартпен белгіленген тәртіпте Карт-шотқа Клиенттен қолма-қол Ақшаны қабылдау және Карт-шоттан қолма-қол Ақшаны беруді жүзеге асыру;
2.7.5. Шартпен қарастырылған тәртіпте Клиенттің талап етуімен Банктегі Карт-шоттағы Ақшаның сомасы және жүргізілген операциялар туралы ақпарат ұсыну;
2.7.6. Клиентке Шартпен, сонымен бірге Банк пен Клиент арасында бекітілген басқа да шарттармен, Қолданыстағы заңнамамен, Банктің ішкі құжаттарымен, іскерлік айналым дәстүрлерімен қарастырылған өзге де банк қызметтерін көрсету.
2.8. Карт-шотқа орналастырылған Ақшаға Қолданыстағы заңнама нормаларына сәйкес кепілдік беріледі. Банк Қазақстан Республикасы екіінші деңгейлі банктерінде орналастырылған депозиттерді міндетті ұжымдық кепілдендіру жүйесінің қатысушысы болып табылады және 2004 жылғы 09 желтоқсанда берілген №004 Қуәлігінің негізінде әрекет етеді. Кепілді өтемді төлеу тәртібі Қолданыстағы заңнамаға сәйкес анықталады.
2.9. Банктің Шарт бойынша көрсететін қызметтеріне қатысты ақпарат алу үшін Клиент Банкке келу арқылы, телефон немесе Банктің басқа да байланыс деректері арқылы хабарласуға құқылы болады. Клиенттің өтінішіне Банк Қолданыстағы заңнама мен Шартта қарастырылған тәртіп пен мерзімде жауап береді.
3. КАРТОЧКА ШЫҒАРУ
3.1. Банк Клиентке Карт-шот ашу туралы оң шешім шығарған жағдайда, Банк оған Негізгі карточка шығарады, оны Клиентке уақытша пайдалануға береді және оған қызмет көрсетеді. Карточка шығару процедурасы Банктің ішкі құжаттарымен реттеледі.
3.2. Банк халықаралық карточкалар шығарады. Банкпен шығарылатын карточкалар Дебеттік, Кредиттік лимитімен бірге дебеттік және кредиттік болуы мүмкін.
3.3. Егер Тараптар арасында өзге түрі келісілмесе, Шарттың негізінде Банк Карт-шот бойынша кредит лимитін ашусыз Карточка ұсынады.
3.4. Клиенттің қалауы бойынша Банк Клиентпен Қосымша карточка шығару туралы өтініште көрсетілген кез келген жеке тұлғаға, соның ішінде Клиенттің өзіне ресімделген бір немесе бірнеше Қосымша карточкалар шығаруы мүмкін. Клиент және Клиент болып табылмайтын Қосымша карточка ұстаушысы Банкке Қолданыстағы заңнама және Банктің ішкі құжаттарымен анықталған барлық қажетті құжаттарды тапсырған жағдайда және көрсетілген тұлғаға Қосымша карточка шығару Қолданыстағы заңнама және/немесе Банктің ішкі құжаттарына қарама-қайшы келмейтін жағдайда, Өтінішке Клиент (Өкіл) және Клиент болып табылмайтын Қосымша карточка ұстаушысы (Қосымша карточка ұстаушысы үшінші тұлға болатын жағдайда) қол қояды. Клиенттер болып табылмайтын Қосымша карточка ұстаушыларының аттары Банкпен Қосымша карточка ұстаушыларының бөлек тізіміне енгізіледі, ол Клиенттің заң бөлімінде сақталады.
3.5. Егер өзге түрі Шартта тікелей анықталмаса, оның Карточка шығару, қызмет көрсету және пайдалану мәселелерін реттейтін ережелері Клиент болып табылмайтын Қосымша карточка ұстаушысына қатысты болады. Шарттың Клиент болып табылмайтын

<p>Қосымша карточка ұстаушысына қатысты әрекет етуі Банктің оның атына Карт-шот ашуын туындатпайды. Клиент болып табылмайтын Қосымша карточка ұстаушысын Клиент Қосымша карточканы қолданумен бірге Клиенттің Карт-шотын басқаруға уәкілеттендіреді.</p> <p>Клиент белгілі бір уақыт ішінде Клиент болып табылмайтын Қосымша карточка ұстаушысына шығарылған Қосымша карточка арқылы жұмсау бойынша Карт-шоттағы Ақша сомасына шектеу қоюға құқылы.</p>
<p>3.6. Қосылу туралы өтініш/Қосымша карточка шығару туралы өтініш/Карточканы қайта шығару туралы өтініш берілген күннен бастап 180 (жүз сексен) күнтізбелік күннің ішінде Карточка ұстаушысы Карточканы алу үшін, соның ішінде Карточканы қайта шығару кезінде Банкке келмеген жағдайда, Банк Карточканың күшін жоюға құқылы болады. Жалақы жобасы аясында заңды тұлға/жеке кәсіпкер қызметкерлеріне жалақы және өзге де төлемдерді төлеу тәртібі туралы шартпен өзге түрі қарастырылмаса, осы тармақ қолданылады.</p>
<p>3.7. Карточка/ПИН-конверт алу Карточка/ПИН-конвертті алатын тұлғаның қол қоюы арқылы Карточка/ПИН-конвертті алу туралы тізімдемеде көрсетіледі.</p>
<p>3.8. Сол уақыт ішінде төлем карточкасы шығарылатын ең жоғары мерзім Клиенттен Қолданыстағы заңнамада және Банктің ішкі құжаттарында қарастырылған құжаттардың толық топтамасы алынған және Клиент Банктің тиісті банктік қызметті көрсетуі үшін талап етілетін талаптарды орындаған күннен бастап 14 (он төрт) Жұмыс күнін кұрайды.</p>
<p>4. КАРТ-ШОТТАҒЫ АҚШАНЫ БАСҚАРУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ</p>
<p>4.1. Карт-шотты басқару бойынша шектеу болмайтын жағдайда, Банк төлемдер және/немесе Ақша аударымдарын, Карточкалық операцияларды жүзеге асырылатын операцияға байланысты төлеуі тиіс комиссиялық сыйақы сомасын есепке алумен және банктік қарыз шартында (кредит лимитін ұсыну туралы) қарастырылған жағдайлар мен тәртіпте ұсынылатын кредит лимиті сомасының шегінде Карт-шоттағы Ақшаның қолжетімді лимитінің шегінде жүзеге асырады. Егер өзге түрі Тараптардың жекелеген келісімімен қарастырылмаса, Банк төлем құжаттарын Клиентке орындаусыз қайтаруға құқылы болады. Банк Клиенттің төлем құжаттарын ішінара орындауды жүргізбейді.</p>
<p>4.2. Карт-шоттағы Ақшаны басқару Клиенттің Банкке жазбаша нұсқаулар беруі немесе Карточканы/оның электронды құрылғылардағы/Интернеттегі Деректемелерін пайдалану арқылы жүзеге асырылады. Жазбаша нұсқаулар Қолданыстағы заңнамамен белгіленген нысан бойынша стандартты бланкілерде орындалуы тиіс, ондай болмаған жағдайда, Банкпен қолданылатын нысанда жасалуы керек. Қолданыстағы заңнамамен өзге түрі қарастырылмаса және мұндай тапсырма беру Банктің Клиент тапсырмасын орындауға қажетті және Қолданыстағы заңнама, Банктің ішкі құжаттарымен қарастырылған барлық ақпараттан тұратын жағдайда Клиент Банкке басқа нысандағы нұсқауды ұсынуға құқылы. Мұндай жағдайда Банк Қолданыстағы заңнамамен талап етілетін немесе Банкпен қолданылатын нысан бойынша төлем құжатын дербес түрде қалыптастырады.</p>
<p>4.3. Төлем құжаттарын кері қайтару немесе орындауды кідірте тұру туралы төлем құжаттары мен өкімдер электронды түрде де, сонымен қатар қағаз тасымалдаушыда да ұсыныла береді. Төлемдер мен ақша аударымдары туралы тапсырмаларды, сонымен бірге оларды кері қайтару мен орындауды уақытша тоқтату туралы өкімдерді электронды әдіспен ұсыну Банк пен Клиент арасындағы, соның ішінде Банкте Карт-шоттың болуымен байланысты қашықтан банк қызметтерін көрсету арналары арқылы электрондық банк қызметтерін көрсету жөніндегі қарым-қатынастарды реттейтін тиісті шартпен қарастырылған негіз бен тәртіпте орындалады. Шарт Банктің мұндай арнайы шартта реттелмеген бөлігінде электронды жүйелер бойынша түскен төлем құжаттары/төлем хабарларын өңдеу мәселелерін реттейді.</p>
<p>4.4. Банк нұсқауларды, соның ішінде Карточка/оның Деректемелерін қолдану арқылы берілген нұсқауларды Қолданыстағы заңнамамен белгіленген мерзім мен тәртіпте орындайды.</p>
<p>4.5. Қолданыстағы заңнама, Шарт, Банктің ішкі құжаттары, Банк пен Клиент арасында бекітілген өзге де шарттармен қарастырылған жағдайларда Банк Клиенттің нұсқауларын, соның ішінде Ақшаны төлеу/аударуды жүзеге асырумен байланысты тапсырмаларды орындамауға құқылы болады. Сонымен бірге, Банк айқын емес нұсқаулардан, толтырылмаған немесе Клиенттің атынан қол қойылмаған немесе Қолданыстағы заңнамамен қарастырылған мәліметтерден тұрмайтын, қарындашпен толтырылған, түзетулер енгізілген төлем құжаттарын, сондай-ақ Қолданыстағы заңнаманы бұзатын операциялар жүргізу туралы нұсқауларды қабылдамайды. Мұндай төлем құжаттарын Банк Клиентке Қолданыстағы заңнамамен қарастырылған процедураларды сақтай отырып қайтарады.</p>
<p>4.6. Қолданыстағы заңнама мен Банктің ішкі құжаттарымен өзге түрі қарастырылмаса, барлық төлемдер және/немесе Ақша аударымдарды Банк Клиентпен анықталатын банктік операцияны жүзеге асыруға қажетті уақытты есепке алумен және кезектілікті сақтай отырып жүзеге асырылады.</p>
<p>4.7. Клиенттің кез келген нұсқаулары, соның ішінде салықтар мен бюджетке төленетін өзге де міндетті төлемдерді төлеу жөніндегі нұсқаулары тек қана Операциялық күннің ішінде қабылданады. Клиенттің Операциялық күнді жабу процесінде немесе Операциялық күн жабылғаннан кейін жасаған нұсқауларын Банк келесі Операциялық күні орындауға қабылдайды.</p>
<p>4.8. Жазбаша нұсқауларда Клиент валюталау күнін көрсете алады. Банктің аталған жазбаша нұсқауларды орындауымен байланысты құқықтары мен міндеттері Шарт, Қолданыстағы заңнама және Банктің ішкі құжаттарымен реттеледі.</p>
<p>4.9. Клиенттің нұсқауды кері қайтаруы және нұсқауды орындауды кідіртуі Қолданыстағы заңнамамен белгіленген тәртіп пен мерзімдерде жүргізіледі.</p>
<p>4.10. Карт-шоттағы Ақша қамауға алынған немесе Қолданыстағы заңнамаға сәйкес Карт-шот бойынша шығыс операциялары уақытша тоқтатылған немесе Банк Клиенттің/Өкілдің/Қосымша карточка ұстаушысының терроризм мен экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне енгізілуі туралы ақпарат алған жағдайларда, Банк Қолданыстағы заңнамамен қарастырылған тәртіпте Карт-шот бойынша тиісті операцияларды жүргізуді уақытша кідіртеді. Банк Карт-шот бойынша операцияларды Қолданыстағы заңнамамен қарастырылған жағдайлар мен сонда қарастырылған тәртіпті сақтау арқылы қалпына келтіреді.</p>

4.11. Ұсынылған барлық нұсқауларды жүзеге асыру үшін Ақша жеткілікті болған жағдайда, мұндай нұсқаулар егер Қолданыстағы заңнамамен басқа кезектілік қарастырылмаса, олардың түсу тәртібіне қарай орындалады. Клиентке қойылған кезекті талапты қанағаттандыру үшін Клиенттің Ақшасы жеткіліксіз болатын жағдайда, Банк олардың сомасы Қолданыстағы заңнамамен қарастырылған жағдайларды қоспағанда аталған талапты қанағаттандыруға жеткілікті болатын Клиенттің пайдасына түсетін Ақшаны жинақтайды. Клиентке бірнеше талап қойылатын жағдайда, Банк Клиенттің Ақшаны шығарып алуды Қолданыстағы заңнамамен қарастырылған кезектілікпен жүзеге асырады.
4.12. Қолданыстағы заңнама мен Шартпен тікелей қарастырылған жағдайларды қоспағанда, Карт-шоттан Ақшаны шығарып алу Клиенттің келісімі негізінде іске асырылады.
4.13. Үшінші тұлғалардың төлем құжаттары Қолданыстағы заңнамамен қарастырылған негіздемелер бойынша Клиенттің келісімінсіз орындауға қабылданады және орындалады.
4.14. Қолданыстағы заңнама талаптарын сақтай отырып, Банк пен Клиенттің арасында банктік шотты тікелей дебеттеу туралы шарт қосымша бекітілген және/немесе үшінші тұлғаның талабы Клиент пен кредитор немесе кепілгер болып саналатын Бенефициардың арасында жасалған Карт-шоттан Ақшаны ақцептісіз тәртіпте өндіріп алу мүмкіндігін қарастыратын қолданыстағы шартқа негізделген жағдайларда, Карт-шоттан Ақшаны шығарып алу үшін Клиенттің қосымша келісімі және оған қосымша хабарлау талап етілмейді.
4.15. Егер өзге түрі Қолданыстағы заңнамада қарастырылмаса, Банк кез келген уақытта Клиент тарапынан кез келген нысандағы қосымша келісімсіз немесе Клиентке хабарлаусыз Карт-шоттан немесе Клиенттің Банктегі өзге де банктік шоттарынан Банкпен жасалған кез келген шарт, соның ішінде онда осындай құқық қарастырылған банктік қарыз шарты (кредит лимитін ұсыну туралы) негізінде, сондай-ақ бұл Банктің Карт-шот бойынша түзету жасайтын жазбалары үшін қажет болатын жағдайларда (Карт-шотқа қате енгізілген Ақша, Карт-шоттан Ақшаны қате шығарып алу, соның ішінде электрондық құрылғыны пайдалану арқылы және т.б.) Банкке тиесілі барлық немесе кез келген соманы, сондай-ақ Берешек сомасын дебеттеуге/Карт-шоттан шығарып алуға құқылы. Бұл жағдайда Банкпен Карт-шоттан немесе Клиенттің Банктегі кез келген банктік шоттарынан Берешекті өтеу ретінде шығарып алынған барлық сома Қолданыстағы заңнама немесе тиісті шартпен қарастырылған кезектілікте осындай берешекті өтеу үшін жіберіледі.
4.16. Шарттың 1-бабында көрсетілгендей, Шартқа қосыла отырып, Клиент Банкке Карт-шотты Клиентке алдын ала хабарлау немесе оның келісімінсіз дебеттеу арқылы электронды құрылғыны пайдаланумен Карт-шоттан Ақшаны қате берілу немесе Карт-шотқа Ақшаны қате аударылу (қате рұқсатсыз төлем және/немесе Ақша аударымы бойынша, жасанды төлем құжаты негізіндегі Ақша аударымы бойынша) айғағы анықталған жағдайда, Ақшаны қайтаруға өзінің жазбаша келісімін береді. Бұл ретте Банк Ақшаны қате есепке алынуы бойынша онда Ақшаны қайтару тиіс Ақшаны алушының деректемелерін анықтағанға дейін қате есепке алынған Ақшаның шегінде Клиенттің нұсқауларын орындаудан бас тартуға құқылы. Аталған жағдайда, Банктің кінәсі бойынша қате жүргізілген есептерді қоспағанда, Банк Ақшаны осылай қайтару немесе осы тармаққа сәйкес Клиенттің нұсқауын орындаудан бас тарту нәтижесінде туындаған шығындар үшін жауапкершілік алмайды.
4.17. Өзге түрі Шарттың мәтіні бойынша қарастырылмаса, Карточкалық операциялар Рұқсатсыз операциялардан қорғайтын тәртіпті сақтаумен, сонымен бірге төмендегі жағдайлардың бірінің орындалуы жағдайында Клиентпен жүргізілген болып саналады:
4.17.1. ПИН-код дұрыс енгізілген жағдайда- ПИН-код енгізу қажет болса;
4.17.2. Карточканың Деректемелері (Карточка ұстаушысының деректері, Карточканың әрекет ету мерзімі, нөмірі), CVV2/CVC2/CVN2-коды, 3D Secure құпия сөзі, дұрыс көрсетілген жағдайда – Карточканы нақты ұсынусыз (Интернет желісінде) оларды көрсету қажет болатын жағдайда.
4.17.3. Карточканың Деректемелері (Карточка ұстаушысының деректері, Карточканың әрекет ету мерзімі, нөмірі), CVV2/CVC2/CVN2-коды дұрыс көрсетілген жағдайда – Карточканы нақты ұсынусыз (телефон/пошта және т.б. арқылы тапсырыс) оларды көрсету қажет болатын жағдайда.
4.18. Қолданыстағы заңнама мен Төлем жүйелері ережелеріне сәйкес Байланыссыз карточкаларды қолдану арқылы 5000 (бес мың) теңгеден жоғары сомадағы Карточкалық операцияларға қатысты Клиент дауласа алмайды.
4.19. Карточканы пайдалану арқылы жүзеге асырылған төлем төлемді жүзеге асыру барысында Карточка оқшауланбайтын, оның әрекет ету мерзімі басталған немесе аяқталмаған және Карточка Шартқа сәйкес төлемді жүзеге асыру үшін қолданылған жағдайларда рұқсат етілген болып саналады. Карточка операцияның рұқсат етілуін бұза отырып қолданылған жағдайда, сонымен бірге жалған Карточканы пайдалану арқылы жүргізілген операция рұқсат етілмеген операцияға жатады.
4.20. Қосымша карточканы пайдалану арқылы құрылған барлық нұсқаулар Клиентпен берілген нұсқаулар болып есептеледі. Клиент болып табылмайтын Қосымша карточка ұстаушысы Клиентпен Қосымша карточканы қолдану арқылы Клиенттің Карт-шотын басқаруға уәкілеттендірілген тұлға болып табылатындықтан, Клиенттің Қосымша карточканы қолдану арқылы Клиент болып табылмайтын Қосымша карточка ұстаушысымен жасалған Карточкалық операцияларға қатысты дауласуға құқығы жоқ. Мұндай жағдайда Клиент пен Клиент болып табылмайтын Қосымша карточка ұстаушысының арасындағы барлық даулар Банктің қатысуынсыз шешіледі.
5. КАРТ-ШОТҚА ҚОЛМА-ҚОЛ АҚШАНЫ ҚАБЫЛДАУ, КАРТ-ШОТТАН ҚОЛМА-ҚОЛ АҚШАНЫ БЕРУ, КАРТОЧКАНЫ ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ АҚША АУДАРЫМДАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ
5.1. Қолма-қол Ақшаны қабылдау (Ақшаны Карт-шотқа есепке алу), Қолма-қол Ақшаны беруден (Карт-шоттан) тұратын операциялар Банкпен Қолданыстағы заңнама, Банктің ішкі құжаттарымен белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.
5.2. Банк Карт-шотты оларды қабылдау, банкноттарды парақтап қайта санау, ал тиындарды саптыаяқтар бойынша қайта санау (Қолма-қол Ақшаны касса арқылы қабылдау жағдайында) аяқталғаннан кейін нақты қабылданған Қолма-қол Ақша сомасына кредиттейді.
5.3. Карт-шотқа Қолма-қол Ақшаны (касса арқылы қабылданған) есепке алу операциялары Қолданыстағы заңнамамен белгіленген тәртіп пен мерзімдерде және осындай операциялар Қолданыстағы заңнамаға сәйкес келетін және Клиент Қолданыстағы заңнамамен қарастырылған құжаттарды ұсынған жағдайларда жүзеге асырылады.
5.4. 3 000 000 (үш миллион) теңгеден немесе операцияны жүзеге асыратын күндегі жағдай бойынша Банктің сатып алу/сату бағамы бойынша өзге валютадағы ұқсас сомандан асатын сомадағы Қолма-қол Ақша касса арқылы шығарылған жағдайда, егер басқа мерзімдер Клиентпен Шартпен белгіленген тәртіпте хабарланбаған болса, Клиент осындай операцияны жүргізуден 1 (бір) Жұмыс күні бұрын бұл туралы Банкке алдын ала хабарлауға міндетті болады. Осы тармақтың ережелеріне қарамастан, Банк өзінің қалауы бойынша Клиент Банкке осындай операцияның жүргізілуі туралы хабарлаған күні Карт-шоттан қолма-қол Ақшаны беруді жүзеге асыра алады.
5.5. Карточканы қолма-қол Ақша алу үшін пайдалану:
5.5.1. Карточка ұстаушысының Карточка бойынша қолма-қол Ақшаны алуы тиісті Төлем жүйесінің мүшелері болып саналатын банктердің қолма-қол Ақшаны беру орындарында немесе Шартпен қарастырылған тәртіпте белгіленген Карточка операциялар жүргізу бойынша лимиттер/шектеулерді ескере отырып, Банкоматтың көмегімен жүргізіледі;
5.5.2. Карточка ұстаушысының Банктің қызмет көрсету желісінде Банкоматты пайдалана отырып, Карточка бойынша қолма-қол Ақша

алуы Қолданыстағы заңнамамен белгіленген тәртіпте тәулік бойы жүзеге асырылады. Карточка ұстаушысының басқа банктердің қызмет көрсету желісінде Карточка бойынша қолма-қол Ақша алуы (соның ішінде Банкоматты қолданумен) осындай банкпен, тиісті Төлем жүйесінің ережелерімен, қолданылатын заңнамамен белгіленген тәртіпте, аталған банктердің операциялық жұмыс уақыттарында жүзеге асырылады. Бұл ретте Клиенттің Банкоматқа қолжетімділігі онда Банкомат орналастырылған ғимарат/үй-жайдың жұмыс ережелеріне сәйкес оған еркін қолжетімділік ұсынылатын уақыттарда ұсынылады.
5.6. Банкомат/Терминалдың көмегі арқылы Карточканы пайдалана отырып, Карт-шотқа қолма-қол Ақша енгізу үшін пайдалану Клиентпен арнайы ақша белгісін қабылдағышы бар Банкоматтар/Терминалдарда жүргізіледі.
5.7. Қолма-қол ақшаны Карт-шотқа Карточканы пайдалану арқылы Банкоматтың/Терминалдың көмегімен енгізу жағдайында, операция Нұр-Сұлтан қ. уақытымен 21:00-ге дейін жүргізілген болса, Ақшаны Карт-шотқа есепке алу Ақша енгізу операциясы жасалған күні жүргізіледі. Қолма-қол ақшаны Банкомат/Терминал арқылы енгізу операциясы Нұр-Сұлтан қ. уақытымен сағат 21:00-ден кейін жүргізілген болса, Ақша Карт-шотқа келесі Операциялық күні есепке алынады.
5.8. Банк Банкомат/Терминалдың көмегімен Карт-шотқа қолма-қол Ақша енгізу жиілігі мен операция сомасына лимит/шектеу белгілеуге құқылы болады.
5.9. Банкомат/Терминалдың қолдану арқылы Ақша аударымдарын жасау үшін Visa International, Master Card Worldwide, UnionPay International Төлем жүйелерінің Карточкасын пайдалану Карточканы пайдалану ережелеріне сәйкес іске асырылады.
5.10. Ақша аударымын жасау бойынша комиссиялық сыйақы Карт-шоттан операцияны жасау кезіндегі Тарифтерге сәйкес алынады.
5.11. Банк Банкомат/Терминалдың қолдану арқылы Visa International, Master Card Worldwide, UnionPay International Төлем жүйелерінің Карточкасын пайдаланумен жасалатын Ақша аударымдарының сомалары мен санына қарай лимиттер/шектеулер белгілейді. Жасалатын Ақша аударымдарының сомалары мен санына қарай лимиттер/шектеулер Банктің ішкі құжаттарына және тиісті Төлем жүйелері ережелерінің талаптарына сәйкес өзгертіледі.
5.12. Visa International, MasterCard Worldwide, UnionPay International Төлем жүйелерінің төлем карточкаларын пайдалану арқылы басқа банктердің Ақша аударымдары арқылы келіп түскен Ақшаны Карт-шотқа есепке алу тек тегін аударымдар бойынша ғана болуы мүмкін.
5.13. Visa International, MasterCard Worldwide, UnionPay International Төлем жүйелерінің төлем карточкаларын пайдалану арқылы басқа банктердің Ақша аударымдары арқылы келіп түскен Ақшаны Карт-шотқа есепке алу бойынша комиссиялық сыйақы Ақшаны Карт-шотқа нақты есепке алу уақытында қолданыста болатын Тарифтерге сәйкес алынады.
5.14. Банк төмендегі жағдайларда Visa International, MasterCard Worldwide, UnionPay International Төлем жүйелерінің төлем карточкаларын пайдалану арқылы басқа банктердің Ақша аударымдары арқылы келіп түскен Ақшаны Карт-шотқа есепке алудан бас тартуға құқылы болады:
5.14.1. Қолданыстағы заңнама және/немесе Банктің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес;
5.14.2. Visa International, MasterCard Worldwide, UnionPay International Төлем жүйесінің төлем карточкаларын пайдалану арқылы Ақша аударымдарын жүзеге асыру барысында белгіленген лимиттер/шектеулерді арттыру;
5.15. Visa International, MasterCard Worldwide, UnionPay International Төлем жүйесінің төлем карточкаларын пайдалану арқылы басқа банктерден келіп түскен Ақша аударымдары туралы ақпарат Қолданыстағы заңнаманың талаптарына сәйкес олардың талап етуі бойынша Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары және/немесе Ұлттық банкіне ұсынылуы мүмкін.
5.16. Visa International, MasterCard Worldwide, UnionPay International Төлем жүйесінің талаптарына сәйкес аталған Төлем жүйелерінің төлем карточкаларын пайдалану арқылы Клиенттің Карт-шотына түскен Ақша («P2P» аударымы) аударым ресімделген күннен бастап 24 (жиырма төрт) сағаттың ішінде Клиенттің Карт-шотында көрсетілуі тиіс. Бұл ретте, Клиент Банктің осы аударым бойынша Төлем жүйесінен тиісті төлем құжатын алуына дейін осы аударым аясында ақша сомасын пайдаланудың Банк тарапынан тиісті мөлшерде тұрақсыздық айыбын есептеу арқылы Рұқсатсыз Овердрафтқа әкеп соқтыратындығымен келіседі. Банк Төлем жүйесінен тиісті төлем құжатын алғанға дейін осы Ақшаны пайдалану арқылы Клиент Рұқсатсыз Овердрафтты болдырмау үшін жауапкершілік алады және Банкке сол айда осы Рұқсатсыз Овердрафт орын алған айдың қорытындылары бойынша есептелген тұрақсыздық айыбы сомасын төлеу бөлігінде наразылық білдірмейді.
6. КАРТ-ШОТ БОЙЫНША ВАЛЮТАЛЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАР ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІ
6.1. Карт-шот бойынша валюталық операцияларға жататын төлемдер және/немесе Ақша аударымдары Қолданыстағы заңнаманың талаптарын ескере отырып, жүзеге асырылады.
6.2. Клиент Қолданыстағы заңнама және/немесе шетел мемлекетінің заңнамасымен шетел валютасына қатысты белгіленген, валюталық бақылау немесе валюталық шектеулер, сонымен бірге Карт-шоттағы Ақшаға қатысты таратылатын салықтар немесе бюджетке төленетін міндетті төлемдерді қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей осындай шектеулерге байланысты немесе оларды қолдану арқылы жүргізілетін операцияларға байланысты туындауы мүмкін шетел валютасында Карт-шот ашу және жүргізумен байланысты тәуекелді өзіне қабылдайды.
6.3. Қазақстан Республикасы резиденттерінің арасында шетел валютасында есеп айырысулар жүргізуге тыйым салуды қоса алғанда, бірақ мұнымен шектелмей (Қолданыстағы заңнамамен қарастырылған жағдайларды қоспағанда), шетел валютасымен барлық операциялар Қолданыстағы заңнама, Банктің ішкі құжаттарымен белгіленген тәртіпте жүргізіледі.
6.4. Шарттың 1-бабында қарастырылғандай, Шартқа қосылу арқылы Клиент Қолданыстағы заңнама талаптарын бұзу бойынша жауапкершілік, Банктің валюталық агент қызметтерін жүзеге асыру, Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдарына, шетелдік салық органдары мен шетелдік салық агенттеріне Қолданыстағы заңнама мен халықаралық келісімдермен белгіленген ақпаратты ұсынуына қатысты міндеттері туралы, сондай-ақ Банктің құқық қорғау органдары мен уәкілетті мемлекеттік органдарға Клиенттің Қолданыстағы заңнама талаптарын бұзғандығы туралы хабарлайтындығы туралы хабардар екендігін растайды.
7. АЙЫРБАСТАУ ҚЫЗМЕТТЕРІ (АЙЫРБАСТАУ ОПЕРАЦИЯЛАРЫ)
7.1. Конверсиялық (айырбастау) операциялар жүргізу бойынша Клиент Қолданыстағы заңнаманы сақтауы тиіс.
7.2. Банкте Клиенттің айырбастауға қатысатын валюталарда ашылған банктік шоттары болатын болса, Клиент өз қалауымен Банкті Карт-шоттан алынған Ақшаны бір валютадан екінші валютаға айырбастауға уәкілеттендіруге құқылы болады. Тиісті нұсқау беру арқылы Клиент Банкті Карт-шоттан айырбасталуы тиіс соманы Клиент тарапынан қосымша келісім мен өкілеттісіз алуға уәкілетті етеді (есептен шығару тікелей дебеттеу арқылы және (немесе) басқа да тыйым салынбаған әдіспен жүргізіледі).
7.3. Клиент Банкті Шарттың негізінде және Клиент тарапынан қосымша келісім мен өкілеттісіз Клиенттің пайдасына түсетін Ақшаны Карт-шоттың валютасына айырбастауға уәкілеттендіреді. Клиент Карт-шотта оларды Банк бірнеше валютада есепке алатын қалдықтар болатын және таңдалған валютада осы операцияны жүргізу үшін қаражат жеткіліксіз болатын уақытта операцияға бастамшы болатын болса, Банк Клиентке қандай да бір қосымша хабарлаусыз осындай қалдықтардан басқа валюталарда автоматты түрде айырбастау жүргізеді. Клиент аталған әрекетпен сөзсіз келіседі және Банкке ешқандай шағым білдірмейді.
7.4. Банк Қолданыстағы заңнамаға сәйкес келесі айырбастау операцияларын жүзеге асырады:

7.4.1. шетел валютасынан теңгеге;
7.4.2. теңгеден шетел валютасына;
7.4.3. шетел валютасынан басқа шетел валютасына.
7.5. Шарттың аясында Банк бір Карт-шот ашқан жағдайда, Карт-шоттың валютасынан өзге валютада төем жүргізу және (немесе) Ақша аудару жағдайында төлем және (немесе) АҚша аударымының сомасы Карт-шот валютасына айырбасталады:
7.5.1. төлем және (немесе) АҚша аударымын жүргізу кезінде (Картчканы немесе оның деректемелерін пайдалану арқылы) – Банк Ақша сомасын Карт-шоттан есептен шығаратын уақытта белгілеген бағам бойынша;
7.5.2. Ақшаны Карт-шотқа есепке алу жағдайында (Картчканы немесе оның деректемелерін пайдалану арқылы) – Банк Ақшаны Карт-шотқа есепке алатын уақытта белгілеген бағам бойынша;
7.6. Олар бойынша айырбастау операциялары жүзеге асырылатын валюталардың тізімін Банк өз бетінше белгілейді және оны өзінің таңдауы бойынша өзгерте алады.
7.7. Шартпен өзге түрі қарастырылмаса, айырбастау операциялары Тарифтерге сәйкес комиссиялық сыйақы ұстап қалу арқылы жүзеге асырылады.
7.8. Төлем жүйесінің Банкке жүргізілген операциялар бойынша растаушы құжаттарды беру тәртібі және мерзімдері, соның ішінде Төлем жүйесінің Картчкылық операция валютасын есеп айырысулар валютасына айырбастау тәртібі тиісті Төлем жүйесінің ережелерімен белгіленеді. Бұл жағдайда Банк Клиенттің алдында Төлем жүйесінің Картчкылық операция валютасын есеп айырысулар валютасына айырбастау бойынша іс-әрекеттері үшін, соның ішінде Картчкылық операция бойынша есеп айырысулар валютасының Қуаттау валютасынан айырмашылығы үшін жауапкершілік алмайды.
8. ШАРТТЫҢ ЕРЕКШЕ ЖАҒДАЙЛАРЫ
8.1. Банктің қалауы бойынша Клиентке Шартпен қарастырылған тәртіпте комиссиялық сыйақы төлеумен немесе Банктің қосымша қызметтер ұсынуымен байланысты туындаған шығындарын өтеумен бірге тұрақты түрде немесе уақытша негізде Шарттың аясында қосымша қызметтер ұсынылуы мүмкін.
8.2. Шарт/Қосылу туралы өтініш/Өтініште өзге түрі қарастырылмаса, Қосымша қызметтер Банк Қосылу туралы өтініште/Өтініште белгі қойғаннан кейін көрсетіледі.
8.3. Қосымша қызметтер Қосылу туралы өтініш/Өтініш, Шарт немесе Қолданыстағы заңнамада көрсетілген жағдайларда ұсынылады.
9. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ
9.1. Клиент құқылы:
9.1.1. Қолданыстағы заңнама және Шартпен қарастырылған тәртіп пен әдістер бойынша Карт-шоттағы Ақшаны басқаруға;
9.1.2. Карт-шоттағы Ақша қалдығының сомасы туралы ақпарат, Карт-шоттағы Ақша қалдығы туралы Үзінділер, анықтамалар алуға;
9.1.3. Банктің Шартты жасау уақытында қолданыста болған, сонымен бірге оны жасағаннан кейін туындаған, Тарифтерге сәйкес Банк қызметтері пакетінің аясында Клиент үшін қолжетімді болатын барлық қызметтерін пайдалануға;
9.1.4. Шартпен белгіленген талаптарды ескере отырып, Қолданыстағы заңнамаға сәйкес Картчканы қолданусыз Ақшаны мұраға қалдыру және Карт-шотты және/немесе ондағы Ақшаны басқаруды үшінші тұлғаларға сенім тапсыруға;
9.1.5. Қолданыстағы заңнама және Шартпен белгіленген тәртіп пен жағдайларда Ақшаны талап етуге және Картчкылық операциялар жүргізуге;
9.1.6. Карт-шот бойынша Ақша сомаларын өзінің Банкте ашылған банктік шоттарына қолма-қол ақшасыз тәртіпте айырбастау (конверсия) үшін Банкке нұсқаулар беруге;
9.1.7. Банктің Карт-шот бойынша жүргізілген операциялардың негізділігін растаушы құжаттарды ұсынуын талап етуге;
9.1.8. Картчканы Шартқа сәйкес пайдалануға;
9.1.9. Шартпен қарастырылған тәртіпте Картчканы оқшаулау немесе Картчканы оқшаулаудан босату туралы талаппен Банкке хабарласуға;
9.1.10. Банкке Банктің талаптарына сәйкес ресімделетін Қосымша картчкылар шығару және/немесе Қосымша картчкылардың күшін жою туралы (соның ішінде Картчканың әрекет ету мерзімі аяқталғанға дейін) тиісті Өтініштер ұсынуға;
9.1.11. Картчканы қайта шығару үшін Банкке хабарласуға;
9.1.12. Банкке даулы Картчкылық операция бойынша шағым жіберуге;
9.1.13. Төмендегі әдістермен Картчкы бойынша Картчкылық операцияларды жүзеге асыруға, соның ішінде Картчкы немесе оның Деректемелерін пайдалану арқылы жүргізілуі мүмкін Картчкылық операциялардың түрлеріне және белгілі бір кезең ішінде Картчкы бойынша пайдалануға қолжетімді ең жоғары сомаға Шартпен қарастырылған лимиттер/шектеулер белгілеу, сондай-ақ бұрын белгіленген лимиттер/шектеулерді өзгертуге немесе олардан бас тартуға:
9.1.13.1. тиісті жазбаша Өтінішпен Банкке хабарласуға;
9.1.13.2. Банктің Клиентті Банктің ішкі ережелеріне сәйкес негізгі белгілерін растауы арқылы міндетті түрде сәйкестендіруі бойынша телефон арқылы Байланыс орталығына хабарласуға. Бұл ретте аталған өзгертулер Клиентті Клиентпен анықталған мерзімге сәйкестендіргеннен кейін, бірақ 14 (он төрт) күнтізбелік күннен аспайтын мерзімге сәйкестендіреді: Клиент өзгертулердің әрекет ету мерзімін көрсетпеген жағдайда – Клиентті сәйкестендірген уақыттан бастап сәйкестендіру күні Нұр-Сұлтан қ. уақыты бойынша сағат 24:00 дейін.
Клиенттің Банкпен телефон арқылы қабылданған лимиттер/шектеулер белгілеу, бұрын белгіленген лимит/шектеулерді өзгерту немесе олардан бас тарту туралы нұсқаулары Клиент сәйкестендірілгеннен кейін Клиенттің Банкпен қағаз таратқышта қабылданған, Клиенттің қолымен куәландырылған жазбаша нұсқауларына тең болып есептеледі.
9.1.14. Банкке Өтініш беру және http://www.atf24.kz сілтемесі бойынша Банктің интернет-сайты арқылы тіркеуден өту арқылы Рұқсатсыз операциялардан қосымша қорғау мақсатында Интернет желісінде төлемдер жүргізу үшін статикалық 3D Secure құпия сөзін қуаттауға;
9.1.15. Шартпен белгіленген өзге де құқықтарды іске асыруға.
9.2. Клиент міндетті:
9.2.1. Банкке Ақша төлемі/аударымын (шарттар, келісімшарт, келісімдер және/немесе басқа да мәмілелер мен құжаттардың көшірмелері) жүргізу негізділігін растау мақсатын қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей, сонымен қатар Банктің Банкте қолданылатын және/немесе Қолданыстағы заңнамамен белгіленген тиісті тексеру жүргізу бойынша қажетті процедуралардың немесе осыған ұқсас өзге де процедуралардың талаптарын жүзеге асыру мен сақтауға мүмкіндігі болуы үшін Карт-шот ашу және ол бойынша операциялар жүргізу, Картчкы шығару және ол бойынша қызмет көрсетуге қажетті шынайы ақпарат пен құжаттарды Банкпен белгіленген мерзімдерде Қолданыстағы заңнама, Шарт, Банктің ішкі құжаттарымен қарастырылған көлемде ұсынуға;

9.2.2. Карт-шот бойынша операцияларды жүзеге асыру үшін Банкке Қолданыстағы заңнама талаптарын, сонымен қатар Банктің ішкі құжаттары мен Шартпен анықталған талаптарды ескере отырып ресімделген нұсқаулар беруге;
9.2.3. Банк филиалдарынан (құрылымдық бөлімшелерінен), сонымен бірге Банктің Веб-сайтынан немесе Байланыс орталығына хабарласу арқылы Банктің Карточкалық операциялар жүргізу бойынша лимиттер/шектеулер белгілеуі, өзгертуі немесе алып тастауы туралы өз бетінше білуге;
9.2.4. Карточка оқшауланбаған болса, Негізгі карточканы, сонымен қатар Қосымша карточканы пайдалану арқылы жүргізілген Карточкалық операциялар бойынша барлық шығындарды (шығыстарды) толық көлемде көтеруге;
9.2.5. Карт-шоттан Ақшаның жұмсалуды бақылау, Рұқсатсыз Овердрафт, Рұқсатсыз операцияға жол бермеуге;
9.2.6. Берешекті ол қалыптасқан күні дер кезінде өтеуге;
9.2.7. Банкке Карточканың жоғалуы, оны уәкілетсіз тұлғаның ұрлауы және/немесе қолдануы туралы дереу хабарлауға (Карточканы оқшаулау туралы ауызша (телефон арқылы) немесе жазбаша талаппен);
9.2.8. Банктен тиісті жазбаша хабарлама алған жағдайда Карточкалық операциялар жүргізуді тоқтату және Банк хабарламасын алған күннен бастап 10 (он) Жұмыс күнінің ішінде Банкке барлық шығарылған Карточкаларды қайтаруға;
9.2.9. Карточка ұстаушысының кінәсінен Банкте туындаған барлық шығындарды Банкке өтеп беруге;
9.2.10. Қате төлем және/немесе Ақша аударымы, Рұқсатсыз операция нәтижесінде Карт-шотқа Клиентке тиесілі емес Ақша есепке алынған жағдайда, Банктің қате төлем және/немесе Ақша аударымы, Рұқсатсыз операция нәтижесінде Карт-шотқа есепке алынған/түскен Ақшаны қайтару қажеттілігі туралы жазбаша хабарламасын алған күннен бастап 5 (бес) Жұмыс күнінің ішінде Банкке сондай-ақ Банкоматты қолдану арқылы Карточка ұстаушысымен сұратылған және Банкоматтың түбіртегінде көрсетілген сомалармен қоса қате есепке алынған сомаларды қайтарып беруге (осындай қате есепке алу/алу себебіне байланыссыз);
9.2.11. Карточканы алаяқтық қауіпі жоғары Елде пайдаланғаннан кейін Карточканы оқшаулау және жаңа нөмір мен жаңа ПИН-кодты Карточканы қайта шығару үшін Банкке хабарласуға;
9.2.12. Клиент болып табылмайтын Қосымша карточка ұстаушысын Шарт, Қосымша карточкаға қызмет көрсету бөлігінде Карточканы пайдалану және Карт-шот бойынша операциялар жүргізу ережелерімен таныстыруға, сонымен бірге Клиент болып табылмайтын Қосымша карточка ұстаушысының Шарт, Карточканы пайдалану ережелері, Банктің ішкі құжаттарының талаптарын орындауы бойынша толық көлемде жауапкершілік көтеруге, соның ішінде Клиент болып табылмайтын Қосымша карточка ұстаушысымен жасалатын шығындар және Клиент болып табылмайтын Қосымша карточка ұстаушысының Карточканы Шарт пен Карточканы пайдалану ережелеріне сәйкес пайдалануы бойынша толық қаржылық жауапкершілік алуға;
9.2.13. Клиенттің Карточкалық операциялар бойынша негізсіз шағымдар жасағаны үшін Клиентпен Төлем жүйесіне төленуі тиіс айыппұлдарды төлеуге;
9.2.14. Банкке төмендегі барлық жағдайлар туралы Шартта көрсетілген әдістер мен тәртіп бойынша дереу хабарлауға:
9.2.14.1. Банкке ұсынылған құжаттарда көрсетілген тұрғылықты мекенжайы, байланыс телефоны, электронды мекенжайы (e-mail) және өзге де мәліметтердің өзгергендігі, Карточка ұстаушысының жеке басын куәландыратын құжаттардың жоғалуы, ұрлануы туралы;
9.2.14.2. тегінің (атының) өзгеруі, мұндай өзгерістерді растайтын құжаттардың түпнұсқаларын ұсынумен бірге Карточка ұстаушысының жеке басын куәландыратын құжаттардың ауысқандығы туралы: кез келген өзгерістер Банк Хабарламалар мен тиісті растаушы құжаттарды қабылдағаннан кейін ғана Банк үшін жарамды болып саналады;
9.2.14.3. сенімхат беру және мұндай тұлғалар ауыстырылған жағдайда немесе олардың өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайларда, растаушы құжаттарды ұсыну арқылы үшінші тұлғаларға Карт-шот бойынша операциялар жүргізу (Карточканы пайдаланусыз) құқығын ұсынуға.
9.2.15. Қолданыстағы заңнама талаптарын, соның ішінде Ақша төлемі/аударымын жүзеге асыру, кассалық операциялар жүргізу, Карточкаларға қызмет көрсету бөлігіндегі талаптарын, сондай-ақ Банкпен белгіленген Карт-шотқа қызмет көрсету бойынша талаптарды сақтауға;
9.2.16. Тарифтерге сәйкес Шартпен қарастырылған тәртіпте, соның ішінде Карт-шотта жүргізілетін операция бойынша комиссиялық сыйақыны төлеу үшін талап етілетін соманың болуын қамтамасыз ету арқылы Банк қызметтері үшін төлем жасауға;
9.2.17. Банктің тиісті талабын алған күннен бастап 3 (үш) Жұмыс күнінің ішінде олар Шарттың аясында Банктің тиісті түрде қызметтер көрсетуі үшін талап етілетін жағдайда, Банкке нақты шығындар көлемінде басқа банктердің комиссияларын (соның ішінде шетелдік банктердің), жүкқұжат шығындарын, соның ішінде пошта-телеграфтық шығындарды, шетел тіліне/н аудару бойынша қызметтерді, анықтау шығындарын, нотариалдық қызметтерге кеткен шығындар мен басқа да шығындарды өтеп беруге;
9.2.18. Банк филиалдарынан (құрылымдық бөлімшелерінен), Байланыс орталығының телефондары бойынша, сондай-ақ Банктің Веб-сайты арқылы Тарифтердің өзгергендігі туралы өз бетімен біліп отыруға;
9.2.19. Банк филиалдарынан (құрылымдық бөлімшелерінен), сондай-ақ Банктің Веб-сайты арқылы Шарт талаптарының өзгергендігі мен толықтырылғандығы туралы өздігінен біліп отыруға;
9.2.20. Банктің өз беделін сақтауға деген ұмтылысын және Банктің заңсыз/қылмыстық жолмен алынған Ақшаны заңдастыру бойынша күресудің халықаралық стандарттарын ұстану саясатын құрметтеу, сонымен бірге қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау. Карт-шотқа (шоттан) қомақты соманы (қомақты көлемді Банк өзі анықтайды) енгізу/есепке алу/аудару жағдайында, Банк тарапынан қосымша сұратулар жасалса, Банктің талап етуге құқығы бар, ал Клиент Банкке Банкпен белгіленген мерзімде Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Қолданыстағы заңнамаға сәйкес төлемді тиісті түрде тексеру, сонымен бірге клиентті сәйкестендіру үшін қажет болатын ақпарат пен растаушы құжаттарды ұсынуға міндетті болады. Көрсетілген құжаттар мен мәліметтер ұсынылмаған жағдайда, Банк тиісті тексеру жүргізу мүмкін емес деп есептейді және клиенттің нұсқауларын орындамауға және/немесе Шартты орындаудан біржақты соттан тыс тәртіпте бас тартуға және Клиентке онда орналастырылған Ақшаларды қайтарып беру арқылы Карт-шотты жабуға құқылы болады.
Сондай-ақ Банк егер мұндай бас тарту немесе тоқтату олардың ықпалы Банк пен Клиентке таралатын Қазақстан Республикасы уәкілетті органдарының талаптарына немесе кез келген елдің (мысалы OFAC1) немесе халықаралық ұйымның (БҰҰ2) қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей) юрисдикциясына сәйкес салынған шектеулерге сәйкес жүзеге асырылатын жағдайда, Клиенттің кез келген операцияны жүргізуден бас тартуға немесе тоқтатуға да құқылы болады. Бұл ретте Банк Клиенттің Нұсқауларын орындау мерзімінің кешіктірілуі немесе кідірілуі, Банктің жоғарыда көрсетілген шектеулерге байланысты нұсқауларды орындаудан бас тартуы немесе тоқтатуымен байланысты, сонымен қатар мұндай күмәндар расталмаған жағдайларда Клиенттің шығындары үшін ешқандай жауапкершілік алмайтын болады.
9.2.21. Банкпен алынған барлық ақпаратты, соның ішінде Хабарламалар мен Үзінділерді дереу тексеруге. Сонымен бірге Клиент Банктің Клиент нұсқауларын орындау дұрыстығын да тексеруге міндетті. Егер Клиент қандай да бір дәлсіздік, қате және/немесе толық емес орындалған міндеттеме, қате төлемдер және/немесе Ақша аударымдарын, рұқсат берілмеген операцияларды анықтайтын

жағдайда, ол бұл туралы Банкке дереу жазбаша нысанда хабарлауы тиіс;
9.2.22. Карточкалық операциялар бойынша барлық құжаттарды 3 (үш) жыл бойы сақтауға және оларды төмендегілерге ұсынуға міндетті:
9.2.22.1. даулы мәселелерді реттеу үшін оның талап етуі бойынша Банкке;
9.2.22.2. Ақшаны алу және/немесе оларды жұмсаудың негіздемесі ретінде салық және кеден органдарына, сонымен бірге өзге де уәкілетті мемлекеттік органдарға;
9.2.22.3. Қолданыстағы заңнамамен қарастырылған басқа да жағдайларда.
9.2.23. бұдан әрі ықтимал пайдалануды болдырмау үшін е-ПИН, ПИН-код және 3D Secure құпия сөзін үшінші тұлғаларға жарияламауға;
9.2.24. Шартта белгіленген басқа да міндеттерді орындауға;
9.3. Банк құқылы:
9.3.1. Шарттың әрекет ету мерзімінің ішінде өз қалауы бойынша Карт-шотта орналастырылған Ақшаны пайдалануға;
9.3.2. Қолданыстағы заңнама және/немесе Банктің ішкі құжаттарымен анықталған жағдайларда Клиентпен және/немесе Клиент болып табылмайтын Қосымша карточка ұстаушысымен іскерлік қарым-қатынастар орнатудан бас тартуға;
9.3.3. Клиент немесе оның Өкілі, Клиент болып табылмайтын Қосымша карточка ұстаушысынан Карт-шот ашуға/жабуға, ол бойынша операциялар жүргізуге, сондай-ақ Карточка шығару мен оған қызмет көрсетуге қажетті ақпарат пен құжаттарды талап етуге;
9.3.4. Клиенттің Ақшаны пайдалану бағыттарын анықтау және бақылау, Карт-шотты бақылауға алу және соның негізінде Карт-шоттағы Ақша кепіл мәні болып табылатын және Клиенттің Банк алдында міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ететін тиісті кепіл шартының талаптарына сәйкес Клиенттің Ақшаны еркін басқару құқықтарын шектеуге;
9.3.5. Қолданыстағы заңнама, Шарт, сонымен бірге Банк операцияларын жүргізудің жалпы талаптары туралы ережелерде (Банк операцияларын жүргізудің жалпы талаптары туралы ережелер Банктің Веб-сайтында орналастырылған) қарастырылған жағдайларда Клиенттің келісімінсіз Карт-шоттан Ақша шығарып алу;
9.3.6. Шартпен қарастырылған тәртіпте Тарифтерге сәйкес Карт-шоттан қызметтер көрсету бойынша комиссиялық сыйақы алуға, сонымен қатар Клиенттен Банктің Шартта қарастырылғандай Клиент нұсқауларын орындауымен байланысты барлық шығындарын өтеуді талап етуге;
9.3.7. Клиент нұсқауларын Қуаттаудан/орындаудан бас тартуға;
9.3.7.1. Қолданыстағы заңнамамен белгіленген жағдайларда, соның ішінде егер мұндай нұсқаулар мен ол бойынша ұсынылған құжаттар Қолданыстағы заңнама және (немесе) Банктің ішкі құжаттарының талаптарына, соның ішінде Банк операцияларын жүргізудің жалпы талаптары туралы ережелерге (Банк операцияларын жүргізудің жалпы талаптары туралы ережелер Банктің Веб-сайтында орналастырылған) қайшы келсе;
9.3.7.2. Банктің Клиентпен бекіткен шарттарына сәйкес міндеттемелерді орындау бойынша Клиентте Банктің алдында мерзімі кешіктірілген берешек туындаған жағдайда;
9.3.7.3. Тараптармен қол қойылған өзге де шарттар және/немесе құжатпен белгіленген жағдайларда;
9.3.7.4. Клиент Шарттың ережелерін бұзған жағдайда;
9.3.7.5. Клиент Банкпен ұсынылған банктік қарызды Банк пен Клиент арасында бекітілген тиісті банктік қарыз шартымен белгіленген мақсатына сәйкес пайдаланбаса;
9.3.7.6. Клиент Карт-шотта Тарифтерге сәйкес Банктің комиссиялық сыйақысын төлеуге қажетті Ақшаның болуын қамтамасыз етпесе;
9.3.7.7. нұсқауды орындау оларды белгілеу ықтималдығы Шартпен қарастырылған Банкпен және/немесе Клиентпен белгіленген лимиттер/шектеулердің артуына әкелетін болса;
9.3.7.8. Қуаттау туралы сұрату жасау уақытында Карточка оқшауланған, оның әрекет ету мерзімі басталмаған немесе аяқталған, ол талап етілетін жағдайда Рұқсатсыз операциялардан қорғау шараларының тәртібі сақталмаған жағдайларда;
9.3.7.9. Шартпен белгіленген өзге де жағдайларда.
9.3.8.өз қалауы бойынша, Клиенттің/Клиент болып табылмайтын Қосымша карточка ұстаушысының келісімінсіз Карт-шот ашуға және ол бойынша операциялар жүргізуге, Карточка шығару және қызмет көрсетуге қажетті құжаттардың тізбесіне өзгертулер енгізуге, соның ішінде Қолданыстағы заңнамада және (немесе) Банктің ішкі құжаттарында тікелей қарастырылған жағдайларда.
9.3.9. үшінші тұлғалардың қызметтерін пайдалану қажеттілігі Қолданыстағы заңнамамен тікелей белгіленбеген жағдайларды қоса алғанда (бірақ онымен шектелмей), өзінің міндеттемелерін және Клиенттің нұсқауларын орындау және Клиентке Шартқа сәйкес өзге де қызметтерді ұсыну барысында үшінші тұлғалардың қызметтерін пайдалануға;
9.3.10. Карточка ұстаушысымен көрсетілген пошталық және/немесе электронды мекенжай (e-mail), телефон нөмірі арқылы Карточка ұстаушысына Хабарламалар, хабарлар, құттықтаулар, соның ішінде жарнамалық сипатқа ие хат-хабарларды жіберуге;
9.3.11. Қазақстан Республикасының Қолданыстағы заңнамасы мен Шартпен қарастырылған жағдайлар мен тәртіпте Карт-шотты жабу және Карточканы шығарып алуға;
9.3.12. себептерін түсіндірместен Карт-шотты жабу және Карточканы шығарып алу арқылы Карточка ұстаушысымен іскерлік қарым-қатынастарды тоқтату, сондай-ақ Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Қолданыстағы заңнамамен қарастырылған негіздемелерге сәйкес Карт-шот бойынша операциялар жасау туралы нұсқауларды орындаудан бас тартуға;
9.3.13. Клиентке алдын ала хабарлау және оның қосымша келісімінсіз Шартпен қарастырылған тәртіпте Карт-шотты төмендегілердің сомасына дебеттеуге:
9.3.13.1. Карточка ұстаушысымен жүргізілген Карточкалық операциялар сомасына;
9.3.13.2. Шартпен қарастырылған тәртіпте қызметтер көрсету күні қолданыста болатын Тарифтерге сәйкес қызметтер ұсыну бойынша комиссиялық сыйақы сомасына;
9.3.13.3. Банк Карт-шот бойынша онымен төлемдер және/немесе Ақша аударымдары бойынша операцияларда жасалған қателіктерді анықтаған немесе Банк Рұқсатсыз операцияны анықтаған жағдайларда, қате төлем және/немесе Ақша аударымы немесе Рұқсатсыз операциялар Ақшаны қайтару сомасына;
9.3.13.4. Клиент даулы Карточкалық операциялар бойынша негізсіз шағымдар жасағаны үшін Клиентпен Төлем жүйесіне төлеуі тиіс айыппұлдар сомасына;
9.3.13.5. Карточка ұстаушысының Карточканы Шарт талаптарын бұза отырып пайдалануы, сонымен бірге Клиент шағымның негізсіз деп танылуы нәтижесінде туындаған Банктің кез келген шығындары мен шығыстары сомасына.
9.3.14. Шартпен қарастырылған жағдайлар мен тәртіпте Карточканы оқшаулау/ұстап қалу/шығарып алу/Карточканы қайта шығаруды

9.3.15. Қосымша карточка ұстаушысы/Клиент Шартты бұзған жағдайда өз бетімен, Қосымша карточка ұстаушысы/Клиентке қосымша хабарлау немесе оның келісімінсіз карточканы оқшаулауға;
9.3.16. Карточка ұстаушысы Шартпен белгіленген мерзім ішінде Карточканы алу үшін Банкке келмеген жағдайда, Карточканың күшін жою және Карточка ұстаушысына Карточкаға қызмет көрсету бойынша төленген комиссиялық сыйақыны қайтармауға;
9.3.17. Төлем жүйесі және/немесе процессинг орталығынан Карточкалық операцияның жүзеге асырылғандығын айғақтайтын құжаттарды алғанға дейін Карт-шотты жүргізілген Карточкалық операция бойынша Қуаттау сомасына оқшаулауға. Карт-шот бойынша шығыс операциялары Шарттың талаптарына сәйкес белгіленген лимиттер/шектеулерді ескере отырып, оқшауланған сомадан асатын бөлігінде жүргізіледі. Растаушы құжаттар 30 (отыз) күнтізбелік күннің ішінде түспейтін жағдайда, Карт-шотта оқшауланған сома оқшаулаудан босатылуы керек;
9.3.18. Ақша қалдығының сомасы Шарт бұзылған күні қолданыстағы Тарифтерге сәйкес Банктің Карт-шоттан қолма-қол Ақшаны беру және/немесе оларды басқа банктік шотқа аудару құнынан аспайтын немесе тең болатын жағдайда, Шарт бұзылған уақытта Карт-шоттағы Ақша қалдығын шығарып алуға;
9.3.19. Карточка шығару және оған қызмет көрсету қызметтері Клиентке Банкпен Жалақы жобасының аясында көрсетілетін жағдайда, Банк Клиенттің жұмыс берушісінен онымен еңбек шарттарын немесе өзге де шарттық қарым-қатынастарды бұзу туралы жазбаша хабарлама алған уақытта – хабарлама алғаннан кейін 10 (он) күнтізбелік күннің ішінде: 1) Шартты бұзу және Клиенттен Карточканың (соның ішінде Қосымша карточканың) қайтарылуын талап ету; және/немесе 2) Жалақы жобасынан тыс қызмет көрсетілетін Клиенттер үшін қарастырылған, Клиентке бұрын қолданылған Тарифтерді стандартты Тарифтерге біржақты тәртіпте өзгертуге;
9.3.20. өз қалауымен және Клиенттің қосымша келісімінсіз, Банктің ішкі құжаттарына сәйкес Карточка шығару немесе қызмет көрсетумен байланысты бонустық немесе дисконттық бағдарламаларды енгізу немесе алып тастау, сондай-ақ кез келген уақытта Карточка бойынша Кэш-бэк есептеу мен төлеуді тоқтатуға;
9.3.21. Рұқсатсыз операцияны жүзеге асыру қаупін төмендету және Клиенттің шығындарын төмендету мақсатында өз қалауы бойынша және Клиенттің қосымша келісімінсіз төмендегілерге лимиттер/шектеулер белгілеуге:
9.3.21.1. Карточканың Деректемелерін пайдалана отырып операциялар жүргізуге (Интернет желісі арқылы/пошталық/телефон тапсырыстары бойынша);
9.3.21.2. Карточканы Қазақстан Республикасының аумағында, сондай-ақ одан тыс жерлерде орналастырылған POS-терминалдар, Импринтерлер, Банкоматтарда пайдалану арқылы қолма-қол Ақша алу бойынша ай сайынғы/тәуліктік лимиттер;
9.3.21.3. алаяқтық қаупі жоғары деңгейде болатын Елдердің аумағындағы POS-терминалдар, Импринтерлер, Банкоматтарда Карточканы пайдалану арқылы операциялар жүргізуге;
9.3.21.4. Қосымша карточканы қолдану арқылы Карт-шоттағы Ақша қалдықтарын қарауға;
9.3.21.5. Қосымша карточка бойынша Карточкалық операциялар жүргізуге;
9.3.21.6. өзге жағдайларда Карточкалық операциялар жасауға, соның ішінде Карточкалық операциялардың түрлеріне, белгілі бір кезең ішіндегі бір Карточкалық операцияның ең жоғары сомасына және Карточкалық операциялардың ең жоғары сомасына. Лимиттер/шектеулердің көлемі, сонымен бірге оларды белгілеу жағдайлары мен тәртібі Банкпен дербес анықталады;
9.3.22. Қолданыстағы заңнамамен белгіленген жағдайлар мен мерзімдерде Клиенттің орналасқан орны бойынша уәкілетті мемлекеттік органға Карт-шот ашу/жабу туралы хабарлауға;
9.3.23. Банк Карточка ұстаушысының операция жүргізуіне қатысатын шетелдік корреспондент-банктің сұратуын алған жағдайда, операциялар мен оған қатысатын тұлғаларға қатысты барлық қажетті мәліметтер мен түсініктемелерді ұсынуға;
9.3.24. Тарифтер, Шарт, Карточканы пайдалану ережелеріне біржақты тәртіпте өзгерістер енгізуге;
9.3.25. Шартта қарастырылған өзге де құқықтарды іске асыруға;
9.3.26. Шартта және (немесе) Банктің Веб-сайтында орналастырылатын Банктің ішкі құжаттарында қарастырылған тәртіп пен жағдайларда өз қалауы бойынша Карточка ұстаушыларына Кэш-бэк есептеу және төлеу;
9.3.27. Карточка ұстаушысының Банкке жазбаша өтініш беруі арқылы, сондай-ақ қашықтан қызмет көрсету арналары мен электронды байланыс құралдарын пайдалану арқылы алынған келісімі болатын жағдайда, карт-шот жүргізу аясында Карточка ұстаушыларының Хабарламаға қосылуын қамтамасыз етуге.
9.4. Банк міндетті:
9.4.1. Шартпен қарастырылған жағдайлар сақталса, Клиентке Карт-шот ашу, Карточка ұстаушысына Карточка ашу, сондай-ақ Карт-шотта Ақшаны есепке алуға;
9.4.2. Карт-шоттағы Ақша қалдығының шегінде Клиент талап қойған жағдайда, Карт-шотта Клиент Ақшаының болуын қамтамасыз етуге;
9.4.3. Карт-шот бойынша операцияларды Қолданыстағы заңнама мен Шартқа қатаң сәйкестікке жүргізуге;
9.4.4. Шартпен және Банктің ішкі құжаттарымен қарастырылған тәртіпте Клиентке Үзінділер мен өзге де ақпаратты ұсынуға;
9.4.5. Шартпен белгіленген жағдайларда Карт-шотқа қатысты ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етуге;
9.4.6. Банк операция жүргізу барысында және/немесе Клиентке ұсынылған ақпаратта, соның ішінде Үзінділер мен Хабарламаларда қателік жібергендігін анықтаса, себепсіз кешіктіру жағдайынсыз барлық орын алған қателіктерді түзетуге;
9.4.7. Қолданыстағы заңнама мен Шартпен белгіленген тәртіп пен мерзімдерде Клиенттің пайдасына түскен Ақшаны Карт-шотқа есепке алуға;
9.4.8. Шарт, Қолданыстағы заңнама, Банктің ішкі құжаттарына сәйкес Банктің бастамасы бойынша Карточка оқшауланған жағдайда – Карточканың оқшаулану себебін көрсетумен бірге Клиентке Карточка оқшауланған күннен бастап 3 (үш) Жұмыс күнінің ішінде хабарлауға;
9.4.9. Карточкаға қызмет көрсетуін, тікелей бақылауындағы жүйелер мен электронды құрылғылардың үздіксіз қызмет етуін қамтамасыз етуге және Банкке байланыссыз себептер бойынша олар тоқтатылған жағдайда, қызмет көрсетуді қалпына келтіру үшін барлық қажетті шараларды қолға алуға;
9.4.10. Клиенттің Карт-шот бойынша операциялар жүргізу туралы нұсқауын алғаннан кейін оны орындау немесе Қолданыстағы заңнамамен қарастырылған тәртіп пен мерзімдерде оны орындаудан негіздемелі түрде бас тартуға;
9.4.11. Қолданыстағы заңнамамен қарастырылған тәртіп пен кезектілікте Карт-шотқа қойылған нұсқауларды орындауға;
9.4.12. Шартпен белгіленген басқа да міндеттерді атқаруға.
10. БАНКТИҢ КОМИССИЯЛЫҚ СЫЯҚЫСЫН ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ЖАҒДАЙЛАРЫ
10.1. Банк пен Клиенттің жұмыс берушісі арасындағы келісім бойынша Жалақы жобасы аясында төлем Клиенттің жұмыс берушісімен жасалатын жағдайды қоспағанда, Карт-шот ашу, жүргізу және жабу операцияларын, сондай-ақ Карточка шығару мен оған қызмет көрсету операцияларын жүзеге асыру үшін Клиент Банкке Тарифтермен қарастырылған мөлшерде комиссиялық сыйақы төлейді. Банк қызметтерінің пакетіне енгізілген банктік қызметтер үшін төлем жасау Банк қызметтерінің пакетіне арналған Тарифтерге сәйкес

жүзеге асырылады.
10.2. Тарифтер Клиенттің олармен танысуы үшін Банктің барлық филиалдарында (құрылымдық бөлімшелерінде) және Банктің Веб-сайтында беріледі.
10.3. Клиент халықаралық төлемдер және (немесе) ақша аударымдарын жүргізу кезінде алынатын комиссияларды қоспағанда, Шарт бойынша төлем қызметтері болып табылатын Банк қызметтерін төлеумен байланысты Тарифтер көлемінің Банктің қалауымен төмендегідей жолмен өзгеруі, соның ішінде ұлғаю жағына қарай өзгеруі мүмкін екендігімен келіседі: 1) Банк операцияларын жүргізудің жалпы талаптары туралы ережелерде (Банк операцияларын жүргізудің жалпы талаптары туралы ережелер Банктің Веб-сайтында орналастырылған) қарастырылған Шарт жасалған күні қолданыста болған Тарифтердің шекті көлемдерінің шегінде ғана; және/немесе 2) Клиентке Шартта қарастырылған кез келген әдіс арқылы (Банктің Веб-сайтында ақпарат орналастыруды қоса алғанда) Банктің Банк қызметтерін төлеу бойынша Тарифтердің көлемін өзгерту ниеті туралы хабарлама жіберуі арқылы. Банк хабарламасында көрсетілген мерзім ішінде Клиент өзгертілетін Тарифтерді қабылдаудан бас тарту туралы жазбаша өтініш жасамайтын болса, Клиент Тарифтерді қабылдаған болып есептеледі. Аталған жағдайда Клиент Банктің Тарифтерге (i) төлем құжаттары болып табылмайтын; (ii) халықаралық төлемдер және (немесе) ақша аударымдарын жүргізу кезінде алынатын Шарт бойынша Банк қызметтерін төлеумен байланысты біржақты тәртіпте өзгертулер мен толықтырулар енгізуге құқылы екендігімен келіседі. Тарифтерге енгізілген өзгертулер туралы Банк Клиентке ақпаратты Банктің Веб-сайтында, сонымен бірге Банктің барлық филиалдары мен олардың құрылымдық бөлімшелерінде орналастыру арқылы хабарлайды. Сонымен қатар Клиент Банктің жаңа өнімдері/қызметтері бойынша Банктің біржақты тәртіпте жаңа Тарифтер енгізу арқылы Тарифтерді өзгертуге құқылы екендігімен келіседі. Тарифтерге енгізілген мұндай өзгертулер туралы Банк Клиентке ақпаратты Банктің Веб-сайтында, сонымен бірге Банктің барлық филиалдары мен олардың құрылымдық бөлімшелерінде орналастыру арқылы хабарлайды.
10.4. Банкке комиссиялық сыйақы төлеуді Клиент Шарт пен Қолданыстағы заңнама талаптарын сақтай отырып, қолма-қол Ақшамен (Қолданыстағы заңнамада белгіленген шектеулерді ескере отырып), қолма-қол ақшасыз аударым арқылы, Карт-шотты және басқа да банктік шоттарды тікелей дебеттеу арқылы жүргізеді.
10.5. Банк онымен көрсетілген қызметтер үшін төлемді тікелей дебеттеу арқылы алуға құқылы. Аталған сомаларды төлеу үшін Клиент Карт-шотта Тарифтерге сәйкес Банкпен белгіленген сомада Ақшаның болуын қамтамасыз етуге міндетті.
10.6. Шарт сондай-ақ соған сәйкес Клиент Банкке Банктің онымен ұсынылған қызметтерді төлеуі бойынша Банк талабының негізінде Банкке ашылған кез келген банктік шоттан Ақшалы шығарып алуға (банктік шотты тікелей дебеттеу) өзінің сөзсіз, даусыз келісімін беретін Клиенттің банктік шотын тікелей дебеттеу шарты да болып саналады.
10.7. Банкпен ұсынылған қызметтерді төлеуге арналған банктік шотты тікелей дебеттеуді Банк Шарттың негізінде, Клиенттің қандай да бір қосымша келісімінсіз өз бетімен жүргізеді.
10.8. Комиссиялық сыйақыны төлеу мақсатында Банк ең алдымен оны жүргізу бойынша Банк комиссиялық сыйақыны дебеттейтін операция жүргізілген Карт-шотты дебеттейді, ал егер комиссиялық сыйақы аталған Карт-шоттың валютасынан басқа валютада төленуі тиіс болатын болса, басқа түрі Клиенттің жазбаша нұсқауында көрсетілмесе, ағымдағы шот/Карт-шот комиссиялық сыйақы қай валютада төленуі тиіс болса, сол валютада дебеттеледі. Ақша сомасы жеткіліксіз болған немесе жоғарыда көрсетілген тәртіпте шығарып алу үшін Карт-шот бойынша шығыс операцияларын жүргізуге шектеулер қойылған жағдайларда, Банк басқа валютадағы банктік шоттардан соманың қажетті баламасын айырбастауға және төленуі тиіс осындай сомаларды өтеуге құқылы болады.
10.9. Клиент Шарт бұзылған, олар үшін Клиент жауап беретін жағдайлар бойынша Ақша төлемі/аударымы қайтарылған жағдайларда Клиентпен Банкке төленген комиссиялық сыйақының Клиентке қайтарылмайтындығымен келіседі.
10.10. Клиент Банк қызметтері үшін төлем жасау бойынша өз міндеттемелерін бірнеше рет (екі реттен артық) бұзған жағдайда, Банктің Клиент өзінің берешегін толығымен өтегенге дейін қызметтер көрсетуді тоқтата тұруға құқығы бар.
10.11. Тарифы по Зарплатным проектам применяются к Карточкам до получения Банком от Клиента и/или работодателя Клиента уведомления о прекращении трудовых отношений между Клиентом и его работодателем либо отсутствия Клиента в списке Клиентов, состоящих с работодателем Клиента в трудовых отношениях на дату предоставления работодателем Клиента такого списка (по всей филиальной сети работодателя Клиента), предоставляемого работодателем Клиента в Банк в соответствии с условиями заключенного Договора о порядке выплаты заработной платы и иных выплат, причитающихся работникам юридического лица/индивидуального предпринимателя (далее – Сверочный список). В случае получения Банком от Клиента и/или его работодателя уведомления о прекращении трудовых отношений между Клиентом и его работодателем либо установления Банком факта отсутствия Клиента в Сверочном списке, все выпущенные Банком Карточки исключаются Банком из Зарплатного проекта и переводятся на обслуживание в соответствии со стандартными Тарифами, предусмотренными для Клиентов, обслуживающих не в рамках Зарплатного проекта, или Банк вправе расторгнуть Договор и потребовать от Клиента возврата Карточки (в т.ч. Дополнительной карточки)) без уведомления Клиента и/или работодателя Клиента, за исключением случаев перевода всех выпущенных Банком Клиенту Карточек на иной Зарплатный проект на основании уведомления, полученного от нового работодателя Клиента.
10.12. Карт-шоттан басқа валютадағы (Клиент міндеттемесінің валютасынан басқа) Ақша есептен шығарылған жағдайда, шығарып алынған Ақшаны валюталық заңнама талаптарына сәйкес міндеттеме валютасына айырбастауды Банк Ақшаны Карт-шоттан есептен шығаратын уақытта белгілеген Нарықтық бағам бойынша жүргізеді.
11. ӨКІЛДЕРДІҢ КАРТ-ШОТ БОЙЫНША ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУЫ (КАРТЧКАНЫ ПАЙДАЛАНУСЫЗ)
11.1. Карт-шот бойынша операцияларды Өкілдердің жүргізуі (Картчканы қолданусыз) Шарт, Қолданыстағы заңнама мен Банктің ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.
11.2. Осы арқылы Тараптар Клиенттің Өкілге Карт-шотты және/немесе ондағы Ақшаны басқару бойынша (Картчканы пайдаланусыз) өкілеттіктерді беруімен байланысты барынша ықтимал тәуекелді төмендету мақсатында қауіпсіздік бойынша төменде берілген шарттарды сақтауға келіседі:
11.2.1. Клиент Өкілге Карт-шотты және/немесе ондағы Ақшаны басқару, сонымен бірге Ақшаны алу құқығын беретін сенімхат ұсынған жағдайда, Клиент оған сенімхаттың берілгендігін растау мақсатында оның Банкке алғашқы баруы кезінде Өкілмен бірге баруға міндеттенеді;

11.2.2. сенімхатты растау үшін Клиент Банкке Карт-шотты және/немесе ондағы Ақшаны басқару бойынша сенімхаттың нотариалды куәландырылған түпнұсқасын ұсынады және Банкте белгіленген хабарлама нысанын толтырады;
11.2.3. Банк Өкілдің Карт-шотты және/немесе ондағы Ақшаны басқаруына қажетті тиісті құжаттар және/немесе мәліметтерді талап ету арқылы Өкілді сәйкестендіруге құқылы. Өкіл Өкілге арналған сауалнаманы толтырады, жеке басын басын куәландыратын құжатты, жеке сәйкестендіру нөмірін ұсынады (жеке тұлғаға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке сәйкестендіру нөмірі берілмеген жағдайларды қоспағанда).
11.3. Өкіл 1000 (бір мың) еуродан немесе көрсетілген еуроға сомаңың деңгейіне тең өзге валютадағы Ақшадан асатын Ақшаны беру туралы талап қойған жағдайда, Өкілдің өкілеттіктерінің дұрыстығы мен шынайылығын растау, сондай-ақ Өкілдің іс-әрекеттерінің Клиент еркіне сәйкестігін анықтау мақсатында Банк Шарттың талаптарына сәйкес Клиентпен ұсынылған телефон бойынша Клиентпен хабарласады.
11.4. Банк телефон арқылы Клиентпен байланыс орнататын жағдайда, Клиент Банктің Клиентті даусы немесе басқа да белгілері бойынша сәйкестендіруге міндетті еместігімен келіседі және Қосылу туралы өтініште көрсетілген байланысты жүзеге асыру айғағы Банктің өз міндеттемелерін тиісті түрде орындағандығын білдіретін болады.
11.5. Телефон нөмірі өзгерген жағдайда, Клиент 10 (он) Жұмыс күнінің ішінде Банкке жаңа телефон нөмірін көрсету арқылы телефон нөмірінің өзгергендігі туралы мәлімдемені ұсынуға міндеттенеді.
11.6. Тараптар Шарттың 11.3.-тармағымен белгіленген процедураны орындау кезінде Банк Клиенттен рұқсат алмаған/Клиентпен байланыс орнатпаған жағдайларда Банктің Өкілге Ақшаны беруді жүзеге асыруына құқығы болмайтындығымен келіседі.
11.7. Клиент Шарттың 11.3.-тармағымен белгіленген мақсаттарда көрсетілген телефон нөмірін қолданумен байланысты келтірілген шығындар, шығыстар үшін, сондай-ақ Клиентте Банк үшін Клиентпен көрсетілген телефон нөмірі бойынша байланыс орнату мүмкінсіздігі нәтижесінде туындаған шығындар үшін дербес жауапкершілік алады.
11.8. Карточка ұстаушысының Карточканы пайдалану құқығын қайта табыстауына болмайды.
12.КАРТ-ШОТ БОЙЫНША ҮЗІНДІЛЕР
12.1. Банк Клиентке Банкпен қарастырылған Үзінді түрінде Карт-шот бойынша дебеттік/кредиттік операциялар туралы ақпаратты береді.
12.2. Клиентке Шартқа сәйкес ұсынылған, тиісті түрде ресімделген Үзінділер Клиентке Карт-шот бойынша жасалған операциялар туралы хабарланғандығының дәлелі болып табылады және Карт-шот бойынша ондағы қателіктер мен рұқсатсыз операциялар туралы Банкке дереу хабарлама жібермеу тәуекелге жатады және Клиенттің жауапкершілігі болып есептеледі.
12.3. Клиент Банкті ашық байланыс арналары арқылы (электронды мекенжай (e-mail), SMS-хабарлама, сәйкестендіру процедурасынан өткеннен соң Байланыс орталығына хабарласу кезінде ақпарат ұсыну және т.б.), соның ішінде қашықтан банк қызметін көрсету арналары арқылы электронды банк қызметтерін көрсету бойынша Банк пен Клиенттің қарым-қатынастарын реттейтін шартпен қарастырылған тәртіпте Үзінділер жіберуге уәкілеттендіреді. Көрсетілген шарт пен Шарттың арасында қарама-қайшылық болатын жағдайда, қашықтан банк қызметін көрсету арналары арқылы электронды банк қызметтерін көрсету бойынша Банк пен Клиенттің қарым-қатынастарын реттейтін шарттың ережелері қолданылады. Бұл ретте Клиент Қосылу туралы өтініш бере отырып және Банк офисінде жеке қатыса отырып, Банкке жоғарыда аталған әдістер арқылы Банктің Карт-шот бойынша ақпарат ұсынуына келісімін береді және үшінші тұлғалар тарапынан кез келген қасақана іс-әрекеттер, соның ішінде алаяқтық, уәкілетсіз қолжетімділік, сондай-ақ Үзінді алынғанға дейін ондағы ақпараттың жоғалуын қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей, Үзіндіні уәкілеттігі жоқ тұлғалардың алуымен байланысты тұтастай және кез келген тәуекелді өзіне қабылдайды.
12.4. Үзінділерді жоғарыда көрсетілген әдістермен жібере отырып, Банк оған Шарттың талаптарына сәйкес Клиентпен тиісті түрде ұсынылған Клиент деректемелерін басшылыққа алады.
13.РҰҚСАТСЫЗ ОВЕРДРАФТ. КАРТОЧКАНЫ ОҚШАУЛАУ, ҰСТАП ҚАЛУ ЖӘНЕ ШЫҒАРЫП АЛУ
13.1. Рұқсатсыз Овердрафтқа жол берілмейді. Рұқсатсыз Овердрафт туындаған жағдайда, Банк Карточканы оқшаулайды. Карточка ұстаушысымен Рұқсатсыз Овердрафт нәтижесінде қолданылған Ақша сомасы Клиентпен Банкке Рұқсатсыз Овердрафт орын алған күні қайтарылуы тиіс.
13.2. Мультивалюталық карточка бойынша валюталық операциялар бойынша Рұқсатсыз Овердрафтың туындау жағдайлары тек теңгедегі Карт-шотта ғана ескеріледі.
13.3. Клиент Банкке Рұқсатсыз Овердрафт сомасын қайтармаған жағдайда, Банк Клиенттен мерзім кешіктірілген күннен бастап Берешек толық өтелген күнге дейін мерзімі кешіктірілген әрбір күн үшін Рұқсатсыз Овердрафт сомасын қайтаруды кешіктіргені үшін Рұқсатсыз Овердрафт сомасынан жылдық 25% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлеуді талап етуге құқылы болады.
13.4. Карточканы оқшаулау:
13.4.1. Карточканы оқшаулауды Банк төмендегідей жүзеге асырады: 13.4.1.1. Карт-шот бойынша шығыс операцияларын тоқтатусыз – Карточканың ұрлануы/жоғалуына байланысты Клиенттің Өтініші негізінде, сонымен бірге Карт-шотқа рұқсатсыз қолжетімділік болған жағдайда; 13.4.1.2.Карт-шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру арқылы – Қолданыстағы заңнамада, Банк операцияларын жүргізудің жалпы талаптары туралы ережелерде (Банк операцияларын жүргізудің жалпы талаптары туралы ережелер Банктің Веб-сайтында орналастырылған) және Шартта қарастырылған жағдайларда;
13.4.2. Клиенттің Карточканы оқшаулау туралы тиісті түрде тіркелген талабы болмайтын жағдайда Карточка Карточка ұстаушысының иелігі мен пайдалануында болып саналады, ал Банк осындай талапты тіркегенге дейін Карточканы пайдалану арқылы жасалған Карточкалық операциялар Клиентпен тиісті түрде рұқсат етілген болып саналады;
13.4.3. Тараптар Клиенттің Карточканы оқшаулау туралы (Карточка жоғалған немесе ұрланған жағдайда, сонымен бірге Карт-шотқа рұқсатсыз қолжетімділік жасалса) телефон немесе басқа да байланыс арқылы қабылданған нұсқауларының, сондай-ақ Клиенттің Карточканы оқшаулаудан босату, Карточка мен Карточкалық операциялар жөнінде ақпарат алу туралы нұсқауларының Клиент сәйкестендірілген жағдайда Клиенттің оларды Банк қағаз таратқышта алған және Клиенттің қолымен куәландырылған баламалы жазбаша нұсқаулары болып табылатындығымен келіседі;
13.4.4. Төмендегі жағдайларда осы тармақпен қарастырылғандай, Клиенттің Карточканы оқшаулау туралы талабы болмайтын жағдайда, Банк Карточканы оқшаулауға құқылы: 13.4.4.1. Карт-шоттағы Ақша қамауға алынған және/немесе Карт-шот бойынша шығыс операциялары кідірілген жағдайларда және/немесе қаржылық мониторингті жүзеге асыратын және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылдың өзге де шараларын қабылдайтын уәкілетті мемлекеттік органның Клиент/Өкіл/Қосымша карточка ұстаушысын Қолданыстағы заңнамаға сәйкес терроризм мен экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдардың тізбесіне енгізгендігі туралы ақпараттың негізінде;

13.4.4.2. Клиенттен Карточканың жоғалуы, ұрлануы және/немесе ол бойынша Рұқсатсыз операциялардың жүзеге асырылуы туралы хабарлама алған жағдайда;
13.4.4.3. Клиент өзінің Шартпен қарастырылған міндеттемелерін, сонымен бірге Төлем жүйесінің талаптарын бұзған жағдайда – әрі қарай Карточканы алып алу арқылы;
13.4.4.4. Банкке Клиенттің Шартты бұзу немесе Банктің осындай шешім қабылдауы туралы жазбаша хабарламасы келіп түскен жағдайда – әрі қарай Карточканы алып алу арқылы;
13.4.4.5. Банк Клиенттің/Клиент болып табылмайтын Қосымша карточка ұстаушысының жасанды немесе жарамсыз құжаттар немесе ақпарат ұсыну айғағын анықтаса;
13.4.4.6. Карточкалық операция Банкпен ерекше/Күмәнді операциялар/мәмілелер санатын жатқызылатын болса;
13.4.4.7. Карточка бойынша алаяқтық іс-әрекеттер анықталса, сонымен қатар Банкте Карточка бойынша Рұқсатсыз операциялар жасалған немесе болашақта жасалуы мүмкін деп есептеуге негіз болатын жағдайда;
13.4.4.8. Карточка ұстаушысы Карточканы пайдалану ережелерін бұзған жағдайда;
13.5. Карточканы ұстап қалу:
13.5.1. Қолма-қол Ақшаны беру орындарында Карточканы ұстап қалу мына жағдайларда жүргізіледі:
13.5.1.1. Карточка оқшауланған;
13.5.1.2. Карточканы ұсынушы Карточка ұстаушысы болып табылмайды;
13.5.1.3. Карточка ұстаушысы Карточканы Карточкалық операция жүргізгеннен кейін ұмытып кетсе;
13.5.1.4. егер Рұқсатсыз операцияға қатысты күмән болатын жағдайда;
13.5.1.5. Карточка Стоп-параққа енгізілсе;
13.6. Карточканы шығарып алу:
13.6.1. Карточканы Карточка ұстаушысынан алып қою мына жағдайларда жүргізіледі:
13.6.1.1. Карточканың әрекет ету мерзімінің аяқталуы;
13.6.1.2. Карточка ұстаушысының Шарт, Карточканы пайдалану ережелерімен қарастырылған өз міндеттемелерін, сонымен қатар тиісті Төлем жүйесінің талаптарын орындамауы немесе тиісті түрде орындамауы;
13.6.1.3. Карточка ұстаушысының Карточканы пайдаланудан бас тартуы;
13.6.1.4. Шарт бұзылған жағдайда.
14. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ
14.1. Банк Қолданыстағы заңнама мен Шартқа сәйкес банк қызметімен байланысты бұзушылықтар үшін Қолданыстағы заңнамаларға және Шартқа сәйкес жауапкершілік көтереді.
14.2. Кез келген жағдайда Шарт талаптары бұзылған жағдайда Банктің жауапкершілігі Банктің әрекеттері/әрекетсіздіктері салдарынан Клиентке келтірілген нақты залал көлемімен шектеледі.
14.3. Банк төмендегілер үшін жауапкершілік алады:
14.3.1. қате операция Банктің кінәсінен орын алған жағдайда, Карт-шоттан дебеттелген соманың, сонымен бірге осы операцияны жүргізу бойынша Банк қызметтері құнының көлемі шегіндегі қате операция үшін;
14.3.2. кешіктіру Банктің кінәсі бойынша орын алса, Банкке Клиент пайдасына түскен Ақшаны Карт-шотқа есепке алуды кешіктіру бойынша әрбір уақыты кешіктірілген Жұмыс күні үшін дер кезінде есепке алынбаған Ақша сомасынан 0,01 % (нөл бүтін жүзден бір пайыз) мөлшерінде;
14.3.3. Карточка ұстаушысы және/немесе Клиенттің Рұқсатсыз операцияны жүзеге асыруға қатысқандығы немесе оның жүзеге асырылуына ықпал еткендігі анықталған жағдайда, Рұқсатсыз операцияны жүргізумен байланысты шығындарды қоспағанда, Карточканың жоғалуы, ұрлануы немесе оның рұқсатсыз пайдаланылғаны туралы хабарлама күшіне енгеннен кейін рұқсатсыз операция үшін.
14.4. Банк төмендегілер үшін жауапкершілік алмайды:
14.4.1. Кәсіпкер (оның уәкілетті қызметкерлерінің) іс-әрекеттері үшін;
14.4.2. Клиент ол туралы Банкке Шартқа сәйкес хабарламаған, жедел байланыс құралдарын пайдалану барысында Клиентті сәйкестендірумен байланысты оның деректемелерінің өзгеруі себебінен Клиенттің Хабарламалар мен хабарларды алмауы немесе мерзімінде алмауы бойынша;
14.4.3. егер мұндай шығындардың Банктің салғырттығы немесе өз міндеттемелерін қасақана орындамауы салдарынан орын алғандығы дәлелденсе, Клиенттің Хабарламаларды алмауы/мерзімінде алмауы нәтижесінде туындаған шығындарды қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей, Клиенттің жедел байланыс құралдарын пайдалану арқылы Хабарламаларды алмауы/мерзімінде алмауымен байланысты туындаған кез келген шығындары, үшінші тұлғалардың жағымсыз іс-әрекеттері үшін;
14.4.4. Шарттың талаптарына сәйкес құпиялылық Клиенттің кінәсінен бұзылса немесе құпия ақпарат басқа да дереккөздер арқылы үшінші тұлғаларға мәлім болса;
14.4.5. қолма-қол Ақша беру орындарының Тарифтерге кірмейтін қосымша сыйақы алуы үшін;
14.4.6. Банкомат/Терминалдың ақша қабылдағышына майысқан, жыртылған, төлемге жарамсыз Ақшаның салынғаны үшін;
14.4.7. Зергерлік карточкасы Банкоматтар, Импринтерлер, Зергерлік карточкасын пайдаланумен бірге Карточкалық операциялар жүргізуге арналған өзге де құрылғылардың қолданылу жағдайында;
14.4.8. Клиент Банкке осындай тұлғалардың ауысқандығы немесе олардың өкілеттіктерінің мерзімінен бұрын тоқтатылғандығы туралы хабарламаған немесе мерзімінде хабарламаған жағдайда, Өкілдердің іс-әрекеттері үшін;
14.4.9. егер Банкке бұл айғақ туралы мәлім болмаса, Клиенттің өлімі жағдайында Өкілге Карт- шот бойынша сенімхатқа сәйкес Ақшаны беру бойынша;
14.4.10. Шарттың талаптарына сәйкес берілген Клиенттің атынан Карточканы оқшаулау туралы талап негізінде жүргізілген Карточканы оқшаулаудың салдарлары үшін;
14.4.11. Қолданыстағы заңнамада белгіленген негіздемелер мен тәртіп бойынша Карт-шоттағы Ақша өндіріп алынатын жағдайда. Қолданыстағы заңнамада белгіленген жағдайларда үшінші тұлғалардың талап етуімен Карт-шоттан ақшаны негізсіз ақцептісіз тәртіпте есептен шығару бойынша жауапкершілікті осындай нұсқауларды жіберушілер алады;
14.4.12. үшінші тұлғалардың Карточкаға қызмет көрсетуден бас тартқандығы үшін;
14.4.13. Карточка немесе оның деректемелерін пайдалану арқылы сатып алынған/төленген тауарлар, жұмыстар және/немесе қызметтердің сапасы үшін;
14.4.14. Карточкалық операциялар бойынша үшінші тұлғалармен белгіленген және Карточка ұстаушысы және/немесе Клиенттің мүдделеріне ықпал ете алатын лимиттер/шектеулер және қосымша сыйақылар үшін;
14.4.15. Карточка жоғалған, ұрланған немесе рұқсатсыз пайдаланылған жағдайларда Клиенттің Банкке Карточканы оқшаулау туралы

талаппен мерзімінде хабарласпауынан туындаған салдарлар үшін;
14.4.16. Клиент пен Қосымша карточка ұстаушысының арасындағы даулар мен келіспеушіліктердің реттелмеуі бойынша;
14.4.17. Клиент және/немесе Карточка ұстаушысының Қолданыстағы заңнама мен Шартта, Банк операцияларын жүргізудің жалпы талаптары туралы ережелерде (Банк операцияларын жүргізудің жалпы талаптары туралы ережелер Банктің Веб-сайтында орналастырылған) белгіленген негіздемелер бойынша Банктің төлем құжатын Қуаттаудан/нұсқауды орындаудан бас тартуымен байланысты туындаған шығындары үшін;
14.4.18. пайдалану кезінде Зергерлік карточкасының бұзылуы, зақымдалуы (соның ішінде Зергерлік карточка фрагменттерінің түсіп қалуы) үшін;
14.4.19. егер Банкте Зергерлік карточкасының түпнұсқалылығына қатысты күмән болса, немесе Зергерлік карточкасы зақымдалған болса, чипті ауыстыру үшін Зергерлік карточкасын қабылдаудан бас тарту бойынша;
14.4.20. Карточка бойынша алаяқтық әрекеттер жасау нәтижесінде туындаған шығындар үшін, сондай-ақ Карточка алаяқтық қауіп жоғары Елдердің аумағында қолданылған жағдайда, осындай іс-әрекеттермен байланысты туындайтын өзге де ықтимал тәуекелдер үшін;
14.4.21. Карточка бойынша алаяқтық әрекеттер жасау нәтижесінде туындаған шығындар үшін, сондай-ақ Карточканы (немесе оның Деректемелерін) Интернет желісі арқылы/пошталық/телефон арқылы тапсырыстар бойынша төлем жасау барысында пайдаланумен байланысты барлық өзге де ықтимал тәуекелдер үшін;
14.4.22. Банкке қолдан жасаушылықтың нақты белгілері көрінбейтін құжаттарды ұсыну жағдайында егер олар Қолданыстағы заңнаманың талаптарына сәйкес ресімделген болса, Клиентке нұсқаулар/төлем құжаттары және/немесе осындай нұсқаулар/төлем құжаттарының тұжырымдары бойынша Рұқсатсыз операциялардың жүргізілгені бойынша келтірілген шығындар үшін. Банк қызметкері Клиенттің төлем құжаттары/төлем құжаттарының тұжырымдамаларында ұсынылған қолдары мен мөр бедерлерін (болатын жағдайда) тек көзбен қарап қана салыстырады;
14.4.23. Банкпен онда белгіленген тәртіп сақталатын жағдайда, Клиенттің Қолданыстағы заңнамаға сәйкес Карт-шоттағы Ақшаның қамауға алынуы немесе Карт-шот бойынша операциялардың тоқтатылуымен байланысты шығындары үшін. Карт-шот бойынша операциялардың негізсіз тоқтатылуы, Карт-шоттағы Ақшаның қамауға алынуы, Қолданыстағы заңнамаға сәйкес Клиентті терроризм мен экстремизмді қаржыландырумен байланысты тұлғалардың тізбесіне енгізу бойынша жауапкершілікті тиісті уәкілетті орган/тұлға көтереді;
14.4.24. Клиенттің үшінші тұлғаларға ПИН-код және/немесе 3D Secure құпия сөзінің жариялануы немесе үшінші тұлғалардың ПИН-код және/немесе 3D Secure құпия сөзіне қолжетімділік алуымен байланысты шығындары үшін;
14.4.25. оларды Банк тікелей басқара алмайтын жедел байланыс құралдарының жұмысы барысындағы кез келген бас тарту немесе іркілістер, қызмет жеткізушілерінің, хабарлар мен хабарламаларды жіберетін жабдықтың олқылықтары және Карточка ұстаушыларына қызмет көрсетуді уақытша тоқтатуға және Банктің Шарт бойынша міндеттемелерін орындауын уақытша кідіртуге әкелетін және Банкке байланыссыз өзге де себептер үшін.
14.5. Клиент төмендегілер үшін жауапкершілік алады:
14.5.1. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес Шарттың талаптарына сай Банкке ұсынылатын құжаттар/ақпараттардың толыққандылығы мен шынайылығы үшін;
14.5.2. төлем құжаттарында деректемелердің дұрыс көрсетілмеуімен байланысты салдарлар үшін;
14.5.3. Карточка жоғалған, ұрланған немесе рұқсатсыз пайдаланылған жағдайларда Банкке Карточканы оқшаулау туралы талаппен мерзімінде хабарласпаудың салдарлары үшін – Банкке келтірілген шығынның толық мөлшерінде;
14.5.4. Банктің тиісті жазбаша хабарламасынан кейін Қолданыстағы заңнама мен Шартпен қарастырылған мөлшер мен тәртіпте Карт-шотқа қате есепке алынған Ақшаны қайтармау бойынша;
14.5.5. Карточка ұстаушысының әрекеттері/әрекетсіздіктері Рұқсатсыз операцияның жасалуына әкелген жағдайларда, Карточкалық операцияны жүзеге асыру бойынша Банкпен көрсетілген қызмет құнын ескере отырып, Рұқсатсыз операция сомасында Рұқсатсыз операция үшін;
14.5.6. Шарт талаптарының бұзылғандығы үшін;
14.5.7. Зергерлік карточкасының түпнұсқалылығы үшін – Клиент Банкке чипті ауыстыру үшін Зергерлік карточкасын ұсынған жағдайда;
14.5.8. Клиент аударымды жасау кезінде қате жіберген жағдайда, Ақшаның қате аударылғаны үшін, атап айтқанда:
14.5.8.1. Бенефициардың Карточка нөмірі және/немесе банктік шотының нөмірі қате көрсетілген жағдайда;
14.5.8.2. Visa аударымын/ MasterCard аударымын/ UnionPay International аударымын жүзеге асыру барысында Ақшаның сомасы дұрыс көрсетілмеген жағдайда;
14.5.8.3. Карточканы оқшаулау және жаңа нөмір мен жаңа ПИН-кодпен жаңа Карточканы қайта шығару бойынша талап сақталмаған жағдайда, Карточка алаяқтық қауіп жоғары Елде пайдаланылуын тоқтатқан күннен бастап 3 (үш) Жұмыс күні өткеннен кейін барлық Рұқсатсыз операциялар үшін;
14.5.9. Карточка бойынша алаяқтық әрекеттердің жасалуы нәтижесінде туындаған шығындар үшін, сонымен бірге Карточканың Карточка ұстаушысымен алаяқтық қауіп жоғары Елдердің аумағында қолданылуы немесе Карточканың (немесе оның Деректемелерінің) Карточка ұстаушысымен Интернет желісі/пошталық/телефон арқылы тапсырыстар бойынша қолданылуы жағдайларында осындай әрекеттермен байланысты барлық ықтимал тәуекелдер үшін;
14.5.10. Банк мүлкінің (электронды құрылғылар) зақымдалуымен байланысты қасақана әрекеттер үшін Банкке келтірілген залалдың толық мөлшерінде;
14.5.11. үшінші тұлғаларға 3D Secure құпия сөзін жариялау немесе үшінші тұлғалардың 3D Secure құпия сөзіне қолжетімділік алуының нәтижесінде 3D Secure қызметін қуаттау кезінде Интернет желісіндегі ықтимал Рұқсатсыз операциялар үшін.
14.6. Банк нұсқауды заңды түрде орындаған жағдайда, Клиент пен Бенефициар арасындағы наразылықтар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте, Банктің қатысуынсыз шешіледі.
14.7. Шарт бойынша міндеттемелердің орындалмауы немесе тиісті түрде орындалмауы Тараптардың ешқайсысы алдын ала болжай алмаған және алдын ала алмаған тежеусіз күш жағдайларының салдарынан орын алса, Тараптар Шарт бойынша қандай да бір міндеттемелердің орындалмағаны немесе тиісті түрде орындалмағаны үшін жауапкершілік көтермейді. Шарттың мақсаттары үшін тежеусіз күш жағдайларына Тараптар жер сілкінісі, су басу, өрт, боран, дауылды жел, торнадо, табиғи және техногенді сипаттағы апаттар, соғыстар, көтерілістер, ереуілдер, революциялар, тәртіпсіздіктер, толқулар, ұлттандыру, мемлекеттік қажеттіліктер үшін алымдар, орындау үшін нормативтік құқықтық немесе басқа да міндетті актілердің шығуы, спутниктер, зымыран тасымалдағыштар, отын бақтары мен олардың қалдықтарын қоса алғанда ұшу аппараттарының құлауы, метеориттердің құлауы, найзағайлар, Тараптардың қызметкерлері болып табылмайтын тұлғалардың қылмыстық іс-әрекеттерін, орталық, ұлттық және басқа банктердің

электронды жүйелері/желілеріндегі іркілістер, сондай-ақ банктерге төлемдерді жүзеге асыруға жол бермейтін өзге де жағдайлар, сонымен бірге табиғи жағдайлар, техникалық оқшылықтар, бас көтерулер, ереуілдер мен басқа да осыған ұқсас оқиғалар, кәсіподақ ұйымдарының шешімдері, әуе тасымалдаушылар, автокөлік, теміржол тасымалдаушылары мен өзге де қызмет жеткізушілерінің өз жұмыстарын мерзімінде орындауына кедергі келтіретін жағдайларды қоспағанда, бірақ мұнымен шектелмей басқа да тежеусіз күш жағдайларының салдарынан болса, Тараптар жауапкершілік көтермейді. Тараптардың, олардың уәкілетті тұлғаларының, қызметкерлерінің, агенттерінің, сондай-ақ аффилирленген тұлғаларының салғырттығы немесе кінәсі салдарынан туындаған кез келген іс-әрекеттер тежеусіз күш жағдайлары болып табылмайды.
14.8. Тежеусіз күш жағдайы орын алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінің ішінде оған тап болған Тарап екінші Тарапқа Шарттың талаптарына сәйкес әрекет ете алмауының себебі туралы жазбаша түрде хабарлауға міндетті. Егер Тарап екінші Тарапқа Шарттың ережелерін орындау мүмкінсіздігі немесе осы баппен белгіленгендей міндеттемелердің тежеусіз күш жағдайларының салдарынан кешіктіріліп орындалатындығы туралы хабарламаса, мұндай Тарап тежеусіз күш салдарынан екінші Тарапқа хабарлама жіберу мүмкінсіздігіне тап болған жағдайды қоспағанда, ол осы бапта қарастырылған құқықты жоғалтады. Екінші Тарап міндеттемелердің орындалмауы немесе кешігіп орындалуын бұзушылық ретінде қарастырып, Шарттың ережелеріне сәйкес әрекет ете алады.
14.9. Жалпыға белгілі сипатқа ие тежеусіз күш жағдайлары қосымша дәлелдер немесе хабарларды талап етпейді. Барлық басқа да тежеусіз күш жағдайларына қатысты дәлелдер мүдделі Тараппен ұсынылады.
14.10. Тежеусіз күш жағдайлары тоқтағаннан кейін 5 (бес) жұмыс күнінің ішінде оған тап болған Тарап екінші Тарапқа аталған айғақ туралы жазбаша түрде хабарлауға және Шарт бойынша міндеттемелердің орындалуын қалпына келтіруге міндетті.
14.11. Тежеусіз күш жағдайлары олар туындаған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік артық уақытқа созылған жағдайда, Тараптар егер бұл Қолданыстағы заңнамаға қайшы келмесе, өзара келісім негізінде Шарттың әрекет етуін тоқтатуға құқылы болады, бұл жағдайда мүдделі Тарап бұл туралы екінші Тарапқа Шартты тоқтатудан 14 (он төрт) күнтізбелік күн бұрын хабарлайды.
15. КАРТОЧКАНЫҢ ӘРЕКЕТ ЕТУ МЕРЗІМІ. КАРТОЧКАНЫ АУЫСТЫРУ ЖӘНЕ ҚАЙТА ШЫҒАРУ.
15.1. Карточканың әрекет ету мерзімі. Карточканы автоматты түрде қайта шығару. Карточканы пайдалануды кідірту және тоқтату:
15.1.1. Карточкада оның әрекет ету мерзімінің аяқталу уақыты (айы және жылы) көрсетіледі. Карточка онда көрсетілген ай мен жылдың соңғы күнінің соңына дейін жарамды болады. Мерзімі кешіктірілген және олардың әрекет ету мерзімдері әлі басталмаған Карточкалар бойынша Карточкалық операциялар жүргізілмейді. Әрекет ету мерзімдері аяқталған барлық Карточкалар оқшауланады және Банкке қайтарылуы тиіс болады;
15.1.2. Төмендегі жағдайларда Банк Карточканы автоматты түрде қайта шығаруға (Клиенттің қосымша ерік білдіруінсіз), соның ішінде Қосымша карточканы қайта шығаруға құқылы:
15.1.2.1. Карточканың әрекет ету мерзімінің аяқталуынан бұрын 90 (тоқсан) күнтізбелік күн ішінде Карт-шот бойынша бір немесе бірнеше операция жүргізілген жағдайда;
15.1.2.2. Клиентте мерзімі кешіктірілген Берешек болмайтын және Карт-шотта Карточканы қайта шығару құнын төлеу және Карточкаға қызмет көрсету құнын төлеу үшін жеткілікті Ақша болса;
15.1.3. Осы Шарттың 15.1.2.-тармақшасында көрсетілген шарттарды сақтағандықтан, сонымен бірге төмендегі жағдайларда Карточка автоматты түрде қайта шығарылмайды:
15.1.3.1. Карточканың әрекет ету мерзімінің аяқталуынан 60 (алпыс) күнтізбелік күн бұрын Банкке Клиенттен Карточканың күшін жою туралы Өтініш түссе;
15.1.3.2. Банк пен Клиент Жалақы жобасының аясында Шарт бекітсе - Карточканың әрекет ету мерзімінің аяқталуынан 60 (алпыс) күнтізбелік күн бұрын Банкке Клиенттің жұмыс берушісінен Карточканың күшін жою туралы жазбаша өтініш түссе.
15.1.4. Клиент Карточканың әрекет ету мерзімінің аяқталуынан 60 (алпыс) күнтізбелік күн бұрын Банкке Банк талаптарына сәйкес ресімделетін тиісті Өтініш ұсыну арқылы Карточканы автоматты түрде қайта шығарудан бас тартуға және Негізгі карточканы, сонымен бірге Карточкалардың әрекет ету мерзімдері аяқталғаннан кейін Қосымша карточкаларды өткізуге құқылы болады. Клиент Карточканың күшін жою туралы Өтінішті мерзімінде ұсынбаған жағдайда, Банк Клиенттен Тарифтерге сәйкес Карточкаға қызмет көрсету бойынша құнын төлеуді талап етуге құқылы.
Клиент Карточканың күшін жою туралы Өтініш берген күннен кешіктірмей қолданыстағы Берешегін өтеуге міндеттенеді. Клиент Шарттың осы бабында қарастырылған міндеттерді орындамаған жағдайда, Шарт тиісті бөлігінде Клиент Шарт бойынша өз міндеттемелерін толығымен орындағанға дейін әрекет етеді.
15.2. Клиенттің бастамасы бойынша Карточканы қайта шығару:
15.2.1. егер Шартта өзге түрі қарастырылмаса, Карточканы қайта шығару (Зергерлік карточкаларын қоспағанда) Банкке Клиентпен ұсынылған Клиенттің Банк талаптарына сәйкес ресімделетін Өтініші негізінде жүргізіледі;
15.2.2. Карточка (Зергерлік карточкасын қоспағанда) келесі жағдайларда қайта шығарылуы керек:
15.2.2.1. Карточканың әрекет ету мерзімі аяқталса;
15.2.2.2. Карточка зақымдалса;
15.2.2.3. Карточка жоғалса/ұрланса;
15.2.2.4. ПИН-код белгілі болып қалса;
15.2.2.5. Карточка ұстаушысы ПИН-кодты ұмытып қалса;
15.2.2.6. Клиенттің қалауы бойынша өзге де жағдайларда;
15.3. Клиенттің бастамасы бойынша Карточканы қайта шығару мына жағдайларда жүзеге асырылады:
15.3.1. Карт-шот бойынша Берешек, соның ішінде Рұқсатсыз Овердрафт болмаса;
15.3.2. кредит шартының (Кредит карточкалары үшін) әрекет ету мерзімі аяқталмаса.
15.4. Банк Тарифтерге сәйкес және жаңа карточканы шығару мен жеткізумен байланысты Банкте туындаған курьерлік/пошта шығындарын ескере отырып (ондайлар болса) Клиенттен жаңа Карточка жасау мен жеткізумен байланысты төлемді алады.
15.5. Карточка ұстаушысы және/немесе Клиент Карточканы қайта шығару кезінде Карточканы қайтармаған жағдайда, Клиент Банкте Карточканы алып алумен байланысты туындауы мүмкін кез келген қосымша шығындарды Банкке өтеп беруге міндеттенеді және барлық тәуекелдерді көтереді.
16. ДАУЛАРДЫ ҚАРАСТЫРУ ТӘРТІБІ. ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҚҰҚЫҚ.
16.1. Карточкалық операциялар бойынша дауларды реттеу:
16.1.1. Барлық мәселелер бойынша, соның ішінде Карт шот және/немесе Карточканы пайдаланумен байланысты мәселелер бойынша Клиент Банкке жазбаша сұратумен хабарласады, ал Банк шағымды қабылдаған жағдайда Клиенттің атынан Төлем жүйесінің алдында әрекет етеді. Клиенттің жазбаша сұратуын қарастыру мерзімі Банк осындай сұратуды алған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік

<p>құрайды.</p> <p>Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң желiсiнде Карточканы пайдалану арқылы операция жасалған жағдайда, Клиенттiң жазбаша сұратуын қарастыру мерзiмi осындай сұратуды алған күннен бастап 30 (отыз) күнтiзбелiк күннен асуы мүмкiн, бұл жайлы Клиентке Клиенттiң сұратуын қарастыру мерзiмi ұзартылған уақыттан бастап 3 (үш) күнтiзбелiк күннiң iшiнде жазбаша нысанда хабарланады.</p>
<p>16.1.2. Даулы карточкалық операция бойынша шағымдар Банкпен даулы Карточкалық операция жүргiзiлген күннен бастап 45 (қырық бес) күнтiзбелiк iшiнде тиiстi құжаттармен (слиптер, түбiртектер және т.б.) бiрге қабылданады. Олай болмаған жағдайда, жүргiзiлген Карточкалық операция расталған болып саналады, ал шағым Банкпен қабылданбауы мүмкiн. Шағым негiзделген болса, даулы Карточкалық операция бойынша Ақшаның сомасы Банкпен Карт-шотта даулы Карточкалық операция (транзакция) соның iшiнде Басқа Төлем жүйелерiнiң қатысушыларымен реттелгеннен кейiн және Банк даулы операция бойынша Ақшаның сомасын тиiстi Төлем жүйесi/серiктес-банктен алғаннан кейiн 3 (үш) Жұмыс күнiнiң iшiнде қалпына келтiрiледi;</p>
<p>16.2. Шарт Қолданыстағы заңнамамен реттеледi. Шартпен реттелмейтiн, бiрақ одан туындайтын барлық даулар Қолданыстағы заңнамамен, Карточканы пайдалану ережелерiмен, Төлем жүйелерiнiң ережелерiмен, халықаралық банктiк тәжiрибемен, iскерлiк айналым дәстүрлерiмен реттеледi.</p>
<p>16.3. Бiр Тарап екiншi Тарапқа мұндай шағымдар мен даулар туралы хабарлаған күннен бастап саналы мерзiмдерде Тараптар шағымдар мен дауларға қатысты келiсiмге келмеген жағдайда, Шартқа байланысты туындайтын немесе Шарт талаптарының бұзылуына қатысты барлық даулар, келiспеушiлiктер мен талаптар Қазақстан Республикасының соттарында түпкiлiктi шешiледi.</p>
<p>16.4. Клиенттiң шағымы негiзсiз деп танылған жағдайда, Клиент Банкке ұсынылған шағымды қарастырумен байланысты барлық шығындарды өтеп бередi.</p>
<p>16.5. Клиент қолының түпнұсқалылығы туралы мәселенi шешу барысында Тараптар мына ереженi басшылыққа алады: төлем құжатындағы қол егер ондағы қойылған қол Клиенттiң қол қою үлгiлерi көрсетiлген құжатта/жеке басын куәландыратын құжатта қойылған қолға сәйкес келмейтiн жағдайда жалған болып есептеледi.</p>
<p>16.6. Тараптар дауларды шешу кезiнде дәлелдеме ретiнде Карточкалық операцияны жүзеге асыру барысында электронды ақпарат таратқыштарда қалыптастырылған, Төлем жүйесiнен және/немесе процессiнгiлiк орталықтан және DB Manager карточкалық деректер базасынан алынған деректердi тану туралы келiсiмге келдi.</p>
<p>17. ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ</p>
<p>17.1. Тараптардың Шартқа байланысты бiр-бiрiне беретiн ақпараты, сонымен қатар Шартты бекiту айғағының өзi құпия ақпарат болып табылады және Қолданыстағы заңнама немесе Шарттың талаптарымен өзге түрi қарастырылмаса, екiншi Тараптың алдын ала жазбаша келiсiмiнсiз үшiншi тұлғаларға жарияланбайды.</p>
<p>17.2. Банк Клиентке және Шартқа сәйкес Банкпен көрсетiлетiн қызметтерге қатысты ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету үшiн өзiне қатысты барлық iс-шараларды қабылдайды.</p>
<p>17.3. Шарттың 1-бабында қарастырылғандай, Шартқа қосыла отырып, Клиент:</p>
<p>17.3.1. Зергерлiк карточкасын шығару/Қайта шығару (чиптi ауыстыру) кезiнде Банктiң Зергерлiк карточкасын жасау және жеткiзу мақсаттарында онымен Зергерлiк карточкасын жасау және жеткiзу туралы шарт бекiткен өзiнiң контрагентiне қажеттi ақпаратты, соның iшiнде банктiк құпияны құрайтын ақпаратты беруге құқылы болатындығына өзiнiң келiсiмiн бередi;</p>
<p>17.3.2. Карт-шот ашу, жүргiзу және жабу, Карточка шығару және оған қызмет көрсету, Шартпен қарастырылған өзге де операцияларды жүзеге асыру мақсаттары үшiн Банктiң онда бекiтiлген ақпарат жариялау деңгейiн сақтау қажеттiлiгiн белгiлейтiн Қолданыстағы заңнама, Банктiң iшкi құжаттарының ережелерiне сәйкес кез келген ақпаратты жариялауды талап етуге, ал Клиенттiң Банкке оның алғашқы талап етуiмен Банкпен белгiленген мерзiмдерде және Банктiң Шартпен қарастырылғандай құпиялылық шарттарын сақтауы арқылы кез келген ақпаратты ұсынуға мiндеттi екендiгiмен келiседi.</p>
<p>17.3.3. Клиент Банктi Шарттың негiзiнде, Клиенттiң қандай да бiр қосымша келiсiмiнсiз құпиялылық негiзiнде төмендегi үшiншi тұлғаларға ақпараттар ұсынуға уәкiлеттендiредi:</p>
<p>17.3.3.1. Клиент Банк алдында мiндеттемелерiн бұзған, немесе Клиент Қолданыстағы заңнама талаптарын бұзған жағдайларда Банктiң iрi қатысушылары болып табылатын заңды тұлғаларға, Банктiң аффилирленген заңды тұлғаларына, уәкiлеттi мемлекеттiк органдарға, соттарға, құқық қорғау органдарына (соның iшiнде алдын ала тексеру және/немесе тергеу органдарына, ұлттық қауiпсiздiк және/немесе мемлекеттiк қауiпсiздiк органдарына) олардың сұратуы бойынша, сондай-ақ Банк оларға Шарт бойынша талап ету құқықтарын табыстайтын кез келген үшiншi тұлғаларға – Клиентке және/немесе Шартқа және/немесе Банк пен Клиент арасында бекiтiлген басқа да шарттарға, соның iшiнде әрекет етуiн тоқтатқан шарттарға қатысы бар, Қолданыстағы заңнамаға сәйкес банктiк құпияны, сондай-ақ коммерциялық құпияны немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты беру;</p>
<p>17.3.3.2. талдау сауалнамаларын жүзеге асыру, берешектi қайтару, кеңес беру, заң, аудиторлық және басқа да қызметтердi iске асыруды қоса алғанда, бiрақ онымен шектелмей Банк, Банк акционерлерi және/немесе Банктiң аффилирленген тұлғаларымен жалданған немес келешекте жалданатын кез келген үшiншi тұлғаларға, ақша төлемi және/немесе аударымын жасауға қатысатын үшiншi тұлғаларға (соның iшiнде корреспондент банктерге, Карточкалар жүйелерiне және т.б.), кепiлдi мүлiктi тiркеудi жүзеге асыратын органдар және/немесе ұйымдарға, мәжбүрлi түрде соттан тыс тәрiпте мүлiктi өткiзудi жүзеге асыратын сенiмдi тұлғаға, аталған үшiншi тұлғаларға Банк, Банк акционерлерi және/немесе Банктiң аффилирленген тұлғаларының алдында өз мiндеттемелерiн орындау мүмкiндiгiн беру үшiн, яғни Қолданыстағы заңнама аясында өз қызметтерiн жүзеге асыру үшiн - Клиентке және/немесе Шартқа және/немесе Банк пен Клиент арасында бекiтiлген басқа да шарттарға, соның iшiнде әрекет етуiн тоқтатқан шарттарға қатысы бар, Қолданыстағы заңнамамен анықталғандай коммерциялық құпияны немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын, Банк, Банк акционерлерi және/немесе Банктiң аффилирленген тұлғаларына тиiстi түрде қызметтер көрсету үшiн, демек Қолданыстағы заңнама аясында өз қызметтерiн жүзеге асыру мақсатында ақпарат беру;</p>
<p>17.3.3.3. Қазақстан Республикасының уәкiлеттi мемлекеттiк органдарына, шетелдiк салық органдарына, соның iшiнде АҚШ салық органдарына (IRS) және шетелдiк салық агенттерiне Америка Құрама Штаттарының «Шетелдiк шоттардың салықтық режимi туралы» Заңымен FATCA (Foreign Account Tax Compliance Act) анықталған талаптарды жүзеге асыруы үшiн - Клиентке және/немесе Шартқа және/немесе Банк пен Клиент арасында бекiтiлген басқа да шарттарға, соның iшiнде әрекет етуiн тоқтатқан шарттарға қатысы бар, Қолданыстағы заңнамамен анықталғандай банктiк, сонымен қатар коммерциялық және/немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты беру;</p>
<p>Осы өкiлеттiк егер Банк, Банктiң акционерлерi, Банктiң үлестес тұлғалары осындай үшiншi тұлғалармен әрбiр нақты жағдайда рұқсат етiлетiн және қол жетiмдi болатын ақылға қонымды дәрежеде құпиялылықты сақтау туралы барлық қажеттi келiсiмдер жасағанда ғана жарамды болады.</p>
<p>18. ХАБАРЛАМАЛАР. ЖЕДЕЛ БАЙЛАНЫС ҚҰРАЛДАРЫН ПАЙДАЛАНУ.</p>
<p>18.1. Шартпен қарастырылған барлық Хабарламалар жазбаша нысанда қазақ және/немесе орыс және/немесе ағылшын тiлдерiнде жiберiледi және Клиентпен көрсетiлген пошталық мекенжай, электронды пошта мекенжайы (e-mail), SMS-хабарлама арқылы</p>

жіберіледі.
18.2. Осы арқылы Тараптар Банктен Клиентке жіберілетін кез келген Хабарламалар төмендегі жағдайлар орындалса, жазбаша нысанда құрылған және Клиентпен алынған болып есептелетіндігімен келіседі және растайды:
18.2.1. алу туралы қолхат беру арқылы қолма-қол тапсырылса;
18.2.2. курьерлік немесе пошталық қызмет арқылы жіберілсе;
18.2.3. электронды пошта (e-mail) мекенжайы/SMS-хабарлама арқылы жіберілсе;
18.2.4. көпшілікке көрінетін жерде Банк филиалдарының (құрылымдық бөлімшелерінің) операциялық залдарында орналастырылса;
18.2.5. бұқаралық ақпарат құралдарында, соның ішінде Банктің Веб-сайтында орналастырылса;
18.2.6. Банкоматтардың экрандарында орналастырылса;
18.3. Тараптар осы арқылы Клиенттен Банкке жіберілетін кез келген Хабарламалар төмендегі жағдайлар орындалса, жазбаша нысанда құрылған және Банктен алынған болып есептелетіндігімен келіседі және растайды:
18.3.1. алғандығы туралы қолхат алу арқылы Банктің уәкілетті қызметкеріне, соның ішінде Банк Кеңесінің қызметкеріне тапсырылса;
18.3.2. курьерлік немесе пошталық қызмет арқылы жіберілсе;
18.4. Осы бапқа сәйкес жіберілетін барлық Хабарламалар мына жағдайларда алынған болып есептеледі:
18.4.1. егер олар Клиентке, Банктің уәкілетті қызметкеріне қолма-қол тапсырылса – тапсыру күні;
18.4.2. егер олар курьерлік немесе пошталық қызмет арқылы жіберілсе – пошта жөнелтімі жеткізілген күні;
18.4.3. егер басқа түрі хабардың мәтінінде қарастырылмаса, орналастыру күні олар Банк филиалдарының және олардың құрылымдық бөлімшелерінің операциялық залдарында, бұқаралық ақпарат құралдарында, соның ішінде Банктің Веб-сайтында немесе банкоматтардың экрандарында орналастырылса;
18.4.4. Клиентке хабарлама жіберу күні олар электронды поштаның (e-mail) мекенжайы бойынша/ SMS-хабарламамен жіберілсе. Бұл ретте Клиентке Хабарламаның жіберілуі мен жеткізілген күні айғағының нақты дәлелі қажетті ақпараттан тұратын растама болып табылады (мысалы: электронды мекенжай (e-mail), телефон нөмірі, Хабарламаның жіберілген күні мен уақытын және т.б. көрсету арқылы жіберілген Хабарламаның көшірмесі).
18.5. Өзге түрі Шартпен қарастырылмаса, Клиент пошталық мекенжайын, электронды мекенжайын (e-mail), телефон нөмірін немесе қандай да бір деректемелерін өзгертуге жағдайда, ол бұл жөнінде Шартпен қарастырылған тәртіпке сәйкес 5 (бес) Жұмыс күнінен аспайтын мерзімде Банкке хабарлауға міндетті болады.
18.6. Шарт немесе Тараптардың өзге де жазбаша келісімімен басқа түрі қарастырылмаса, Хабарламалар мұндай Хабарламаларда көрсетілген жағдайлар туындағанға/өзгергенге/тоқтатылғанға дейін 5 (бес) Жұмыс күнінен кешіктірмей жіберіледі.
18.7. Клиент үшінші тұлғалардың кез келген қасақана әрекеттерін, соның ішінде алаяқтық, жіберілген ақпаратқа уәкілетсіз қолжетімділікті, сонымен бірге жедел байланыс құралдары, қызмет жеткізушілері, хабарлар мен хабарламаларды беруге арналған жабдық жұмысындағы олқылықтардың салдарынан орын алған, оны Клиент/Банк алғанға дейін мұндай ақпараттың жоғалып кетуін қоса алғанда, бірақ мұнымен шектелмей, өзіне жедел байланыс құралдарын пайдалану бойынша тұтастай және кез келген тәуекелді қабылдайды.
19. ШАРТТЫҢ ӘРЕКЕТ ЕТУ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ОНЫ БУЗУ ТӘРТІБІ. КАРТ-ШОТТЫ ЖАБУ.
19.1. Шарттың әрекет ету мерзімі шектелмеген және Шартпен өзге түрі қарастырылмаса Тараптардың мүдделерінің болуымен анықталады. Шарт Карт-шот жабылғанға дейін, ал есеп айырысулар бөлігінде – олар толығымен орындалғанға дейін әрекет етеді.
19.2. Банктен ерекше қарым-қатынастармен байланысты тұлға болып табылатын Клиентпен Шартты бекіту Қазақстан Республикасының заңнамасына, Банктің Жарғысы мен ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.
19.3. Қолданыстағы заңнама және/немесе Шартқа сәйкес Карт-шоттың жабылуына кедергі келтіретін негіздемелер болмайтын жағдайда, Карт-шот Банктің немесе Клиенттің бастамасы бойынша жабылуы мүмкін.
19.4. Банк пен Клиент арасында бекітілген кемінде бір қолданыстағы шартта оған және/немесе одан Тараптар арасындағы осындай шартпен қарастырылған өзара есепайырысулар жүргізілетін банктік шот ретінде Карт-шотқа сілтеме жасалатын жағдайда, Клиенттің Карт-шотты жабуға құқығы жоқ. Бұл жағдайда Тараптар Банкте ашылған басқа банктік шот нөмірін немесе Карт-шотты қолданусыз Тараптар арасында есеп айырысу жүргізудің басқа әдісін көрсету бөлігінде осындай шарттарға өзгертулер енгізу үшін барлық шараларды қабылдауға міндеттенеді.
19.5. Клиент Қолданыстағы заңнамамен бұзған, Банкте Карт-шоттың болуымен байланысты өз міндеттемелерін орындамаған, Рұқсатсыз Овердрафт туындаған, банктік қарыз шарты (кредит лимитін ұсыну туралы) тоқтатылған немесе ол мерзімінен бұрын бұзылған (Кредит Карточкалары үшін), 1 (бір) жылдан аса уақыт бойы Карт-шотта ақша болмаған немесе Карт-шотта ақша қозғалысы болмаған жағдайларда, сондай-ақ Банктің пікірі бойынша ол үшін жағымсыз салдарлар туғызатын жағдайлар орын алса немесе Банктің таңдауы бойынша өзге де жағдайларда Банктің бастамасы бойынша Карт-шотты жабуға рұқсат етіледі.
19.6. Қолданыстағы заңнамамен қарастырылған жағдайларды қоспағанда орындалмаған қаржылық немесе басқа да міндеттемелер болған жағдайда, Шарт бұзылмайды және Карт-шот жабылмайды. Клиенттің бастамасы бойынша Карт-шотты жабуға Клиент барлық Берешекті өтеген және қолданыстағы даулы жағдайларды түпкілікті реттеген жағдайларда жол беріледі.
19.7. Клиенттің бастамасы бойынша Карт-шотты жабуды Банк Клиенттің тиісті Өтінішін және қажет болған жағдайда Банктің ішкі құжаттарымен қарастырылған басқа да құжаттарды алған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде жүргізіледі.
19.8. Басқа мерзім Қолданыстағы заңнамамен қарастырылмаса, Банктің бастамасы бойынша Карт-шотты жабуды Банк Шартты бұзудың болжамды күнінен 10 (он) Жұмыс күні бұрын бұл туралы Клиентке хабарлауы арқылы жүзеге асыруға құқылы болады.
19.9. Тараптардың кез келгенінің бастамасы бойынша Карт-шот жабылған жағдайда, Банк Карточкаларды қайта шығармайды және Карточкалар күшін жояды: Карт-шот Клиенттің бастамасы бойынша жабылған жағдайда – Шартты бұзудың Клиентпен көрсетілген күні, ал Карт-шот Банктің бастамасы бойынша жабылған жағдайда - Шартты бұзудың Банктен көрсетілген күні. Бұл ретте Карточка ұстаушысы Банкке Зергерлік карточкаларды қоспағанда (басқа түрі Шартпен қарастырылмаса) Шартқа сәйкес шығарылған барлық Карточкаларды қайтарады.
19.10. Егер бұған Қолданыстағы заңнамамен рұқсат етілсе, Клиент барлық қолданыстағы міндеттемелерді орындағаннан кейін 5 (бес) Жұмыс күнінің ішінде Карт-шоттағы Ақша қалдығы Клиентке қолма-қол ақшамен төленеді немесе Клиенттің жазбаша нұсқауы бойынша Банктегі немесе басқа банктегі банктік шотына немесе Қолданыстағы заңнамаға сәйкес нотариустың депозитіне аударылады.
19.11. Тараптар Шарт тоқтатылған жағдайда (негіздемелеріне байланыссыз) Шарттың Банктің Шарт пен Карт-шот ашу және ол бойынша операциялар жүргізумен байланысты құжаттарды сақтауы үшін Қолданыстағы заңнамамен белгіленген мерзімдер аяқталғанға дейін өз күшін сақтайтын 16-бабын (Құпиялылық) қоспағанда өзінің әрекет етуін тоқтататындығымен келіседі.
20. ШАРТТЫ ӨЗГЕРТУ ТӘРТІБІ
20.1. Банк Клиентпен алдын ала келісусіз біржақты тәртіпте Шартқа өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізуге құқылы. Шартқа

<p>енгізілген өзгертулер және/немесе толықтырулар туралы Банк Клиентке осындай өзгертулер және/немесе толықтырулар күшіне енгенге дейін 15 (он бес) күнтізбелік күн бұрын мына әдістердің бірі арқылы хабарлайды: Банктің Веб-сайтында ақпарат жариялау, Клиенттің электронды пошта (e-mail) мекенжайына тиісті Хабарлама, SMS-хабарлар жіберу, ақпаратты Банк филиалдарының (құрылымдық бөлімшелерінің) операциялық залдарындағы көпшілікке көрінетін жерлеріне, Банкомат экрандарына орналастыру арқылы.</p>
<p>20.2. Клиентке Шартқа өзгертулер және/немесе толықтырулардың енгізілгендігі туралы хабарлаған уақыттан бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннің ішінде Клиенттің Банкке енгізілген өзгертулер және/немесе толықтыруларды ескере отырып Шарттың ережелерін қабылдау туралы Мәлімдеме ұсынбауы Клиенттің Шарттың жаңа редакциясымен (өзгертілген/толықтырылған) келісетіндігін және енгізілген өзгертулер және/немесе толықтыруларды ескеру арқылы оған тұтастай қосылатындығын білдіреді.</p>
<p>20.3. Шартқа өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізілгеннен кейін ол өзгертілген/толықтырылған түрде әрекет етуін жалғастырады.</p>
<p>20.4. Шартқа енгізілген өзгертулер және/немесе толықтырулармен келіспейтін жағдайда, Қолданыстағы заңнама мен Шартпен өзге түрі қарастырылмаса, Клиент тиісті түрдегі Өтініш жасау арқылы Шартты бұзуға құқылы. Бұл жағдайда Карточка Карточка ұстаушысымен Банкке қайтарылады және күші жойылады.</p>
<p>21. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР</p>
<p>Клиенттің хабарсыз жоғалуы, өлімі.</p>
<p>21.1. Клиенттің із-түзсіз жоғалуы/өлімі/қайтыс болуы туралы хабарлама алғаннан кейін Банк Шарттың негізінде Карт-шот және/немесе Карточка бойынша операциялардың жүргізілуін тоқтатуға құқылы. Банк Клиенттің із-түзсіз жоғалуы/өлімі/қайтыс болу айғағын растайтын құжаттың тиісті түрде куәландырылған көшірмесін алғаннан кейін хабардар болған болып есептеледі.</p>
<p>21.2. Қайтыс болған/өлі деп танылған Клиенттің Карт-шотынан Ақша Тарифтерге сәйкес Банк комиссияларын алып тастағанда Қолданыстағы заңнама, Банктің ішкі құжаттарымен белгіленген мерзімде және құжаттарға сәйкес мұрагерлеріне/Қолданыстағы заңнамаға сәйкес уәкілетті өзге де тұлғаларға беріледі.</p>
<p>21.3. Қолданыстағы заңнамамен белгіленген тәртіпте Клиент өзінің өлімі жағдайында Карт-шоттағы Ақша берілуі тиіс тұлғаларды көрсету құқығына ие болады.</p>
<p>Құқықтарды табыстау.</p>
<p>21.4. Құқықтарды табыстау Қолданыстағы заңнамамен белгіленген тәртіпке қайшы келмейтін уақытқа дейін Банк Шарт бойынша өзінің кез келген құқықтары немесе міндеттемелерін шеттетуге немесе табыстауға құқылы. Мұндай шеттету, тапсыру немесе аудару Клиенттің қосымша келісімін талап етпейді.</p>
<p>21.5. Клиент Банктің алдын ала жазбаша келісімінсіз өзінің Шартқа сәйкес қандай да бір құқықтары немесе міндеттемелерін шеттетуге немесе табыстауға құқылы болмайды.</p>
<p>21.6. Шарт Тараптар, олардың құқықтық мұрагерлері мен уәкілетті тұлғалары үшін орындалуға міндетті болып табылады.</p>
<p>21.7. Банк оған Шарт бойынша құқықтар немесе міндеттер шеттеткен/табыстаған үшінші тұлғада үшінші тұлғаны қылмыстық әрекеттерге тарту жағдайларының алдын алу бойынша тиісті процедуралар және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру, терроризм, алаяқтық, жемқорлық сияқты ақшаларды жылыстату сұлбалары болса, немесе аталған процедуралар осындай үшінші тұлға резиденттілігі елінің заңнамасымен белгіленсе, Клиент аталған үшінші тұлғаның алғашқы талап етуі бойынша осындай үшінші тұлғамен белгіленген мерзімдерде аталған үшінші тұлға үшінші тұлғаның қолданысындағы және/немесе оның резиденттілігі елінің заңнамасымен белгіленген тиісті тексеру жүргізуге қажетті процедуралардың барлық талаптарын немесе өзге де осы тәрізді басқа да процедураларды жүзеге асыру және сақтау мүмкіндігіне ие болуы үшін қажетті құжаттама мен ақпаратты ұсынуға немесе ұсынылуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.</p>
<p>Шарттың тұтастығы.</p>
<p>21.8. Шарт оның мәніне қарай Тараптардың толықтай өзара түсіністігін білдіреді және Тараптар арасында Шарт талаптарына қатысты болған барлық бұның алдындағы жазбаша немесе ауызша келісімдер немесе уағдаластықтардың орнын басады.</p>
<p>Шарттың бөлінгіштігі.</p>
<p>21.9. Егер Шарттың қандай да бір ережесі күшін жоғалтса, жарамсыз немесе заңсыз болып қалса, бұл Шарттың қалған ережелерінің шынайылығы мен заңдылығына ықпал етпеуі немесе төмендетпеуі керек. Мұндай жағдайларда Тараптар жарамсыз ережелерді жаңа заңды мәні бар ережелерге ауыстыру үшін бар күштерін салады.</p>
<p>Құқықтардан бас тартудың жарамсыздығы.</p>
<p>21.10. Егер Тараптардың біреуі Шарт бойынша құқықтардың кез келгенін қолданбаса немесе мерзімінде қолданбаса, бұл Шартта арнайы қарастырылған жағдайларды қоспағанда құқықтардан бас тарту ретінде бағаланбауы керек және Тараптардың құқықтарына ықпал етпеуі керек.</p>
<p>Клиенттің мәлімдемелері және кепілдіктері.</p>
<p>21.11. Шарттың 1-бабында қарастырылғандай Шартқа қосыла отырып, Клиент төмендегілерді растайды:</p>
<p>21.11.1. Карточка ұстаушысымен ұсынылған, Шартты бекіту мен орындау мақсатында берілген барлық ақпарат шынайы, толық және нақты болып табылады/табылатын болады;</p>
<p>21.11.2. Шартты бекіту оның бір тарабы Клиент болып табылатын кез келген шарттарға, сондай-ақ Клиент оларды сақтауы тиіс немесе оған қатысты қолданылатын басқа да талаптарға, соның ішінде Қолданыстағы заңнама мен Клиент резиденттілігі елінің заңнамасына қайшы емес, және қайшы келмейтін болады;</p>
<p>21.12. Клиент Банктің оны қылмыстық әрекеттерге және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру, терроризм, алаяқтық, жемқорлық сияқты ақшаларды жылыстату және т.б. сұлбаларына тартудың алдын алу бойынша белсенді жұмыс істейтіндігін мойындайды және онымен келіседі. Банк жұмысының стандарттары Банктің беделін сақтау мен қорғауға, сонымен бірге клиенттердің Банкке деген сенімін сақтауға бағытталған.</p>
<p>21.13. Осы арқылы Клиент дербес деректер субъектісінің Клиентпен Шарт бойынша Банкке берілген және келешекте Банкке берілуі тиіс дербес деректеріне қатысты, сондай-ақ Қолданыстағы заңнама және (немесе) Банктің ішкі құжаттарына сәйкес басқа да жағдайларда аталған дербес деректерді жинау, өңдеу қажеттілігі туындайтын жағдайда, Клиенттің өзі ұсынған дербес деректер субъектілерінен дербес деректерді жинау мен өңдеу, дербес деректерді үшінші тұлғаларға, соның ішінде Банкке беру, оларды Банктің жинауы мен өңдеуіне, егер оларды табыстауға Қолданыстағы заңнамамен тыйым салынбаса немесе шектеу қойылмаса, тиісті шетел мемлекетінің берілетін дербес деректерді қорғауды қамтамасыз етуіне қарамастан дербес деректерді трансшекаралық тапсыруға келісім алғандығын мәлімдейді.</p>
<p>Банкпен анықталатын қажеттілік жағдайында, Клиент Банкке дербес деректерді жинау және өңдеу, дербес деректерді үшінші тұлғаларға, соның ішінде Банкке беру, оларды Банктің өңдеуі мен жинауы, трансшекаралық табыстауға байланысты Клиенттің дербес деректер субъектілерінен жинаған келісімдерінің бар екендігінің құжат жүзіндегі растамасын ұсынады.</p>

<p>Жоғарыда көрсетілген келісімдердің болмауы бойынша жауапкершілік Клиентке жүктеледі. Дербес деректер туралы заңнаманың бұзылғандығы үшін Банкке қандай да бір шаралар қабылдау жағдайында Клиент Банкке оның талап етуі бойынша Банкте туындаған шығындар мен шығыстарды өтеуге міндеттенеді.</p>
<p>Жемқорлыққа қарсы түсініктеме. 21.14. Өздерінің Шарт бойынша міндеттемелерін орындаған жағдайда, Тараптар, олардың аффилирленген тұлғалары:</p>
<p>21.14.1. қандай да бір заңға қайшы басымдықтар немесе басқа да заңсыз мақсаттарға қол жеткізу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттері немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тура немесе жанама түрде Ақша немесе құндылықтар төлемейді, төлеуді ұсынбайды және олардың төлеуіне рұқсат бермейді;</p>
<p>21.14.2. Қолданыстағы заңнамамен пара беру/алу, коммерциялық сатып алу, жемқорлық ретінде жіктелетін әрекеттер орындамайды.</p>
<p>21.15. Шарт Тараптарының әрқайсысы екінші Тараптың қызметкерлерін қандай да бір жолмен ынталандырудан, соның ішінде екінші Тараптың қызметкерін өзіне бағынышты ететін және осы қызметкердің оны ынталандырушы Тараптың пайдасына белгілі бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған Ақша, сыйлықтар беру, олардың жұмыстарын (қызметтерін) тегін орындау арқылы және осы тармақта аталмаған басқа да кез келген әдістермен ынталандырудан бас тартады.</p>
<p>Тарап қызметкерінің оны ынталандырушы Тараптың пайдасына жасалатын әрекеттері ретінде келесілер түсінідіріледі:</p>
<p>а) басқа контрагенттермен салыстырғанда жөнсіз басымдықтар беру;</p>
<p>б) қандай да бір кепілдіктер ұсыну;</p>
<p>в) тиісті процедураларды жеделдету;</p>
<p>г) өзінің лауазымдық міндеттемелерінің аясында қызметкерлермен орындалатын, бірақ Тараптар арасындағы өзара арақатынастардың ашықтығы мен анықтығы қағидаттарына қарсы болатын басқа да іс-әрекеттер.</p>
<p>Тақырыптар. 21.16. Баптардың орналасу тәртібі, баптардың атаулары және Шартта қолданылатын басқа да тақырыптар қолайлылық үшін қолданылған және қандай да бір шектеулер, сипаттамалар немесе Шарттың қандай да бір ережелеріне қатысты түсініктемеден тұрмайды.</p>
<p>Тілі. 21.17. Шарт орыс және қазақ тілдерінде жасалған. Шарттың қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндері сәйкес келмейтін жағдайда, Шарттың орыс тіліндегі мәтіні басым күшке ие болады.</p>
<p>Өзге жағдайлар. 21.18. Клиенттің талап етуі бойынша Шарт оған Карт-шот ашу және оларды пайдалану, орындау және сақтау қолайлылығы үшін Шартпен қарастырылған өзге де қызметтер көрсету кезінде тапсырылады. Клиент Шартпен қарастырылғандардан бөлек Банкпен ұсынылатын басқа да қызметтерді пайдалануға ниет білдірген жағдайда, тиісті қызметтер көрсету бойынша жекелеген шарттар бекіту, сондай-ақ Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен және/немесе Банктің ішкі құжаттарымен қарастырылған басқа да талаптардың сақталуы талап етіледі.</p>
<p>21.19. Банктің деректемелері «АТФБанк» АҚ Қазақстан Республикасы, А25D5F7, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 36, БСН 951140000151 «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі» РММ ЖСК KZ87125KZT1001300216 БСК NBRKKZKX Телефоны: +7(727)258-30-00; факс: +7(727)250-19-95</p>

Кәсіпкерлік қызмет, адвокаттық қызмет, жеке нотариалдық қызмет,
жеке сот орындаушысының қызметі, кәсіби медиатордың қызметін
жүзеге асыратын жеке тұлғамен
ағымдағы шот ашу және төлем карточкасын шығару
туралы шартқа
№1 Қосымша

Шартта қолданылатын терминдер

Қуаттау - Эмитент банктің Карточкалық операция жүргізуге берген рұқсаты. Шарттың аясында жүзеге асырылатындар: телефон байланысын пайдалану арқылы жүзеге асырылатын дыбыстық Қуаттау және электронды құрылғыларды пайдалану арқылы жүзеге асырылатын автоматтандырылған Қуаттау.

Карточканың күшін жою/Карточканы жою – Карточканы жарамсыз деп тану және оны айналымнан шығару.

Банк – тиісті филиалымен (құрылымдық бөлімшесімен) танытылған «АТФБанк» АҚ.

Эмитент банк – Карточкалар шығаруды жүзеге асыратын банк.

Бенефициар – тапсырма немесе талапта төлем және/немесе Ақша аударымын жүзеге асыру барысында Ақшаларды алушы ретінде көрсетілген тұлға.

Байланыссыз карточка – Карточка ұстаушысына операцияны жүргізу кезінде төлемдерді Карточка мен электронды терминалдар немесе өзге де құрылғылардың жанасуын талап етпейтін, сымсыз байланыс технологиясын пайдаланбастан байланыссыз әдіспен төлемдерді жүзеге асыру мүмкіндігін беретін карточка. Байланыссыз карточканы пайдалану арқылы төлемдер Қолданыстағы заңнама, Төлем жүйелерінің ережелері мен Банктің ішкі құжаттарымен белгіленген сомалардың (лимиттердің) шегінде жүзеге асырылады. Банктің Байланыссыз карточка ретінде Карточка шығару мүмкіндігі Банктің ішкі құжаттарына сәйкес анықталады.

Байланыссыз ридер – Байланыссыз карточкаларды пайдалану арқылы Карточкалық операцияларды жүзеге асыруға арналған электронды құрылғы.

Банкомат - Қолма-қол Ақшаларды беру және/немесе енгізу, Карт-шот бойынша анықтамалар алу және/немесе Карточка ұстаушысының Карточканы пайдалану арқылы Банктің қосымша қызметтерін алуына арналған электронды-механикалық құрылғылардың бір түрі, олардың ауқымы Банкоматтың және оның жұмыс бағдарламасының техникалық мүмкіндіктеріне байланысты болады.

Карточканы оқшаулау – Карточкалық операциялар жүргізу бойынша толық немесе уақытша тыйым салу (оны қызмет көрсету үшін ұсыну кезінде Карточканы алып алусыз).

Банктің веб-сайты – www.atfbank.kz

Карточка/ПИН-конвертті алу туралы тізімдеме – Карточка ұстаушысы мен басқа уәкілетті тұлғамен Банкпен белгіленген нысанда қол қойылатын және Карточканы/ПИН-конвертті алу айғағын растайтын құжат.

Үзінді – Банктің автоматтандырылған ақпараттық жүйесінен алынған, Карт-шот бойынша орын алған транзакциялар/өткізбелер туралы ақпарат. Үзінді Клиентке қағаз түрінде немесе электронды түрде ұсынылуы мүмкін. Шарттың мәтінде бухгалтерлік өткізбелерден алынған үзінділер тиісті түрде ресімделген құжаттар болып табылады және егер олар Карт-шот бойынша жүргізілген транзакциялар туралы қағаз таратқыштағы ақпарат түрінде болса немесе Банктің электронды мөртаңбасымен куәландырылса, Қолданыстағы заңнамамен өзге түрі қарастырылмаған жағдайда қандай да бір қосымша куәландыру және/немесе тексеруді талап етпейді. Карт-шот бойынша операциялар Үзіндіде көрсетілген операцияның жасалған күні іске асырылған болып саналады.

Дебеттік Карточка – Карточка ұстаушысына Карт-шоттағы Ақшалар сомасының шегінде Карточкалық операцияларды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін Карточка.

Кредит лимиті бар дебеттік карточка – Карточка ұстаушысына Карт-шоттағы Ақшалар сомасының шегінде, ал Карт-шотта Ақшалар болмайтын жағдайда – банктік қарыз шартында (кредит лимитін ұсыну туралы) қарастырылған жағдайлар мен тәртіпте ұсынылатын кредит лимиті сомасының шегінде Карточкалық операцияларды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін Карточка.

Қолданыстағы заңнама – Қазақстан Республикасының белгіленген тәртіпте референдумда немесе уәкілетті мемлекеттік орган немесе мемлекеттік лауазымды тұлғасымен қабылданған нормативтік құқықтық актілердің жиынтығынан тұратын заңнамасы.

Ақша – кез келген валюталардағы қолма-қол және қолма-қол емес ақшалар.

Карточка ұстаушысы – соның атына Негізгі карточка және/немесе Қосымша карточка шығарылатын жеке тұлға.

Қосымша карточка – Клиенттің және/немесе жеке тұлға болып табылатын үшінші тұлғаның атына ресімделген қосымша шығарылған карточка, соның ішінде Зергерлік карточкасы. Қосымша карточканың әрекет ету мерзімі аяқталған, сонымен бірге Карточка жоғалған, зақымдалған немесе ұрланған жағдайларда, Қосымша карточканың орнына шығарылған Карточка Қосымша карточка болып табылады.

е-ПИН – Банкпен Карточка ұстаушысына SMS-хабарлама арқылы берілетін және Карточка ұстаушысымен оның бұдан әрі Банкомат арқылы Шартпен қарастырылған тәртіпте ПИН-код белгілеуі мақсатында қолданылатын бір реттік құпия сөз. е-ПИН Карточка ұстаушысымен ПИН-кодты белгілеу операциясы үшін ғана қолданылуы мүмкін.

Берешек – кредит бойынша нақты алынған Негізгі борыш, Банктің сыйақысы, комиссиялық сыйақысы және Клиентте Банкке қатысты Шарттың және/немесе банктік қарыз шартының талаптарына сәйкес туындауы мүмкін өзге де қарыздарын қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей, Клиенттің Шарт және/немесе банктік қарыз шарты бойынша барлық және кез келген қарыздары. Клиенттің банктік қарыз шарты бойынша Берешек сомасы Банкпен көрсетілген шартқа қарастырылған тәртіпте есептеледі.

Жалақы жобасы – Банк пен Клиенттің жұмыс берушісі арасында бекітілген заңды тұлға/жеке кәсіпкердің қызметкерлеріне төленуі тиіс жалақы және басқа да төлемдерді төлеу тәртібі туралы шарттан туындайтын қарым-қатынастар. Клиентті Жалақы жобасына енгізуді Банк Клиенттің тиісті Өтінішінің (қажет болған жағдайда Банкке растаушы құжаттарды ұсыну арқылы) және/немесе Клиенттің жұмыс берушісінің Банк пен Клиенттің жұмыс берушісінің шарттық қарым-қатынастарына сәйкес Банкке ұсынылған хабарламасының негізінде жүзеге асырады.

Өтініш – Карточка ұстаушысының соның негізінде Банкпен Шарттың аясында банктік қызмет көрсету бойынша құқықтық қатынастар белгілеу және жүзеге асырумен байланысты іс-әрекеттер орындалатын жазбаша келісімі.

Қосылу туралы өтініш – Клиенттің Банкпен белгіленген нысан бойынша құрылған Шартқа қосылу туралы өтініші.

Импринтер – Слиптің бланкісіне Карточканың беткі жағындағы бедерді түсіріп алу үшін қолданылатын механикалық құрылғы.

Импринтер қызмет көрсету орнының атауы мен мекенжайынан тұратын арнайы клишемен жабдықталады.

Интернет – электронды ортада ақпаратты сақтау, беру және алмасуға арналған бағдарламалық-техникалық және ұйымдастырушылық құралдардың жиынтығы.

PP картасы (Priority Pass) – өзінің иесі – Карточка ұстаушысына – және оны сүйемелдеуші тұлғаларға дүние жүзіндегі әуежайлардың күту залдарына қолжетімділік құқығын, сонымен бірге ұшу класына немесе қолданылатын әуе компаниясына байланыссыз күтудің VIP-залдарында болу кезінде артықшылықтар мен қызмет көру құқығын беретін Priority Pass пластикалық карточкасы. Атауларын, болатын орындарын, шығу бойынша талаптарды және барлық күту залдары бойынша пайдалану ережелерін көрсете отырып, әуежайлардың күту залдарының тізімі Priority Pass компаниялар тобымен және Priority Pass (PP компаниясы) бағдарламасына қатысатын басқа да сервистік кәсіпорындармен анықталады.

Карточка – электронды құрылғылар арқылы Ақшаларға қолжетімділікті қамтамасыз ететін, Карточка ұстаушысына Карточкалық операцияларды жүзеге асыруға қажетті ақпараттан тұратын төлем карточкасы. Карточка Негізгі немесе Қосымша болуы мүмкін, олар бірлесіп Шарттың мәтіні бойынша «Карточка» немесе тиісінше «Негізгі карточка» және «Қосымша карточка» деп аталады.

Карточкалық операциялар – Қолданыстағы заңнама, Төлем жүйесі ережелері, халықаралық банктік тәжірибе, іскерлік айналым дәстүрлерімен қарастырылған, Карточканы немесе оның деректемелерін (Карточканың нөмірі, әрекет ету мерзімі) және/немесе Карт-шотты пайдалану арқылы жүргізлетін төлемдер, аударымдар, қолма-қол Ақшалар алу, айырбастау бойынша (айырбастау операциялары) қызметтер, Карт-шотқа есепке алу, Карт-шоттың жағдайы туралы ақпарат алу және өзге де операциялар.

Карт-шот – Банкпен Шарттың аясында Клиентке шығарылатын, ол бойынша Карточкаларды пайдалану арқылы операциялар, сонымен бірге Қолданыстағы заңнама мен Шартпен қарастырылған өзге де операциялар көрініс беретін кез келген валютадағы банктік (ағымдағы) шот.

Клиент – өзі немесе өзінің Өкілі арқылы белгіленген тәртіпте Шарт бекіткен, оның атына Карт-шот ашылатын және Негізгі карточка шығарылатын, Кәсіпкерлік қызмет, адвокаттық қызмет, жеке нотариалдық қызмет, жеке сот орындаушысының қызметі, кәсіби медиатордың қызметін жүзеге асыратын жеке тұлға.

Қуаттау коды – Банкпен немесе тиісті Төлем жүйесімен жүргізілген Қуаттауға қатысты берілген нөмірді белгілейтін әріптік-сандық символдардың бірегей жиынтығы.

Қодтық сөз – Клиентпен/Клиент болып табылмайтын Қосымша карточка ұстаушысымен таңдалған және Қосылу туралы өтініште/Қосымша карточка шығару туралы өтініште көрсетілген, Тараптармен Клиентті/Клиент болып табылмайтын Қосымша карточка ұстаушысын телефон немесе басқа да байланыс арқылы сәйкестендіру үшін қолданылатын, сондай-ақ Шартқа сәйкес 3D Secure қызметін әрі қарай қуаттау коды да болып саналатын символдардың (әріптер және/немесе сандардың) жиынтығы.

Байланыс орталығы – Банктің (немесе Төлем жүйесінің басқа қатысушысының) Карточка ұстаушысы Банкке телефон арқылы хабарласқан уақытта дыбыстық Қуаттауды жүргізетін және Карточка ұстаушысының атынан немесе Банктің бастамасы бойынша Карточканы оқшаулауды жүзеге асыратын, сонымен бірге Карточка ұстаушыларына, соның ішінде әлеуетті Карточка ұстаушыларына Банктің өнімдері және/немесе қызметтері туралы кеңестер беретін, Карточка ұстаушыларына Банктің ішкі құжаттарымен және/немесе тиісті шарттарымен белгіленген көлемде қашықтан қызмет көрсететін құрылымдық бөлімшесі. Байланыс орталығы тәулік бойы және демалыс күндерінсіз жұмыс істейді.

Кредиттік карточка – Банктік қарыз шартында (кредит лимитін ұсыну туралы) қарастырылған жағдайлар мен тәртіпте ұсынылатын кредит лимиті сомасының шегінде Карточка ұстаушысына Карточкалық операциялар жүргізуге мүмкіндік беретін карточка.

Мобильді төлем терминалы (mPOS-терминал) – («mobile Point of sale» ағылшын сөз тіркесінің қысқартылған мағынасы – ұялы сатылым нүктесі) мобильді құрылғыға (ақпарат енгізудің электронды құрылғысы, 3,5 мм TRS жалғағышымен жабдықталған) (құлаққаптарға арналған стандартты жалғағыш) сенсорлы экранмен (ақпарат енгізудің оған қол тигізуді сезетін экраннан тұратын құрылғысы) және Android немесе iOS операциялық жүйесімен қосылатын, берілген ақпаратты беру немесе қабылдау үшін электрлік байланыс дабылдарын қалыптастырушы (абонентпен/пайдаланушымен), ұялы байланыс операторының желісіне қосылған және/немесе Интернет желісіне қолжетімділігі бар) және соның негізінде Карточка ұстаушысы Кәсіпкермен өткізілетін тауарлар, жұмыстар және/немесе қызметтерді төлейтін «Pay-Me» орнатылған мобильді қосымша арқылы (Google Play және AppStore-де қолжетімді) Карточканы қабылдау, алынған деректерді шифрлеу және оларды одан әрі мобильді құрылғы арқылы шифрленген түрде процессингтік орталыққа жіберу қызметін атқаратын) электронды модуль.

Мультивалюталық карточка – Карточка ұстаушысына Карт-шоттағы Ақша қалдығының есебін жүргізу, сонымен бірге Шарт пен Банктің ішкі құжаттарына сәйкес бірнеше валютада операциялар жүргізу мүмкіндігін беретін карточка.

Рұқсатсыз Овердрафт – Карт-шотта Ақша жеткіліксіз болған және Банк пен Клиент арасында кредит сомасын овердрафт ретінде пайдалану мүмкіндігін қарастыратын тиісті түрде ресімделген банктік қарыз шарты (кредит лимитін ұсыну туралы) болмайтын жағдайда, Карт-шоттағы Клиентпен жол берілген дебеттік баланс. Сондай-ақ Шарттың 5.16. тармағында көрсетілген жағдай да Рұқсатсыз овердрафт болып есептеледі.

Рұқсатсыз операция – операция/төлем бойынша рұқсаттың болу талаптарын бұзу арқылы Карточка немесе оның Деректемелерін, сонымен бірге жалған Карточканы пайдалану арқылы жүзеге асырылған операция/төлем.

Карт-шоттың нөмірі (IBAN) – Ақшаларды есепке алу мақсаттары үшін Банкпен Клиентке берілген жеке сәйкестендіру коды.

Операциялық күн – Шарт және Карточкалық операциялар жүргізу мақсаттары үшін – Банктің карточкалық жүйесіндегі алдыңғы операциялық күн жабылған уақыттан бастап ағымдағы операциялық күн жабылғанға дейінгі кезең. Банктің операциялық жүйесінде операциялық күн/ай/жылдың жабылу тәртібі Банктің шешімімен анықталады. Банктің карточкалық жүйесіндегі алдыңғы операциялық күнді жабу процедурасы басталғаннан кейін жасалған Карточкалық операциялар Банктің карточкалық жүйесінің келесі операциялық күнімен ескеріледі.

Негізгі карточка – Карт-шот ашу кезінде Клиенттің атына шығарылған және ресімделген карточка. Негізгі карточканың әрекет ету мерзімі аяқталғаннан кейін, сонымен бірге ол жоғалған, зақымдалған немесе ұрланған жағдайларда, Негізгі карточканың орнына шығарылған Карточка Негізгі карточка болып есептеледі.

Пакет – Банкте банктік шот ашу және жүргізу аясында Банкпен және/немесе Банк серіктестерімен ұсынылатын банктік және банктік емес (қарастырылған болса) қызметтер және/немесе жеңілдіктер жүйесі және/немесе арнайы талаптар кешені.

Банк қызметтерінің топтамасы – банктік өнімдер мен қызметтердің Клиентке бір реттік сатып алу үшін ұсынылатын, Банктің ішкі құжаттарымен және Шартпен анықталатын талаптарға сәйкес ұсынылатын арнайы шарттарды/тарифтерді қарастыратын кешені (жиынтығы).

3D Secure құпия сөзі – Интернет желісінде Карточкалық операция жүргізу барысындағы төлемді растаудың статикалық немесе динамикалық (бір реттік) коды.

Төлем жүйесі – Visa International және/немесе MasterCard Worldwide және/немесе Union Pay International халықаралық төлем жүйесі. Карточканы пайдалану ережелері – Карточканы пайдаланудың Банкпен жасап шығарылған және Карточканы шығару кезінде Карточка ұстаушысына танысу үшін ұсынылатын, сондай-ақ Банктің Веб-сайтына орналастырылатын ережелері (Шартқа № 2 Қосымша).

ПИН-код – Карточка ұстаушысына белгіленетін және Банкоматтар, Қолма-қол ақшалар беру орындарында алу кезінде, және жекелеген жағдайларда тауарлар, жұмыстар және/немесе қызметтер үшін төлем жасау операцияларын жүргізу кезінде, сонымен бірге Банкомат /Терминал арқылы Карт-шотты толықтыру кезінде Карточканы электронды құрылғыда пайдалану барысында оны сәйкестендіруге арналған дербес бірегей нөмір, төртмәнді сандық құпия код.

ПИН-конверт – онда ПИН-код көрсетілген қосымша парағымен бірге арнайы мөрленген конверт (Виртуалды карточка үшін CVV2-код).

Кәсіпкер – Карточканы онымен ұсынылатын/өткізілетін тауарлар, жұмыстар және/немесе қызметтерді төлеу үшін қабылдайтын жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға.

Өкіл – нотариалды куәландырылған (немесе белгіленген тәртіпте нотариалды куәландырылғанға теңестірілген) сенімхат негізінде Банкпен арақатынастарда Клиент мүдделерін танытатын Клиентпен уәкілеттендірілген жеке тұлға. Сонымен бірге тиісті растаушы құжаттарды ұсыну жағдайында өкіл ретінде заңға сәйкес Клиент мүдделерін танытуға уәкілетті жеке тұлғалар әрекет ете алады.

Карточканы қайта шығару – жоғалған/зақымдалған немесе ұрланған және/немесе бұрын берілген әрекет ету мерзімі аяқталған Карточканың орнына жаңа Карточка беруді қарастыратын операция. Карточканы қайта шығару Карточканың жаңа немесе бұрынғы нөмірімен жүзеге асырылады.

Қолма-қол ақшалар беру орны – POS-терминал және/немесе Импринтер арқылы Карточканы пайдаланумен қолма-қол Ақшаларды қабылдау және/немесе беру операцияларын жүзеге асыруға арналған арнайы жабдықталған орын.

Жұмыс күндері – Қолданыстағы заңнамаға сәйкес демалыс немесе мереке күндері болып табылмайтын күндер. Шарт мәтіні бойынша мерзімдерді белгілеу кезінде Жұмыс күндері бойынша мерзімді есептеу қажеттілігі тікелей көрсетілмесе, мұндай мерзім күнгізбелік күндер арқылы есептеледі. Мерзімнің уақыты немесе соңғы күні жұмыс емес күнге сәйкес келсе, мерзімнің аяқталатын күні болып бұдан кейінгі Жұмыс күні есептеледі.

Карточканың деректемелері – Карточканың Карточка ұстаушысына, Эмитент банкке және тиісті Төлем жүйесіне тиесілі екендігін белгілеуге мүмкіндік беретін, Карточкада болатын және/немесе онда сақталатын ақпарат.

Нарықтық бағам – бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есептілік саласындағы қызметті реттейтін уәкілетті мемлекеттік органмен бірлесі отырып, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген тәртіпте анықталатын теңгенің шетел валютасына қатысты бағамы.

Слип – Кәсіпкердің немесе Эквайердің Импринтер арқылы Карточканы пайдаланумен төлемді жүзеге асыру барысында қағаз таратқышта құрылатын төлем құжаты.

Тоқтату парағы – пайдалануға және/немесе қызмет көрсетуге тыйым салынған және қызмет көрсету үшін ұсыну кезінде тартып алынуы тиіс Карточка нөмірлерінің тізімі.

Алаяқтық қауіп жоғары елдер – Карточканы нақты ұсынусыз операцияларды жүзеге асыру барысында онда Карточкаларды пайдалану арқылы алаяқтық қауіп, жалған Карточкалармен жасалатын операцияларды пайдалану тәуекелі, сонымен қатар алаяқтық қауіп жоғары елдер. Алаяқтық қауіп жоғары елдердің тізімі Банктің Веб-сайтында орналастырылады, сондай-ақ Карточка ұстаушысының Банкке тікелей келуі арқылы ұсынылады.

Тарап – Банк немесе Клиент жеке алғанда.

Тараптар – Банк пен Клиент бірге алғанда.

Тарифтер – Қолданыстағы заңнама және/немесе Шартпен өзге түрі қарастырылмаса, Банкпен біржақты тәртіпте өзгертіле алатын және Банктің онымен көрсетілетін банктік және басқа да қызметтері үшін алынатын комиссиялық сыйақысының бекітілген және қолданыстағы мөлшерлері.

Терминал – қолма-қол Ақшалар енгізу, өзіне-өзі қызмет көрсету режимінде ақпараттық-банктік қызметтер алу арқылы төлемдер жүргізу және Ақшаларды Карт-шотқа есепке алуға, сондай-ақ тиісті операциялардың жүргізілгендігі туралы ақпаратты растайтын құжаттарды құруға арналған электронды құрылғы.

Хабарламалар – Тараптардың Шарт, Қолданыстағы заңнама, Банктің ішкі құжаттарымен қарастырылған әдістер арқылы жіберілген жазбаша және/немесе ауызша хабарлары.

Карт-шотты жүргізу аясындағы хабарлама – SMS- хабарлама жіберу арқылы Карточка ұстаушысына онда ақша қалдығы және төлем карточкасын пайдалану арқылы жүргізілетін операциялар көрінетін ағымдағы банктік шот бойынша жүргізілген операциялар туралы ақпарат беру қызметі.

Эквайер – олар Кәсіпкермен жасалған шарттың талаптарына және/немесе Карточканы пайдалану арқылы төлем жасау кезінде Кәсіпкермен құрылған төлем құжатының талаптарына сәйкес Кәсіпкердің пайдасына түскен Ақшаларды қабылдау және/немесе Кәсіпкермен жасалған шартпен қарастырылған өзге де іс-әрекеттерді орындау жүктелетін және банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банк немесе ұйым. Сондай-ақ Карточка бойынша қолма-қол Ақшаларды беруді, банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банк немесе ұйым да Эквайер бола алады.

Зергерлік карточкасы – Карточка ұстаушысының атына шығарылатын, бағалы металдардан дайындалған немесе бағалы металдардан жасалып және бағалы тастармен әшекейленген Қосымша карточка.

Кэш-бэк – Шартқа сәйкес Банктің Карточканы (оның деректемелерін) пайдалану арқылы қолма-қол ақшасыз төлемдер мен Ақша аударымдарын жүргізу бойынша төлейтін Ақша сомасы. Кэш-бэк сомасы Карточканы (оның деректемелерін) пайдалану арқылы қолма-қол ақшасыз төлемдер мен аударымдар сомасына қарай есептеледі.

CVC2-код («Card Validation Code 2» ағылшын сөз тіркесінің қысқартылған мағынасы) – MasterCard Worldwide Төлем жүйесі Карточкасының түпнұсқалылығын тексеруге арналған үшмәнді код. CVC2-код Карточканың үстіңгі бөлігіне енгізіледі (Виртуалды карточканы қоспағанда).

CVV2-код («Card Verification Value 2» ағылшын сөз тіркесінің қысқартылған мағынасы) – International Төлем жүйесі карточкасының түпнұсқалылығын тексеруге арналған үшмәнді код. CVV2-код Карточканың үстіңгі бөлігіне енгізіледі (Виртуалды карточканы қоспағанда).

CVN2-код («Card Verification Number 2» ағылшын сөз тіркесінің қысқартылған мағынасы) – Union Pay International Төлем жүйесі карточкасының түпнұсқалылығын тексеруге арналған үшмәнді код. CVN2-код Карточканың үстіңгі бөлігіне енгізіледі (Виртуалды карточканы қоспағанда).

POS-терминал («Point of sale» ағылшын сөз тіркесінің қысқартылған мағынасы- сатылым нүктесі) – соның нәтижесінде төлем карточкаларын пайдалану және Банктің ақпараттық жүйесімен байланыстыру арқылы Кәсіпкермен өткізілетін тауарлар, жұмыстар және/немесе қызметтер үшін төлем жасалатын электронды-механикалық құрылғы.

SMS-хабарлама – Карточка ұстаушысының ұялы телефонынан Банкке немесе Банктің ұялы байланыс операторы арқылы Карточка ұстаушысының ұялы телефонына жіберетін мәтіндік хабары.

3D Secure – 3D Secure құпия сөзін енгізу арқылы Карточка ұстаушысын қосымша сәйкестендіруге мүмкіндік беретін, Карточканы нақты ұсынбастан операция жүргізу барысында пайдаланушыларды Қауаттаудың қорғалған хаттамасы. Бұл технология Интернет желісінде тауарлар, жұмыстар және/немесе қызметтерді қауіпсіз түрде төлеу мақсатында жасап шығарылған және Карточка шығару кезінде автоматты түрде іске қосылады. 3D Secure технологиясын пайдалану аясында Банк Клиенттің пайдалануы үшін 3D Secure құпия сөзінің екі түрін ұсынады: 3D Secure статикалық немесе динамикалық (бір реттік) құпия сөздері. Динамикалық (бір реттік) 3D Secure құпия сөзін пайдалану Клиенттің Банкте тіркелуін талап етпейді. Динамикалық (бір реттік) 3D Secure құпия сөзі Клиентке SMS-хабарлама арқылы хабарланады.

DB Manager – Банктің Карточкалардың көмегімен жүргізілген операцияларды жинау, өңдеу мен есептеуді жүзеге асыратын процессингтік ақпараттың жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылатын, жүйені конфигурациялауға, сонымен бірге оның ресурстарына қолжетімділікті қамтамасыз етуге арналған клиенттік қосымшасы.

Карточканы пайдалану ережелері

1. Карточкаларды пайдаланудың осы ережелері (әрі қарай - Ережелер) Карточка ұстаушысына танысу және қолдану үшін ұсынылады. Карточканы пайдалану кезінде Карточка ұстаушысы онда мазмұндалған жағдайлар мен талаптарды сақтауға міндетті.
2. Жасап шығарылған карточканы Банк тікелей Карточка ұстаушысына немесе онымен уәкілеттендірілген тұлғаға береді (Банктің ішкі құжаттарымен белгіленген жағдайларды қоспағанда). Карточканы алған уақытта Карточка ұстаушысы Банк қызметкерінің қатысуында Карточканың артқы жағындағы өрісіне өзінің қолын қоюы тиіс (қаламмен) (қол қою талап етілмейтін жағдайларды қоспағанда). Карточка ұстаушысының Карточканың артқы жағындағы өріске қол қою қажеттілігін Карточка ұстаушысы Карточканы алу кезінде Банктің уәкілетті қызметкерінен анықтай алады.
3. Карточка Банктің меншігі болып табылады. Карточка ұстаушысы Карточканы Карточкалық операциялар жүргізу, сонымен бірге Қолданыстағы заңнама, осы Ережелер, Төлем жүйесінің ережелері мен Банктің ішкі құжаттарымен қарастырылған өзге де операцияларды жүзеге асыру үшін Карт-шоттағы Ақшаларға қолжетімділік құралы ретінде пайдаланады. Бұл ретте Карточка ұстаушысына Карточканы Қолданыстағы заңнамамен тыйым салынған тауарлар, жұмыстар және/немесе қызметтерді сатып алуды қоса алғанда заңға қайшы мақсаттарда қолдануға тыйым салынады.
4. Карточка қатаң түрде дербес болып саналады, себебі онда Карточка ұстаушысын сәйкестендіруге қажетті деректер көрсетіледі. Карточканы пайдалану үшін немесе кепіл ретінде басқа тұлғаларға беруге болмайды. Уәкілетсіз тұлғамен ұсынылған карточка тартып алынады.
5. Карточканы Қазақстан Республикасының аумағында және Қолданыстағы заңнама мен Банктің ішкі құжаттарымен белгіленген шектеулерді ескере отырып, Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерде де пайдалануға болады.
6. Карточканың артқы жағында онда кодталған ақпаратпен бірге магниттік жолақ орналастырылған. Карточкаға жағымсыз факторлардың әсер етуін болдырмау қажет: магниттік жолақтағы жазуды зақымдауы мүмкін және Қуаттаудың автоматтандырылған режимінде операциялар жүргізудің мүмкінсіздігіне әкелуі ықтимал электромагниттік өрістер (дисплейлермен, магниттелген немесе құрамында магниті бар заттармен, мысалы, кілттер, сөмкелердегі магнит құлпытармен жақын орналасу), механикалық зақымданулар (сырылулар, ластану, қызу (мысалы күн сәулесімен) және т.б. микропроцессорлық Карточканың беткі жағында онда кодталған ақпаратпен бірге сондай-ақ интегралды микросұлба (чип) болады. Интегралды микросұлба (чип) электромагниттік өрістердің ықпалы мен атмосфералық әсерлерге ұшырамайды. Карточкамен жұмыс кезінде аса қатты күш түсіруге болмайды.
7. Шығару кезінде Карточкада оның әрекет ету мерзімінің аяқталатын уақыты көрсетіледі (айы және жылы). Карточка онда көрсетілген жыл мен айды қоса алғанда соңғы күннің соңына дейін жарамды болады. Мерзімі кешіктірілген және әрекет ету мерзімдері әлі басталмаған Карточкалар бойынша Карточкалық операциялар жүргізілмейді. Барлық мерзімі кешіктірілген Карточкалар Банкпен оқшауланады және Банкке тапсырылуы керек/Банкпен қайтарып алынады.
8. Карточка ұстаушысы Карточканың рұқсатсыз қолжетімділік/оны үшінші тұлғалардың пайдалану мүмкіндігін болдырмайтын жерлерде сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.
9. Карточка ұстаушысы Карточканың қолданылуы, Карточкаға, Үзінділердегі ақпарат/Банк оларды Карточка ұстаушысы көрсеткен барлық және/немесе кез келген мекенжайлар, байланыс арналары арқылы жіберген жағдайда басқа хат-хабарларға үшінші тұлғалардың уәкілетсіз қолсұғушылық/қолжетімділік алуы бойынша барлық тәуекелдерді, сондай-ақ Қолданыстағы заңнама мен Шарт талаптарының сақталмауы бойынша жауапкершілікті өзіне қабылдайды.
10. Карточканы алған уақытта Карточка ұстаушысына немесе Клиентпен уәкілеттендірілген тұлғаға мөрлерген конвертте (ПИН-конверт) ПИН-код ұсынылады. Карточка ұстаушысына дереу, алған уақытта ПИН-конвертті ашу, ПИН-коды есте сақтау және қосымша парақ пен ПИН-конвертті жоюға кеңес беріледі.
11. ПИН-кодтың құпиялылығын қамтамасыз ету үшін белгілі бір ережелерді сақтау қажет:
 - 11.1. ПИН-код Карточка ұстаушысымен бір жерге жазылған болса, онда Карточка мен жазбаны бөлек сақтау керек;
 - 11.2. Карточка ұстаушысы электронды құрылғының басқышына теріліп жатқан ПИН-код сандарының жиынтығын басқа біреудің көруіне жол бермеуі керек.
12. ПИН-кодты теру кезінде электронды құрылғылардың экрандарындағы сандар арнайы көрінбей, шартты белгілермен алмастырылады. ПИН-кодты теру кезінде қате жібермеу керек. Карточка ұстаушы қатарынан 3 (үш) рет (бір немесе бірнеше электронды құрылғыларды пайдалану жағдайында кез келген уақыт аралығымен) қате терген жағдайда, онда ПИН-код үшінші рет қате терілгеннен кейін Банк Карточканы оқшаулап тастайды, және ол электронды құрылғыда ұсталып қалады немесе жағдайлар анықталғанға дейін Қолма-қол ақшалар беру орындарында болады.
13. ПИН-кодты қатарынан 3 (үш) рет қате теру салдарынан Карточка оқшауланған жағдайда, Карточка ұстаушысына телефон арқылы Байланыс орталығына хабарласу қажет. ПИН-кодтың қате терілу есептеуішіні нөлге айналдыру Банктің келесілерді растау арқылы Карточка ұстаушысын міндетті түрде сәйкестендіруі бойынша жүргізіледі: Карточканың нөмірі, тегі, аты, әкесінің аты (болатын жағдайда), Карточка ұстаушысының туылған күні, Кодтық сөз және Карточка ұстаушысын сәйкестендіруге мүмкіндік беретін қосымша деректер (Карточка ұстаушысы сәйкестендірудің жоғарыда көрсетілген параметрлерінің біреуін дұрыс ұсынбаған жағдайда): ЖСН нөмірі, соңғы Карточкалық операцияның орны/уақыты/сомасы.
14. Карточка ұстаушысы ПИН-кодты ұмытып қалған немесе ПИН-код құпия болмай қалған жағдайда, ПИН-кодты ауыстыру үшін Карточка ұстаушысы Банк филиалына (құрылымдық бөлімшесіне) Өтінішпен хабарласуға немесе Банкомат экранына шығарылатын нұсқауларды орындай отырып, Банкомат арқылы бұрынғы ПИН-кодты жаңасына ауыстыруы қажет. Банкомат арқылы «ПИН-код ауыстыру» операциясын жүргізу барысында жаңа ПИН-код ретінде қайталанатын немесе қатарынан келетін сандарды, мысалы – 1111 немесе 1234, туған күнді енгізуге болмайды, себебі мұндай жиынтықтарды табу оңай болады. Барлық Карточкалар үшін бір ПИН-кодты пайдалануға да болмайды.
15. Егер Карточка ПИН-конвертсіз шығарылатын болса, Карточка ұстаушысы өз бетімен Банкомат арқылы е-ПИН қолдану арқылы ПИН-код орнатады (Банкоматтың экранына шығатын нұсқауларды орындау арқылы), оны Карточка ұстаушысы онымен Қосылу туралы өтініште/Өтініште көрсетілген ұялы телефон нөмірінен Карточка нөмірінің соңғы төрт санын көрсетумен бірге 2424 нөміріне SMS-хабарлама жіберу арқылы алады. Алынған е-ПИН Карточка ұстаушысымен кейінгі 15 (он бес) минуттың ішінде ПИН-кодты анықтау үшін қолданылуы керек. Көрсетілген мерзімде қолданылмаған жағдайда, е-ПИН күшін жояды. Бұл жағдайда Карточка ұстаушысы

жоғарыда көрсетілген тәртіпте жаңа е-ПИН алу үшін барлық әрекеттерді орындауы тиіс.

16. ПИН-конвертте көрсетілген ПИН-код/Карточка ұстаушысымен SMS-хабарлама арқылы алынған е-ПИН Банк қызметкеріне белгілі емес, осымен байланысты ПИН-код/е-ПИН Карточка ұстаушысымен Карточканы пайдаланудың тұтас мерзімінің ішінде құпия ақпарат ретінде (құпия) сақталуы керек. ПИН-кодты/е-ПИН-ді үшінші тұлғаларға беруге/жариялауға тыйым салынады. ПИН-код/е-ПИНнің жариялануы бойынша жауапкершілік Карточка ұстаушысына жүктеледі.

17. Карточканы шығару белсенді емес мәртебеде жүргізіледі, ол өз кезегінде Карточка оның ұстаушысына берілгенге дейін Карточка бойынша қандай да бір операцияның жүргізілу мүмкіндігін төмендетеді. Карточканы қуаттау үшін Карточка ұстаушысы Банкомат/Терминалдың көмегімен ПИН-кодты теру арқылы Карточкалық операция жүргізуі тиіс.

18. Клиент үшінші тұлғаға Карт-шотты басқару құқығын ұсынатын жағдайда (Карточканы қолданусыз), сондай-ақ Карточка ұстаушысы үшінші тұлғаға Карточканы және/немесе ПИН-конвертті алу құқығын ұсынатын жағдайда, Клиент Қолданыстағы заңнамаға сәйкес сенімхат ресімдейді. Банктің ішкі құжаттарымен Карточканы, соның ішінде шығарылған Карточканы және/немесе ПИН-конвертті сенімхат бойынша үшінші тұлғаға беру бойынша шектеулер белгіленуі мүмкін. Бұл жағдайда сенімхатта өкілдің өкілеттіктері айқын көрсетілуі керек (ұсынылатын үлгілер: менің атыма шығарылған төлем карточкасын және оған ПИН-конвертті алу/ менің атыма шығарылған төлем карточкасын алу/ менің атыма шығарылған төлем карточкасына ПИН-конвертті алу/ «АТФБанк» АҚ (филиалдың атауы) менің атыма ашылған банктік шотта орналастырылған ақшалай қаражаттарды басқару).

19. Интернет желісінде Карточкалық операциялар жүргізу үшін Карточка ұстаушысына 3D Secure статикалық және/немесе динамикалық құпия сөзінің болуына кенес беріледі.

3D Secure статикалық құпия сөзін алу үшін Карточка ұстаушысы Банкке келіп, <http://www.atf24.kz> сілтемесі арқылы Банктің интернет-сайты (әрі қарай - Жүйе) арқылы тіркеуден өтуі керек. Бұл ретте Карточка ұстаушысы көрсетілетін нұсқауларды орындай отырып, Карточканың сұралатын отырған параметрлерін кезегімен енгізіп отыруы шарт. Деректер Жүйеде дұрыс енгізілген жағдайда, Карточка ұстаушысы жеке сәлемдесу сөзін енгізуі және деректерді сақтау басқышын басауы керек (бұл сөз оны жүргізу кезінде Рұқсатсыз операциядан қорғауды растаушы айғақ ретінде 3D Secure құпия сөзі сұралатын Интернет желісінде әрбір Карточкалық операцияны жүргізу кезінде шығып тұратын болады).

Карточкалық операцияны жүргізу барысында қорытынды кезеңде 3D Secure құпия сөзін енгізуге арналған мәзірде жеке сәлемдесуі бар өріс шықпайтын жағдайда, Карточка ұстаушысының Карточкалық операцияны тоқтатқаны дұрыс, өйткені жеке сәлемдесу төлемдерді алушының осы түріндегі төлем жасау қауіпсіздігінің растамасы болып табылады.

Динамикалық (бір реттік) 3D Secure құпия сөзін алу үшін Карточка ұстаушысын Банкте тіркеу талап етілмейді. Интернет желісінде оны жүргізу кезінде 3D Secure құпия сөзі сұралатын Карточкалық операция жүргізудің әрбір жағдайында, Карточка ұстаушысының ұялы телефон нөміріне SMS-хабарлама арқылы динамикалық (бір реттік) 3D Secure құпия сөзі түседі, оны Карточкалық операцияны растау үшін арнайы өріске енгізу қажет болады.

20. Банк Карточка ұстаушысының Банк қызметкерлеріне беймәлім және Карточканы пайдаланудың тұтас мерзімінде Карточка ұстаушысымен құпия ақпарат (құпия) ретінде сақталуы тиіс 3D Secure құпия сөзін жариялағаны үшін жауапкершілік көтермейді.

21. Қолма-қол ақша беру орындары Карточка ұстаушыларына Карточка бойынша қызмет көрсету мүмкіндігі туралы ақпарат беру мақсатында Төлем жүйесінің логотиптерімен бірге нұсқамалармен жабдықталады.

22. Төлем жүйесінің ережелері бойынша Кәсіпкердің Карточканы төлем үшін қабылдаған уақытта қолма-қол есеп айырысумен салыстырғанда тауарлар, жұмыстар және/немесе қызметтердің құнын арттыруға құқығы жоқ.

23. Карточкалық операция Қуаттаудың дыбыстық немесе автоматтандырылған режимінде жүргізіледі.

24. Кәсіпкерде жеке қатысу сәтінде Карточкалық операция жүргізу кезінде Карточка ұстаушысы Карточканы Кәсіпкерге (оның уәкілетті қызметкеріне) (Байланыссыз карточканы пайдалану арқылы жүргізілетін Карточкалық операцияны қоспағанда) ұсынады. Бұл жағдайда Карточка ұстаушысына Карточканы көз алдынан жоғалтпауға, сонымен бірге POS-терминалдың түбіртегі/Слип Импринтерде көрсетілген Карточкалық операция сомасының кассалық аппараттың сауда түбіртегінде көрсетілген сомаға сәйкестігін тексеру ұсынылады. Өзіне-өзі қызмет көрсету режимінде Карточкалық операциялар жүргізу үшін Карточка ұстаушысы электронды құрылғымен жасалатын іс-әрекеттерді қолданылатын техникалық құралдардың нұсқауларына сәйкес өзі орындайды.

25. Қуаттаудың автоматтандырылған режимінде Кәсіпкер (оның уәкілетті қызметкері) төлемді POS-терминал/mPOS-терминалдың көмегімен жасайды:

25.1. Төлемді POS-терминалдың көмегімен жүргізген жағдайда Кәсіпкер (оның уәкілетті қызметкері) Карточканы POS-терминалдың есептеуіш құрылғысына салады, басқышта операция сомасын тереді және Карточка ұстаушысына арнайы басқышта ПИН-кодты теруді және енгізілген соманы растауды ұсынады. Сұрату Банкке қорғалған байланыс арналары арқылы келіп түседі. ПИН-код дұрыс терілген және Карт-шотта Ақша жеткілікті болатын жағдайда, операцияның жүргізілгендігін растайтын 2 (екі) данада түбіртек басып шығарылады. Кәсіпкер (оның уәкілетті қызметкері) Карточка ұстаушысына түбіртектің 1 (бір) данасын ұсынады. Карточка ұстаушысы түбіртекте көрсетілген деректердің дұрыстығын тексереді. Қабылданған технологияға байланысты басып шығарылған түбіртек Карточка ұстаушысының және Кәсіпкердің (оның уәкілетті қызметкерінің) қолымен куәландырылады;

25.2. Төлем mPOS-терминалдың көмегімен жүргізілетін жағдайда, Кәсіпкер (оның уәкілетті қызметкері) оған mPOS-терминал қосылған мобильді құрылғының экранына төлемнің мақсатын (яғни Кәсіпкермен өткізілетін тауардың, жұмыстың және/немесе қызметтің атауы) енгізеді. Оған mPOS-терминал қосылған мобильді құрылғының экранына енгізілген ақпарат Карточка ұстаушысы келісім берген жағдайда Ұстаушыға көрсетіледі, Карточка mPOS-терминалдың есептеуіш құрылғысына орналастырылады. Сұрату Банкке қорғалған байланыс арналары арқылы түседі. Оған mPOS-терминал қосылған мобильді құрылғының экранына Карточка ұстаушысының қол қоюына арналған өріс шығады. Эмитент банк Карточканы пайдалану арқылы төлем жасауға рұқсат берген жағдайда, Карточка ұстаушысы мобильді құрылғының сенсорлы экранына (оған қол тигізген уақытта жұмыс істейтін экраннан тұратын ақпарат енгізу құрылғысы) өзінің қолын қояды, содан кейін бұл қолды Кәсіпкер (оның уәкілетті қызметкері) Карточка ұстаушысының Карточкада көрсетілген қолымен салыстырады. Төлем сәтті аяқталғаннан кейін Карточка ұстаушысына түбіртекті екі әдіспен жіберу ұсынылады: SMS-хабарлама арқылы немесе Карточка ұстаушысының электронды мекенжайына.

26. Байланыссыз ридерлермен жабдықталған Кәсіпкерлерде сомалары Қолданыстағы заңнама, Төлем жүйелерінің ережелері мен Банктің ішкі құжаттарымен анықталған мөлшерден асып кететін Карточкалық операциялар Байланыссыз карточка ұстаушысымен Байланыссыз карточканы Байланыссыз ридерге жақындату арқылы (Карточканы POS-терминалдың есептеуіш құрылғысына салусыз және ПИН-код терусіз) жүргізіледі. Карточкалық операцияның сомасы Қолданыстағы заңнама, Төлем жүйелерінің ережелері мен Банктің ішкі құжаттарымен анықталған мөлшерден жоғары болатын жағдайда, Карточкалық операция Байланыссыз карточканы Байланыссыз ридерге жақындату, ПИН-кодты енгізу арқылы жүргізіледі. Байланыссыз карточканы қолдану арқылы жүргізілген Карточкалық операция бойынша Байланыссыз карточка ұстаушысына түбіртек оның талап етуімен ұсынылады.

27. Карточка ұстаушысы Карточка бойынша төлем жасалып сатып алынған затты қайтаруға немесе Карточка бойынша алдын ала төленген қызметтен бас тартуға құқылы. Сатып алу сомасын қолма-қол Ақшалармен қайтару қарастырылмайды.

28. Карточка ұстаушысының талап етуімен сатып алынған затты қайтару немесе Карточка бойынша POS-терминалдың көмегімен алдын ала төленген қызметтен бас тарту жағдайында, Кәсіпкер (оның уәкілетті қызметкері) мына жағдайларда жүзеге асырылуы мүмкін

«сатып алуды қайтару» операциясын жүргізеді:

- 28.1. Карточкалық операция автоматтандырылған Қуаттау режимінде жүргізілген жағдайда, Кәсіпкерде чек ресімдеуді тоқтату арқылы;
- 28.2. Карточкалық операция сомасы Қуатталған және Карт-шоттан есептен шығарылған және Банкке осы операция бойынша қаржылық құжат келіп түскеннен кейін. Бұл жағдайда Карточка ұстаушысы кері операция жүргізуді талап етеді, себебі Қуаттаудан соң операцияның сомасы Карт-шоттан есептен шығарылады. Кері операция жүргізу үшін Кәсіпкер (оның уәкілетті қызметкері) Карточка ұстаушысының және Кәсіпкердің (оның уәкілетті қызметкерінің) қолымен куәландырылатын арнайы кері (кредиттік) Слип («reversal slip») ресімдейді немесе арнайы түбіртекты басып шығарумен бірге POS-терминалдың арнайы қызметін («reversal») іске қосады.
29. Карточкалық операция сомасы Банк Төлем жүйесінен кері Слипті немесе POS-терминалдың жүргізілген кері операция деректерін алғаннан кейін Карт-шотта қалпына келтіріледі. Бұл міндеттемені Карт-шот бойынша қолжетімді соманы есептеу кезінде ескеру қажет.
30. Карточканы қолдану арқылы қолма-қол Ақшаларды шығару Төлем жүйесіне мүше банктердің қолма-қол ақшалар беру орындарында немесе Банкомат арқылы жүргізіледі.
31. Әдетте, қолма-қол Ақшалар Карточка бойынша келген елдің валютасында беріледі. Кейбір елдерде Карточка бойынша қолма-қол Ақшалар берудің жиілігі мен ең жоғары сомасына Карточкалық операция жүргізіліп отырған елдің заңнамасымен шектеу қойылуы мүмкін.
32. Банк Қолма-қол ақша беру орнының Карточка бойынша қолма-қол Ақша бергені үшін қосымша сыйақының алынуы бойынша жауапты болмайды.
33. Карточканы қолдану арқылы қолма-қол Ақшаны Төлем жүйесіне мүше банктердің Қолма-қол ақша беру орындарында шығару автоматтандырылған Қуаттау режимінде жүргізіледі. Қуатталғаннан кейін Қолма-қол ақша беру орнының қызметкері Слип немесе чек ресімдейді және Карточка ұстаушысына қолма-қол Ақшаның сұратылып отырған сомасын береді.
34. Қолма-қол Ақшаларды Банкомат арқылы алу Карточка ұстаушысымен өзіне-өзі қызмет көрсету режимінде орындалады. Банкоматтың жұмысқа жарамдылығына және тиісті Төлем жүйесінің Карточкаларына қызмет көрсететіндігіне көз жеткізгеннен кейін, Карточка ұстаушысы Карточканы дұрыс бағыттап отырып оны Карточканы қабылдау-шығару құрылғысына орналастырады. Құрылғының механизмі Карточканы Банкоматтың ішіне қарай тартады. Банкоматтың дисплейінде тиісті басқышты басу арқылы байланысу тілін таңдау туралы ұсыныс шығады. Содан кейін басқышта ПИН-кодты теру туралы ұсыныс шығады. ПИН-кодты тергеннен кейін Карточка ұстаушысы қажетті қызметті таңдайды: Ақшалардың ағымдағы қалдығы туралы жазбаны басып шығару немесе Қолма-қол ақшалар беру. Соңғы жағдайда Карточка ұстаушысы басқышта талап етілетін соманы тереді. Жиі жағдайда кейбір дөңгеленген сомаларды бұл үшін арнайы бөлінген басқышты басу арқылы таңдауға болады. Егер басқа сома талап етілсе, соманы «Енгізу» («Enter») басқышын басу арқылы растап, басқышты пайдалану қажет. Содан кейін қабылдау-шығару құрылғысы Карточканы қайтарады. Операция Карточка қабылдау-шығару құрылғысынан дер кезінде шығарып алынғаннан кейін жалғастырылады. ПИН-код дұрыс енгізілген, Карточка оқшауланбаған және Карт-шот бойынша Ақшалар сомасы сұратылып отырған сомадан асатын болса, онда Банкоматтың сұратылған соманы беруге дайындығы туралы хабарлама шығады және 5-10 (бес-он) секундтан кейін сұратылған сомадағы банкноттар Банкоматтан қолма-қол ақшаларды беру құрылғысынан шығару үшін ұсынылады. Операция соңында банкноттар алынғаннан кейін, Банкоматта тиісті қызметті таңдау кезінде түбіртек басып шығарылады. Карточка ұстаушысына қатысты ақпараттың құпия екендігіне байланысты басып шығарылған түбіртекты бірге алып кету және оны Банкоматтың жанында қалдырмау ұсынылады. Қызмет көрсету кезіндегі күрделі жағдайларда Карточка ұстаушысы Банк қызметкерлеріне хабарласуы немесе телефон арқылы Байланыс орталығымен байланысуы керек.
35. Қолданыстағы Карточка үшін қолма-қол Ақшаларды шығару операциясы ПИН-код дұрыс терілген жағдайда мына себептер бойынша орындалмауы мүмкін:
- 35.1. сұратылып отырған сома Банкоматтың кассеталарындағы банкноттармен беріле алмайды. Осы Банкоматқа қойылатын нұсқауда көрсетілетін банкноттардың төменгі номиналына тең соманы сұрату қажет;
- 35.2. сұратылып отырған сома Банкоматтың қолма-қол ақшалар беретін құрылғысының өлшемдерімен анықталатын бір реттік шығару лимитінен асады. Сұратылып отырған соманы бірнеше бөлікке бөліп, операцияны бірнеше рет қайталау қажет;
- 35.3. Қазақстан Республикасының басқа екінші деңгейлі банкімен/шетел банкімен қолма-қол ақшалар шығару үшін лимит белгіленген. Сұратылып отырған соманы бірнеше бөлікке бөліп, операцияны бірнеше рет қайталау қажет;
- 35.4. сұратылып отырған сома Карт-шоттағы Ақшалардың қалдығынан жоғары (Банктің жүргізілетін операция үшін алынатын комиссиялық сыйақысын есепке алғанда). Карт-шоттағы Ақшалардың қалдығын басып шығаруды сұрау арқылы Ақша қалдығының мөлшерін анықтап, төменірек соманы сұрату керек;
- 35.5. электр қуатының өшуі, байланыс арналарының сөндірілуі және т.б. байланысты электронды құрылғылар жұмысындағы техникалық іркілістер жағдайында;
- 35.6. сұратылып отырған сома бұл Банкоматта Ақшалардың қажетті сомасының болмауы себебінен берілмейді;
- 35.7. Банкоматты пайдалану арқылы қолма-қол Ақшаларды алу бойынша Клиентпен/Банкпен белгіленген тәуліктік лимиттен жоғары болатын жағдайда.
36. Банкоматта жұмыс істеу барысында қайтарылатын Карточка немесе берілетін банкноттарды Карточка ұстаушысы 20 (жиырма) секундтың ішінде ақша беретін құрылғыдан шығарып алмайтын жағдайда қорғаныш жүйесінің іске қосылатындығын және Ақшаларды сақтау мақсатында Карточка немесе банкноттардың Банкоматтың ішіне тартып алынатындығын және арнайы бөлікте ұсталып қалатындығын есте сақтау қажет. Аталған жағдайларда Карточка ұстаушысы Банкпен хабарласуы тиіс, Банк әрі қарай жасалуы тиіс іс-әрекеттерді хабарлайды.
37. Банкомат/Терминал арқылы қолма-қол Ақшаларды Карт-шотқа енгізуді Карточка ұстаушысы арнайы ақша белгісін қабылдағышы бар Банкомат/Терминалдарда жүргізеді. Банкомат қолма-қол Ақшаларды мына валюталарда қабылдайды: теңге, еуро, АҚШ доллары. Терминал қолма-қол Ақшаларды тек қана теңгеде қабылдайды. Басқа валютадағы қолма-қол Ақшаларды енгізу кезінде электронды құрылғы оларды сәйкестендірмейді және ескі, майысқан, күйген, бүктелген, жалған ақшалар, монеталарды сәйкестендірмейді. Банкоматтың/Терминалдың ақша қабылдағышына Ақшалар тегіс жазылған күйде және бір ғана валютада енгізілуі керек. Салынған ақшалар есептелгеннен кейін, олардың номиналы мен түпнұсқалылығы анықталғаннан кейін Банкомат/Терминал жалпы соманы есептейді және Карточка ұстаушысынан операция сомасын растауды сұрайды. Карточка ұстаушысы операция сомасын растағаннан кейін Ақшалар Карт-шотқа есепке алынады. Егер операция Операциялық күннің ішінде жүргізілсе, Ақшалардың Карт-шотқа есепке алынуы ақшалар енгізу операциясы жасалған күнмен жүзеге асырылады. Электронды құрылғы арқылы Ақшаларды Карт-шотқа енгізу операциясы ағымдағы Операциялық күн жабылатын уақытта немесе жабылғаннан кейін жүргізілсе, онда ақшалар Карт-шотқа келесі Операциялық күні есепке алынады. Банкоматын/Терминалдың бағдарламалық қамтамасыз етуіне олардың түпнұсқалылығын анықтауға мүмкіндік бермейтін ақша белгілері Карточка ұстаушысына қайтарылады. Егер салынған Ақшалардың ішінен Банкомат/Терминал төлемге жарамсыз ақшаларды анықтаса, ол Карточка ұстаушысына төлемге жарамсыз ақшаларды қайтарып алуды және Карт-шотты төлемге жарамсыз ақшаларды алып тастау арқылы толықтыруды ұсынады. Келісім берген жағдайда, Карточка ұстаушысы Банкоматтың/Терминалдың ақшаларды қабылдағышынан төлемге жарамсыз ақшаларды алады, ал электронды құрылғы төмен соманы

қабылдайды. Карточка ұстаушысы келісім бермейтін жағдайда, Карт-шотты толықтыру операциясы жүргізілмейді және Банкомат/Терминал барлық салынған ақшаларды қайтарады. Карточкалық операция аяқталғаннан кейін чек басып шығарылады.

38. Банк Банкомат/Терминал арқылы Карт-шотқа қолма-қол Ақшалар енгізу операциясының жиілігі мен сомасына лимит/шектеу белгілеуге құқылы.

39. Қолданыстағы Карточка үшін қолма-қол Ақшалар енгізу операциясы ПИН-код дұрыс енгізілген жағдайда келесі себептерден орындалмауы мүмкін:

39.1. Банкоматтың/Терминалдың ақша қабылдағышына төлемге жарамсыз ақшалар, басқа валюта, әртүрлі валютадағы монеталар және/немесе басқа да заттар енгізілсе;

39.2. Банкоматтың/Терминалдың ақша қабылдағышына енгізілген ақшалардың саны электронды құрылғы үшін белгіленген бір реттік операцияға арналған ақшалардың ең жоғары сомасынан жоғары болатын жағдайда. Бұл жағдайда енгізілетін операцияны бірнеше бөлікке бөліп, операцияны бірнеше рет қайталау қажет;

39.3. енгізілетін сома Банктің осы операциялар үшін белгіленген лимитінен жоғары болса. Аталған жағдайда Банкке хабарласу қажет.

40. Банкоматта/Терминалда қабылданатын/қайтарылатын қолма-қол Ақшалардың ұсталып қалу себебін Банк Карточка ұстаушысы ауызша (телефон арқылы) немесе жазбаша өтініш негізінде Банкке хабарласқан күннен кейінгі Жұмыс күнінен кешіктірілмей анықталады.

41. Банкомат арқылы Visa International Төлем жүйесінің Карточкаларын пайдалану арқылы Ақша аударымын (бұдан әрі – Visa аударымы), MasterCard Worldwide (бұдан әрі – MasterCard аударымы), UnionPay International (бұдан әрі – UnionPay аударымы) жүргізудің талаптары төмендегідей:

41.1. Visa, MasterCard, UnionPay Қолма-қол ақшасыз аударымдарын тек Карточка ұстаушысы ПИН-код теру және тиісті функционалдық пернені таңдау арқылы жүргізеді;

41.2. олар бойынша Банк/Қазақстан Республикасының басқа да екінші деңгейдегі банктері/шетел банктері шығарған MasterCard Worldwide және Visa International Төлем жүйесінің Карточкасы бойынша операциялар көрінетін MasterCard аударымы ағымдағы шоттардың арасында жүргізіледі;

41.3. олар бойынша Банк/Қазақстан Республикасының басқа да екінші деңгейдегі банктері/шетел банктері шығарған VISA International және MasterCard Worldwide Төлем жүйесінің Карточкасы бойынша операциялар көрінетін MasterCard аударымы ағымдағы шоттардың арасында жүргізіледі;

41.4. олар бойынша Банк/Қазақстан Республикасының басқа да екінші деңгейдегі банктері/шетел банктері шығарған UnionPay Төлем жүйесінің Карточкасы бойынша операциялар көрінетін MasterCard аударымы ағымдағы шоттардың арасында жүргізіледі;

41.5. Visa аударымы, MasterCard аударымы немесе UnionPay аударымын жасау уақытында Карточка ұстаушысы әрбір жүргізілетін Visa аударымы, MasterCard аударымы немесе UnionPay аударымының тегін аударым екендігін растайды;

41.6. Visa аударымы, MasterCard аударымы немесе UnionPay аударымын жасау үшін Карточка ұстаушысына Бенефициардың төлем карточкасының толықтай нөмірін дұрыс теріп шығуы қажет;

41.7. Visa аударымы, MasterCard аударымы немесе UnionPay аударымын жүргізу бойынша комиссиялық сыйақы Тарифтерге сәйкес Клиенттің Карт-шотынан алынады;

41.8. Банк Карточка ұстаушысына аталған ақпаратты Банкоматтың экранына шығару арқылы операцияны жүзеге асыру барысында комиссиялық сыйақының құны туралы хабарлайды. Комиссиялық сыйақының осы құнымен келісетін жағдайда, Карточка ұстаушысы операцияны жалғастырады (жалғастыруға келісім беруді растайтын тиісті басқышты басу арқылы). Карточка ұстаушысының операцияны тоқтату мүмкіндігі бар (жалғастырудан бас тартуды растайтын тиісті басқышты асу арқылы), бұл жағдайда Ақша аударымы жүзеге асырылмайды және комиссиялық сыйақы алынбайды;

41.9. Visa аударымы, MasterCard аударымы немесе UnionPay аударымының қызметтерін пайдалану арқылы аударылған Ақша Банкоматтың экранына тиісті хабарламаны шығару және/немесе чек ұсыну арқылы Карточка ұстаушысына операцияның жүргізілгендігі туралы хабарланған уақыттан бастап 24 (жиырма төрт) сағаттан кешіктірілмей Бенефициардың шотына есепке алынады.

42. Банкомат арқылы Visa аударымы, MasterCard аударымы немесе UnionPay аударымының операциясы мына себептерге сәйкес жүргізілмеуі мүмкін:

42.1. Қолданыстағы заңнама және/немесе Банктің ішкі құжаттарына сәйкес;

42.2. Бенефициар банкі елінің заңнамасымен және/немесе Бенефициар банкінің ішкі ережелерімен және/немесе Төлем жүйелерінің ережелерімен белгіленген шектеулерге сәйкес және/немесе осындай қызмет түрін ұсыну бойынша техникалық мүмкіндіктің болмауы себебінен;

42.3. Карточка ұстаушысы Visa аударымы, MasterCard аударымы, UnionPay аударымын жүзеге асыру барысында белгіленген лимиттер/шектеулерден асып кеткен жағдайда;

42.4. операцияның сұратылған сомасы мен оны жүзеге асыру бойынша комиссиялық сыйақы Карт-шоттағы Ақшалардың қалдығынан жоғары болатын жағдайда. Бұл жағдайда комиссиялық сыйақыны ескеру арқылы Карт-шоттағы Ақшалардың қалдығына сәйкес операцияның одан төмен сомасын сұрату қажет.

43. Банк тарапынан техникалық қателік орын алған жағдайда, Visa аударымы, MasterCard аударымы немесе UnionPay аударымын жүзеге асыру барысында Ақшаны Клиенттің Карт-шотына қайтару (реверсиялау) ол Банкке жазбаша түрде хабарласқан күннен бастап 10 (он) Жұмыс күніне дейінгі мерзімде жүргізіледі;

44. Карточка жоғалған немесе ұрланған жағдайда, сонымен бірге Карт-шотқа рұқсатсыз қолжетімділік орын алған жағдайларда, Карточка ұстаушысы Карточканы оқшаулау туралы ауызша (телефон арқылы) немесе жазбаша талаппен Банкке (өзінің болатын орнына қарай Байланыс орталығына немесе Банктің кез келген филиалына (құрылымдық бөлімшесіне) дереу хабарласуы қажет, Карточка ұстаушысының Банкпен хабарласу мүмкіндігі болмайтын жағдайда – тиісті Төлем жүйесіне хабарласуы керек.

45. Карточканы оқшаулау туралы талапта Карточка ұстаушысының тегі, аты, әкесінің аты (болатын жағдайда) және мүмкіндігінше қосымша ақпарат көрсетіледі: оның туылған күні (күні, айы, жылы), Кодтық сөзі, Карточканың нөмірі мен әрекет ету мерзімі, сонымен бірге Карточканың оқшаулану себебі. Байланыс деректерін көрсеткен жөн (мекенжайы, телефон нөмірі, электронды поштаның (e-mail) мекенжайы).

46. Карточка ұстаушысы Банкке Карточканы оқшаулау туралы Өтініш жасайтын жағдайда, аталған талап тіркелген уақыттан бастап 1 (бір) сағаттың ішінде Карточка Банк қызметкерімен оқшауланады.

47. Карточка ұстаушысы Байланыс орталығына Карточканы оқшаулау туралы талаппен хабарласқан жағдайда, Карточканың оқшаулануы Байланыс орталығы осы талапты тіркеген уақыттан бастап күшіне енеді.

48. Карточка ұстаушысы Карточканы оқшаулау туралы талапты Банктің филиалына (құрылымдық бөлімшесіне) немесе Төлем жүйесінің мүшесі болып табылатын кез келген банкке жасаған жағдайда, Карточканың оқшаулануы Банк Банктің осы филиалымен немесе Төлем жүйесіне мүше болып табылатын банкпен Карточка ұстаушысының атынан берілген талапты тіркеуден өткізгеннен кейін күшіне енеді.

49. Карточканы оқшаулау туралы ауызша (телефон арқылы) тәртіпте берілген талап Карточка ұстаушысымен берілген болып есептеледі және Карточканың оқшаулануы бойынша шағымдар Банктен қабылданбайды.
50. Карточка ұстаушысы Карт-шот бойынша Карточка оқшауланға дейін жүзеге асырылған Карточкалық операциялар үшін жауапкершілік көтереді және Карточканың оқшаулануы күшіне енген уақыттан бастап аталған жауапкершіліктен босатылады.
51. Карточканың жоғалуы себебінен Карточка оқшауланғаннан кейін Карточка ұстаушысының Өтініші негізінде Банктен жаңа нөмір мен ПИН-кодпен жаңа Карточка шығарылады (ПИН-кодпен Карточка ұстаушысының қалауымен шығарылады).
52. Банктің ішкі құжатарына сәйкес Карточканы әрі қарай пайдалану мүмкіндігі болатын жағдайда, бұрын оқшауланған (жоғалмаған) Карточканы оқшаулаудан босату Карточка ұстаушысының Өтініші негізінде жүзеге асырылады.
53. Шартта белгіленген жағдайларда Банк туындаған даулы мәселелер реттелгенге дейін Карточка оқшауланған күннен бастап 3 (үш) Жұмыс күнінің ішінде әрі қарай Карточка ұстаушысына хабарлау арқылы Карточканы оқшаулауға құқылы болады.
54. Бұның алдында жоғалған/ұрланған деп танылған Карточка табылған жағдайда, Карточка ұстаушысы бұл туралы дереу Банкке хабарлауға, содан кейін Карточканы Банкке қайтаруға міндетті. Табылған/қайтарылған Карточканы қайтармаған жағдайда, Карточка ұстаушысы өзіне Карточканың қайтарылмауы бойынша барлық тәуекелдерді қабылдайды және Банктің Карточканы алып алуымен байланысты кез келген шығындарын Банкке өтеп береді.
55. Төлем карточкаларына қатысты алаяқтық әрекеттердің өсуіне байланысты Банк Карточка ұстаушысына алаяқтық қауіп жоғары Елдерге барған уақытта Карточканы пайдалану кезінде барынша сақ болуға кеңес береді.
56. Карточка алаяқтық қауіп жоғары Елдерде пайдаланылатын жағдайда, Карточка ұстаушысы Карточканы пайдалану тоқтатылған уақыттан бастап 3 (үш) Жұмыс күнінің ішінде Карточканы оқшаулау және оны жаңа нөмір мен ПИН-кодпен жаңа Карточка етіп қайта шығару үшін Банкке хабарласуы қажет. Аталған талап сақталмаған және осыған байланысты осы Карточка бойынша алаяқтық операциялар туындаған жағдайда, Банктің барлық шығындарын, сонымен бірге Банкке келтірілген залалды Карточка ұстаушысы сөзсіз тәртіпте, Банктің Карточка ұстаушысына жіберілген жазбаша талабында көрсетілген мерзімнің ішінде өтеуі керек.
57. Банк өзіне Банктің Веб-сайтында тиісті ақпарат орналастыру арқылы алаяқтық қауіп жоғары Елдердің тізімін өзгерту құқығын қалдырады.
58. Банктен алаяқтық қауіп жоғары Елдердің аумағында Карточкалық операциялар жүргізу бойынша белгіленген шектеулер Клиент Байланыс орталығына Клиентпен белгіленген мерзімде ауызша түрде хабарласқан уақытта, бірақ 14 (он төрт) күнтізбелік күннен аспайтын мерзім ішінде хабарласқан жағдайда өзгертілуі мүмкін. Клиент өзгертулердің әрекет ету мерзімін көрсетпеген жағдайда, онда – Клиент хабарласқан уақыттан бастап хабарласқан күні Нұр-Сұлтан қ. уақыты бойынша сағат 24:00-ге дейін, сондай-ақ Клиент Банкке өзгертулерді белгілеудің немесе белгіленген өзгертулерді өзгертудің болжамды күнінен 3 (үш) Жұмыс күні бұрын жазбаша нысанда хабарласқан жағдайда өзгертіледі (Өтініштің типтік нысанын Банктің филиалына (құрылымдық бөлімшесіне) хабарласу арқылы, Банктің Веб-сайтынан немесе (Customer@atfbank.kz) электронды поштасы бойынша алуға болады).
59. Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерге шығу жағдайында Карточкалық операциялар жүргізу барысында қиындықтар мен тыйымдардың алдын алу үшін Карточка ұстаушысына Карточканың әрекет ету мерзімін тексеруге, Карточка бойынша белгіленген лимиттер/шектеулермен танысуға, интернет-сайттардан бару жоспарланып отырған қаладағы/елдегі Банкоматтардың тізімін сұратуға (www.visa.com/wwww.mastercard.com/wwww.atfbank.kz), Банкоматта/Терминалда ПИН-кодты дұрыс енгізу арқылы Карточканы қуаттауға (Карточка бұның алдында қуатталмаған жағдайда) немесе Банк қызметкеріне хабарласуға (Карточка оқшауланған жағдайда) кеңес беріледі.
60. Карт-шот бойынша шығыс операцияларын бақылау үшін Карточка ұстаушысына Жүйе мен карт-шот жүргізу аясындағы Хабарламаға қосылу ұсынылады. Ережелермен танысу және Жүйеде тіркелу үшін <http://www.atf24.kz> сілтемесі бойынша Банктің интернет-сайтына кіру немесе Байланыс орталығына хабарласу қажет. Хабарлама шарттарымен танысу үшін Банктің Веб-сайтына кіру қажет, ал аталған қызметке қосылу үшін өз бетімен Банкомат/Терминал/қашықтан банктік қызмет көрсету жүйелері («АТФ24») арқылы немесе Банкте өтінім ресімдеу арқылы қол жеткізуге болады.
61. Карточканы ұстап қалу Шартпен белгіленген жағдайлар мен тәртіпте жүргізіледі.
62. Карточка Банкоматпен, Кәсіпкермен (оның уәкілетті қызметкерімен), Банк қызметкерімен ұсталып қалады.
63. Карточка ұсталып қалған жағдайда (оны Банкоматтың ұстап қалу жағдайын қоспағанда) тиісті акт құрылады.
64. Карточканы Банкоматтың ұстап қалу себебі Карточка ұстаушысы Банкке ауызша немесе жазбаша нысанда хабарласқан күннен кейінгі Жұмыс күнінен кешіктірілмей анықталады.
65. Ұсталып қалған Карточканы Банк Карточканы ұстап қалған тиісті Төлем жүйесіне мүше жергілікті банктің немесе Банк Карточка ұстаушысының Банк талаптарына сәйкес ресімделген Өтініші бойынша, жеке басты куәландыратын құжат ұсынылған жағдайда (ұсталып қалған Карточка Банкке жеткізілген жағдайда) Карточканы қайтару туралы шешім қабылдағаннан кейін тікелей Карточка ұстаушысына қайтарады.
66. Карточканы пайдаланудан бас тарту және/немесе Шартты тоқтату жағдайларында Карточка ұстаушысы Шартпен белгіленген тәртіпте Карточканың күшін жою және оны қайтару мақсатында Банкке хабарласуға міндетті болады.
67. Карточканы қайта шығару (Шартта анықталған жағдайлардан бөлек) Карточка ұстаушысының Банкке ұсынылған Өтінішінің негізінде жүргізіледі.
68. Карточка Шартта белгіленген жағдайларда қайта шығарылуы керек болады. Карточка қайта шығарылатын жағдайда ауыстырылатын Карточка міндетті түрде Банкке қайтарылуы тиіс (жоғалған/ұрланған Карточкаларды қоспағанда).
69. Қайта шығарылған Карточканы алу үшін Карточка ұстаушысы Банкке жеке басын куәландыратын құжатты ұсынып, Карточка алғандығы жөніндегі Тізімдемеге қол қою керек. Жалақы жобасы аясында заңды тұлға/жеке кәсіпкер қызметкерлеріне жалақы және өзге де төлемдерді төлеу тәртібі туралы шартпен өзге түрі қарастырылмаса, осы шарттар қабылданады.
70. Карточка ұстаушысына Карт-шот бойынша Ақшалардың жұмсалуды есепке алу және ықтимал дауларды реттеу үшін Слиптер мен түбіртектерді сақтауға кеңес беріледі.
71. Карточка ұстаушысы өзіне-өзі қызмет көрсету режимінде Карточкалық операция жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз ететін Терминалмен жұмыс істеген жағдайда, Карточкалық операциялар жүргізу үшін алдымен сәйкестендіру керек.
72. Карточкамен сәйкестендіру үшін Карточка ұстаушысы Карточканы арнайы құрылғыға салып, ПИН-код енгізуі керек, әрі қарай Терминалдың экранына шығатын нұсқауларды орындауы қажет.
73. Карточка ұстаушысы Жүйеде тіркелген жағдайда, онда Карточка ұстаушысы сәйкестендіруді өзінің логині және Жүйеге кіруге арналған құпия сөзі арқылы жүзеге асыра алады және әрі қарай Терминалдың экранына шығатын нұсқауларды орындауы тиіс.
74. Клиентке Карт-шотты қолма-қол Ақшалармен толықтыру қажет болса, ол Терминалдың жүйесіне қуаттаусыз, «Шотты қуаттаусыз толықтыру» басқышын басу арқылы кіре алады және әрі қарай Терминалдың экранына шығатын нұсқауларды орындауы тиіс.
75. Карт-шот бойынша үзінді Клиентке Банкомат/Терминалдар арқылы, онда Клиенттің келісімі бойынша Банк филиалына (құрылымдық бөлімшесіне) келген уақытта Банк филиалымен (құрылымдық бөлімшесімен) қолма-қол беріледі немесе электронды пошта арқылы жіберіледі (Клиентпен Қосылу туралы өтініш/Өтініште көрсетілген электронды мекенжайға) немесе Клиент үзіндіні

Жүйе арқылы ала алады.

76. Карточка ұстаушысының онда Карточканы пайдалану арқылы (IBAN), экранға шығарылатын нұсқауларды орындай отырып, Банкомат арқылы («IBAN сұратуы») жүргізілген Карточкалық операциялар көрініс беретін Карт-шоттың нөмірін нақтылау/білу мүмкіндігі бар.

77. Карт-шотты және/немесе Карточканы пайдаланумен байланысты кез келген мәселелер бойынша Карточка ұстаушысы Банктің төмендегі байланыс деректері бойынша Байланыс орталығына хабарласа алады.

77.1. 8-8000-800-283 телефон нөмірі бойынша (Қазақстан бойынша қала телефондарынан қоңырау шалу тегін) – тәулік бойы;

77.2. 2424 нөмірі бойынша (Қазақстан бойынша кез келген ұялы телефон операторы бойынша қоңырау шалу тегін) – тәулік бойы;

77.3. 8 (727) 258-38-88 телефон нөмірі бойынша – тәулік бойы;

77.4. Банктің мекенжайы бойынша: Қазақстан Республикасы, А25D5F7, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 36. Банк филиалдарының мекенжайлары Банктің Веб-сайтында көрсетілген.

Банк қызметтері топтамалары аясында ұсынылатын Картчканы шығару және оған қызмет көрсету ерекшеліктері

1. Банк қызметтерінің топтамасына енгізілетін банк қызметтері Клиентке Клиент Қолданыстағы заңнама және/немесе Банктің ішкі құжаттарымен ұсынылатын талаптарға сәйкес болатын жағдайда, сонымен қатар Қолданыстағы заңнама және/немесе Банктің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес қажетті құжаттар ұсынылған жағдайларда көрсетіледі.
2. Банк қызметтерінің пакетіне енгізілетін банк қызметтері Клиентке Шартқа, Қосылу туралы өтінішке және банк қызметінің тиісті түріне арналған шартқа сәйкес Клиенттің ерік білдіруіне қарай көрсетіледі. Шарттың әрекет ету мерзімінің ішінде Клиент Банк қызметтерінің пакетіне енгізілген банк қызметтерін пайдалану үшін хабарласуға құқылы.
3. Төмендегі жағдайларда Банк Банк қызметтерінің пакетіне енгізілетін банк қызметтерін ұсынудан бас тартуға құқылы болады:
 - 3.1. Клиент қажетті құжаттарды ұсынбаса;
 - 3.2. Клиентке ұсынылатын қызметтер Қолданыстағы заңнама және/немесе Банктің ішкі құжаттарының талаптарына және/немесе Банктің уәкілетті органдарының шешімдеріне қайшы келетін болса;
 - 3.3. Қолданыстағы заңнама, Банктің ішкі құжаттарының нормаларымен (соның ішінде Банк операцияларын жүргізудің жалпы талаптары туралы ережелерімен (Банк операцияларын жүргізудің жалпы талаптары туралы ережелер Банктің Веб-сайтында орналастырылған) және/немесе Шарт және/немесе банк қызметінің тиісті түрі бойынша шартта анықталатын басқа да жағдайларда.
4. Белгілі бір Банк қызметтері пакетінің аясында қарастырылған банк қызметтерінің тізбесі Банкпен оның қалауы бойынша біржақты тәртіпте, Клиентке Шартпен қарастырылған бір әдіс бойынша өзгертулер күшіне енгенге дейін 10 (он) күнтізбелік күн бұрын хабарлау арқылы өзгертілуі мүмкін.

Банк Карточкалары бойынша Кэш-бэк есептеу және төлеу ережелері (бұдан әрі – Ережелер)

Банктің Кэш-бэк есептеуі және төлеуі оның міндеті емес, құқығы болып табылады. Жоғарыда айтылғандарға байланысты, Банк Кэш-бэк есептеу, төлеудің талаптары мен тәртібін дербес түрде анықтайды. Ережелерде көрсетілген кез келген талап Банк оларды сақтауы тиіс болатын Банктің міндеттемелері ретінде қарастырылмауы керек.

Кэш-бэк есептеу мен төлеуді Банк солардың аясында Кэш-бэк есептеу мен төлеу қарастырылған белгілі бір өнімдер бойынша ғана жүзеге асырады. Кэш-бэк есептеу мен төлеу талаптары туралы Клиент 2424 қысқа нөмірі бойынша Банктің Байланыс орталығына қоңырау соғу немесе Банк бөлімшесіне бару арқылы білуге құқылы.

Кэш-бэк есептеу кезінде Банк оған Кәсіпкер (сауда-сервис ұйымы) және/немесе Эквайрер берген ақпаратқа сүйенеді, соған байланысты Банк осындай ақпараттың дұрыс берілмегені үшін жауапкершілік алмайды.

Банк Банктің Кэш-бэк есептеуі мен төлеуінің уақытша сипатқа ие болатындығын (соның ішінде маркетингтік акция жүргізу кезеңінде) анықтауға құқылы.

Банк кез келген уақытта Кэш-бэк есептеуді тоқтатуға, сондай-ақ Клиентке қандай да бір шығынды өтеусіз есептелген Кэш-бэккі төлеуден бас тартуға құқылы болады.

Төмендегі жағдайларда Банк тікелей дебеттеу әдісімен және (немесе) басқа да тыйым салынбаған жолмен Клиенттің Банкте ашылған Карт-шоты немесе басқа да банктік шоттарынан артығымен төленген Кэш-бэк сомасын есептен шығару құқығына ие болады:

- Банктің пікірі бойынша Клиент Кэш-бэк есептеу мен төлеу талаптарын дұрыс қолданбайтын болса;
- қате есептеу немесе Кэш-бэк дұрыс төленбеген жағдайда;

Оны жасағаны үшін Банк мұның алдында Кэш-бэк есептеп және төлеп қойған операцияның күшін жою («сатып алынған затты қайтару») жағдайында.

Клиенттің банктік шоттарынан артығымен төленген Кэш-бэк сомасын есептен шығарудан бөлек Банк артығымен төленген Кэш-бэк сомасын қайтару есебіне Кэш-бэк сомасын төлеу арқылы есепке алуға да құқылы болады.

Банк басқа тәртіп пен талаптарды белгілемейтін болса, Кэш-бэк төмендегідей есептеледі және төленеді:

Банк Кэш-бэккі Картчканы (оның деректемелерін) пайдалану арқылы қолма-қол ақшасыз операция жасалғаннан кейін есептейді;

Кэш-бэк айына бір рет, есепті айдан кейінгі айдың 10 (оныншы) күнінен кешіктірілмей төленеді;

Банк Клиентке мына әдістердің бірі арқылы есепті айда есептелген Кэш-бэккі жалпы сомасы туралы ақпарат беруге құқылы: есепті айдан кейінгі айдың 10 (оныншы) күнінен кешіктірмей SMS-хабарлама жіберу және (немесе) басқа да тыйым салынбаған әдіс арқылы, соның ішінде Клиент Банк бөлімшесіне келген жағдайда. Клиент өзінің Банк жүйесінде тіркелген ұялы телефон нөмірінен 2424 қысқа нөміріне bonus 1234 мәтінінен тұратын тегін SMS-хабарлама жіберу арқылы есептелген Кэш-бэк сомасын өз бетімен білу мүмкіндігіне ие болады, мәтіндегі «1234» дегеннің орнына төлем картасы нөмірінің соңғы төрт цифрын көрсету керек.

Клиент тауарлар, жұмыстар, дүкен мен Интернеттегі қызметтер үшін төлем жасауды қоса алғанда Кэш-бэк сомасын өз қалауымен пайдалануға, Кэш-бэк сомасын Банкоматтан шығарып алуға, сонымен бірге Карт-шотта сқатауға немесе жинақ шотына орналастыруға (салымға орналастыру) құқылы;

Банк Кэш-бэккі Банк есептейтін және төлейтін ең жоғары сомасына қатысты шектеу қоюға құқылы. Кэш-бэккі Банк белгілейтін ең жоғары сомасымен Клиент 2424 қысқа нөмірі бойынша Банктің Байланыс орталығына қоңырау соғу немесе Банк бөлімшесіне келу арқылы таныса алады. Мысалы, Клиент бір ай бойы олар бойынша есептелген Кэш-бэк сомасы 20 000 теңгені құраған операциялар жүргізді. Өнім бойынша есептелетін Кэш-бэккі ең жоғары сомасына айына 15 000 теңгеге дейін шектеу қойылған. Клиентке тек 15 000 теңге мөлшерінде Кэш-бэк төленетін болады;

Банк төмендегі операциялар бойынша Кэш-бэк есептемейді және төлемейді:

- Карт-шотты толтырумен байланысты кез келген операция;
- Карт-шоттағы ақшалай қаражатты Банкоматтардан және кез келген банктің кассаларынан шығарып алу;
- Клиенттің Картчкасынан ақшалай қаражат аудару (соның ішінде банктік аударымдар, басқа банк картасының деректемелері бойынша аударымдар және аударымдардың басқа да түрлері);
- қашықтан банктік қызмет көрсету жүйесінің (АТФ24) көмегімен төлемдер мен аударымдар бөлімінде тауарлар (жұмыстар, қызметтер) үшін төлем жасау;
- төлемнің электронды құралдарына жасалатын төлемдер мен аударымдар, электронды ақша сатып алу үшін жасалған төлемдер (кез келген электронды әмиян, PayPal, Qiwi сияқты сервистерді қоса алғанда);
- МСС-кодтардың тізбесі бойынша, оларды Банк белгілейді және www.atfbank.kz Веб-сайтында ашық қолжетімділік беру арқылы орналастырады;

7) Клиент Картчканы күнтізбелік ай аяқталғанға дейін жабатын жағдайда (келесі айдың 01 күніне дейін), осы күнтізбелік айдың ішінде есептелген Кэш-бэк сомасы төленбейді.

Мультивалюталық карточканы шығару және оған қызмет көрсету ерекшеліктері

1. Карточкалардың жекелеген түрлері және Клиенттердің кейбір санаттары үшін (егер бұл Клиентпен Қосылу туралы өтініште анықталса және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес келсе) Банк Мультивалюталық карточка шығара алады.
2. Мультивалюталық карточка ашу, жүргізу және жабу Қолданыстағы заңнама, Банктің ішкі құжаттары мен Шарт талаптарына сәйкес жүргізіледі.
3. Мультивалюталық карточканы пайдалану арқылы шығыс операцияларын жүргізу кезінде Карточкалық операциялардың сомалары Карт-шоттан төмендегі тәртіпте шығарып алынады (тиісті Карт-шот бойынша шығыс операцияларын жүргізу үшін шектеулер болмайтын жағдайда):
 - 3.1. Карточкалық операция жүргізу және Банктің комиссиялық сыйақысын төлеу үшін Ақшаның жеткілікті болуын қамтамасыз ету жағдайында, Карточкалық операция сомасы жүргізілетін Карточкалық операция валютасында ашылған Карт-шоттан алынады. Бұл ретте жіберілген Рұқсатсыз овердрафт сомасы Карт-шотта теңге бойынша ескеріледі;
 - 3.2. Карточкалық операция жүргізу және Банктің комиссиялық сыйақысын төлеу үшін Ақша жеткіліксіз болатын жағдайда немесе осындай Карт-шот бойынша шығыс операцияларын жүргізу мүмкін болмайтын жағдайда, Ақшаның жеткіліксіз сомасы Клиенттің басқа Карт-шоттарынан мына тәртіпте алынады:
 - Карточкалық операцияны теңге бойынша жүргізу жағдайында жеткіліксіз Ақша сомасы АҚШ долларында ашылған Карт-шоттан алынады, ал онда Ақша жеткіліксіз болған немесе осындай Карт-шот бойынша шығыс операцияларын жүргізу мүмкін болмайтын жағдайда – Ақшаның қалған сомасы Еуро ашылған Карт-шоттан алынады;
 - Карточкалық операцияны АҚШ доллары бойынша жүргізу жағдайында жеткіліксіз Ақша сомасы теңгеде ашылған Карт-шоттан алынады, ал онда Ақша жеткіліксіз болған немесе осындай Карт-шот бойынша шығыс операцияларын жүргізу мүмкін болмайтын жағдайда – Ақшаның қалған сомасы Еуро ашылған Карт-шоттан алынады;
 - Карточкалық операцияны Еуро бойынша жүргізу жағдайында жеткіліксіз Ақша сомасы теңгеде ашылған Карт-шоттан алынады, ал онда Ақша жеткіліксіз болған немесе осындай Карт-шот бойынша шығыс операцияларын жүргізу мүмкін болмайтын жағдайда – Ақшаның қалған сомасы АҚШ долларында ашылған Карт-шоттан алынады;
 - 4) Карточкалық операцияны Юань бойынша жүргізу жағдайында жеткіліксіз Ақша сомасы теңгеде ашылған Карт-шоттан алынады, ал онда Ақша жеткіліксіз болған немесе осындай Карт-шот бойынша шығыс операцияларын жүргізу мүмкін болмайтын жағдайда – Ақшаның қалған сомасы АҚШ долларында ашылған Карт-шоттан алынады;
 - 5) Карточкалық операцияны Ресей рублі бойынша жүргізу жағдайында жеткіліксіз Ақша сомасы теңгеде ашылған Карт-шоттан алынады, ал онда Ақша жеткіліксіз болған немесе осындай Карт-шот бойынша шығыс операцияларын жүргізу мүмкін болмайтын жағдайда – Ақшаның қалған сомасы АҚШ долларында ашылған Карт-шоттан алынады.
 - 6) Карточкалық операцияны АҚШ доллары, теңге, Еуро, Юань, Ресей рублінен өзге валютада жүргізген жағдайда – Карточкалық операция сомасы Клиентке АҚШ долларында (мына валюталардың әрекет етпейтін аумақтарында: Еуро, Ресей рублі және Юань) немесе Еуро (Еуронь әрекет ететін аумағынан тыс), Юаньда (Юаньның әрекет ету аумағынан тыс), Ресей рублдерінде (Ресей рублінің әрекет ету аумағынан тыс) ашылған Карт-шоттан алынады.
4. Карточкалық операцияны Қуаттау және Қуаттау сомасын оқшаулау жағдайда Карточкалық операция валютасын немесе тиісті Төлем жүйесінің Қуаттау туралы сұратуында көрсетілген есеп айырысу валютасын Шартқа осы Қосымшаның 3.2.-тармақшасына сәйкес Карт-шоттың валютасына айырбастауды Банк Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қуаттау уақытында белгіленген бағамына сәйкес жүргізеді. Банктің комиссиялық сыйақысын ескере отырып, жүргізілген Карточкалық операция бойынша Карт-шоттардан Ақшаны есепке алу Шартқа осы Қосымшаның 3.2.-тармақшасына жүргізілген Карточкалық операция бойынша растаушы құжаттардың негізінде, Банкпен Ақшаны Карт-шоттан есептен шығару кезінде белгіленген сатып алу/сату бағамы бойынша жүзеге асырылады.
5. Мультивалюталық карточка бойынша Ақшаны Карт-шоттарға есепке алу мына тәртіпте іске асырылады:
 - 5.1. Банк Ақшаны келіп түскен Ақшаның валютасына сәйкес келетін Карт-шотқа есепке алады;
 - 5.2. Карт-шоттарды жүргізу валютасы Ақшаны есепке алу валютасынан өзгеше болса, Банк Ақшаны есепке алу уақытында Карточкалық операциялар үшін белгіленген бағамы бойынша Ақшаны айырбастау арқылы теңгеде ашылған Карт-шотқа есепке алады.

Кәсіпкерлік қызмет, адвокаттық қызмет, жеке нотариалдық қызмет,
жеке сот орындаушысының қызметі, кәсіби медиатордың қызметін
жүзеге асыратын жеке тұлғамен
ағымдағы шот ашу және төлем карточкасын шығару
туралы шартқа
№6 Қосымша

Зергерлік карточкасын шығару және оған қызмет көрсету ерекшеліктері

1. Зергерлік карточкасын алу кезінде Карточка ұстаушысы Карточканың артқы жағына қол қоймайды.
2. Клиент немесе Клиенттің жұмыс берушісінің өкілі Зергерлік карточкасын алу үшін, соның ішінде Зергерлік карточкасын қайта шығару кезінде Банкке Зергерлік карточкасын шығару (Зергерлік карточкасын алғаш шығару жағдайында) үшін комиссиялық сыйақы төленген немесе Зергерлік карточкасын қайта шығару үшін комиссиялық сыйақы төленген күннен бастап 265 (екі жүз алпыс бес) Жұмыс күнінің ішінде келмеген жағдайда, Банк Зергерлік карточкасының күшін жоюға құқылы болады.
3. Шарттың әрекет ету мерзімі тоқтатылған немесе Зергерлік карточкасының күші жойылған жағдайларда, Клиентке Зергерлік карточкасын шығару (қайта шығару) үшін комиссиялық сыйақы қайтарылатын жағдайда қоспағанда, Зергерлік карточкасы Клиенттік меншігіне өтеді. Бұдан әрі қарай мұндай Карточкалар бойынша Карточкалық операциялар жүргізу мүмкін болмайды. Шарт тоқтатылған/Зергерлік карточкасының күші жойылған уақытта Зергерлік карточкасы Банкте болатын жағдайда, онда ол Банкпен Банк пен Клиент қол қоятын қабылдау-тапсыру актісінің негізінде Клиентке тапсырылады. Басқа жағдайларда Тараптар Зергерлік карточкасына қатысты меншік құқығының Клиентке өтуінің Банк пен Клиент арасында Зергерлік карточкасын қабылдау-тапсыру актісіне немесе басқа да құжатқа қол қоюды, ресімдеуді талап етпейтіндігімен келіседі. Бұл жағдайда, Шарт тоқтатылған/Зергерлік карточкасы үшін жойған уақытта Зергерлік карточкасы Қосымша карточка ұстаушысында болатын жағдайда (Зергерлік карточкасын үшінші тұлғаға шығару жағдайында), Клиент Зергерлік карточкасының әрі қарайғы тағдыры туралы мәселелерді Банктің қатысуынсыз өз бетімен шешеді.
4. Зергерлік карточкасы үшінші тұлғаға шығарылатын жағдайда, Зергерлік карточкасын пайдалану құқығын соның атына Зергерлік карточкасы шығарылған Қосымша карточка ұстаушысы иеленеді. Зергерлік карточкасы Клиентпен оның атына карточка дербес шығарылған Қосымша карточка ұстаушысына беріледі.
5. Зергерлік карточкасы Клиентте Visa Infinite Негізгі карточка болатын жағдайда ғана шығарылады.
6. Клиент Тарифтерге сәйкес Зергерлік карточкасын шығару немесе Зергерлік карточкасын қайта шығару бойынша комиссиялық сыйақы төлейді.
7. Клиент Зергерлік карточка жасалатын материалдардың сапасы мен түпнұсқалылығының Зергерлік карточкасын жасап шығарған тұлғамен расталатындығымен келіседі. Материалдардың сапасы мен түпнұсқалылығының растамасы ретінде мұндай тұлға Зергерлік карточкасын жасау барысында қолданылған материалдардың сапасы мен түпнұсқалылығы туралы куәландыратын (растайтын) сертификат және/немесе өзге де құжатты (әрі қарай - Сертификат) ұсынады.
8. Зергерлік карточкасы Клиентке Зергерлік карточкасын шығару бойынша комиссиялық сыйақы төленген күннен бастап 90 (тоқсан) Жұмыс күнінің ішінде ұсынылады. Бұл жағдайда, Банкке Зергерлік карточкасын жасау және/немесе жеткізуді жүзеге асыратын Банк контрагентінің кінәсінен Зергерлік карточкасын жоғарыда аталған мерзімде ұсыну мүмкін болмаса, Клиентке Зергерлік карточкасын ұсыну мерзімі 30 (отыз) Жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады және 120 (Жүз жиырма) Жұмыс күнінен аспауы тиіс болады. Клиент комиссиялық сыйақыны төлеген күннен бастап 120 (Жүз жиырма) Жұмыс күні өткеннен кейін Клиентке Зергерлік карточкасы ұсынылмайтын жағдайда, Клиент Зергерлік карточкасынан бас тартуға құқылы, содан кейін Банк Зергерлік карточкасын шығару үшін төленген комиссиялық сыйақыны қайтарады.
9. Зергерлік карточкасы Банкоматтан қолма-қол Ақшаны алу үшін қолданыла алмайды. Карточка ұстаушысының Зергерлік карточкасы бойынша қолма-қол Ақшаны алуы POS-терминалдарды пайдалану арқылы тек қолма-қол Ақша беру орындарында ғана жүзеге асырылады.
10. Зергерлік карточкасы Банктің/Терминалдың көмегімен Карт-шотқа қолма-қол Ақша енгізу үшін қолданылмайды.
11. Зергерлік карточкасын Банкомат/Терминалды пайдалану арқылы Ақша аудару үшін қолдануға болмайды.
12. Клиент Зергерлік карточкасын тек Зергерлік карточкаларын пайдалану арқылы төлемдер жасауға арналған арнайы POS-терминалдарда ғана қолдануға құқылы (Банкоматтар, Терминалдар, Импринтерлер, Интернет желісінде пайдалануға болмайды).
13. Клиент төмендегілерге міндетті:
 - 13.1. Банктен тиісті жазбаша хабарлама алған жағдайда Карточкалық операциялар жүргізуді тоқтатуға, бұл ретте Зергерлік карточкасы Банкке қайтарылмайды.
 - 13.2. Зергерлік карточкасын қайта шығару мақсатында Банк онымен Зергерлік карточкалар жасау және жеткізу туралы шарт бекіткен Банк контрагентінің қатысуымен Банкпен беру уақытында алған күні және/немесе Зергерлік карточкасы Банкке берілген күні Зергерлік карточкасын және/немесе ПИН-конвертті қабылдау-тапсыру актісіне (ПИН-конвертті алған уақытта) қол қоюға. Бұл жағдайда Зергерлік карточкасын қабылдау-тапсыру туралы Клиентпен қол қойылған акт Зергерлік карточкасының Сертификатта қарастырылған критерийлерге сәйкестігін растайтын құжат болып есептеледі;
 - 13.3. Зергерлік карточкасын қайта шығару қажеттілігі жағдайында, Банкке келуден кемінде 2 (екі) Жұмыс күні бұрын Банкке бұл туралы Шартта қарастырылған әдіспен хабарлауға.
14. Карточка ұстаушысы Зергерлік карточкасын оның фрагменттері және/немесе чипінің зақымдалуына/жоғалуына жол берілмейтіндей жағдайда сақтауға және қолдануға міндетті.
15. Бұрын жоғалған/ұрланған деп танылған Зергерлік карточкасы табылған жағдайда, Карточка ұстаушысы бұл туралы дереу Банкке хабарлауы тиіс. Бұл жағдайда Зергерлік карточкасы Карточка ұстаушысымен Банкке қайтарылмайды.
16. Банк Зергерлік карточкасы мен ПИН-конвертті басқа түрі Шартпен қарастырылмаса, Клиентке бергенге дейін сақтауға міндетті.
17. Зергерлік карточкасында оның әрекет ету мерзімінің аяқталатын уақыты (айы және жылы) көрсетілмейді. Зергерлік карточкасының әрекет ету мерзімінің аяқталатын уақыты (айы және жылы) Зергерлік карточкасының чипінде болады.
18. Зергерлік карточкасы автоматты түрде қайта шығарылмайды. Зергерлік карточкасының қайта шығарылуы Зергерлік карточкасында чипті ауыстыруды білдіреді.
19. Зергерлік карточкасы төмендегі жағдайларда қайта шығарылады:

- 19.1. ПИН-код құпия болмай қалса;
- 19.2. Карточка ұстаушысы ПИН-кодты ұмытып қалса;
- 19.3. Банкте Зергерлік карточкасы бойынша Рұқсатсыз операциялардың (алаяқтық) жүргізілгендігі немесе жүргізілуі ықтималдығы туралы негіздемелер болса;
- 19.4. Клиенттің қалауы бойынша өзге де жағдайларда.
20. Зергерлік карточкасын қайта шығару кезінде Клиент Банкке Банк талаптарына сәйкес ресімделген тиісті Өтінішті ұсынуға, Банкке/Банк онымен Зергерлік карточкасын жасау және жеткізу туралы шарт бекіткен Банк контрагентінің қатысуында Банкке Банкпен/Банкпен және көрсетілген Банк контрагентімен қабылдау-тапсыру актісіне қол қойып, Зергерлік карточкасын тапсыруға, сондай-ақ Тарифтерге сәйкес Зергерлік карточкасын қайта шығару бойынша комиссиялық сыйақы төлеуге міндеттенеді. Клиент сонымен бірге Зергерлік карточкасымен бірге Банкке Сертификат ұсынуы керек;
21. Зергерлік карточкасын қайта шығару Клиент Зергерлік карточкасын қайта шығару үшін комиссиялық сыйақы төлеген және оны Банкке/Зергерлік карточкасын Банкке жасап беру және/немесе жеткізуді жүзеге асыратын Банк контрагентінің қатысуымен Банкке тапсырған күннен бастап 120 (жүз жиырма) Жұмыс күнінің ішінде жүзеге асырылады.
22. Зергерлік карточкасын Банкке ұсыну кезінде Клиент Банкке оған Банкпен берілген, Сертификатта көрсетілген материалдардан жасалған түпнұсқалық Зергерлік карточкасын ұсынуға міндетті болады.
23. Банктің өз қалауы бойынша Клиентке Банктің Зергерлік карточкасын қайта шығарудан бас тарту туралы шешім қабылдауынан 10 (он) Жұмыс күні бұрын хабарлау арқылы Клиенттің ықтимал шығындарын қандай да бір түрде өтеусіз, сонымен бірге Банкте Зергерлік карточкасының түпнұсқалылығына қатысты күмән болатын, сонымен бірге карточка зақымдалған жағдайларда Зергерлік карточкасын қайта шығарудан бас тартуға құқығы бар. Зақымдалған Зергерлік карточкасы ретінде оның кез келген зақымдалуы, соның ішінде Зергерлік карточканың тұтастығының/механикалық, қызу, химиялық және басқа да әсер салдарынан оның элементтерінің бұзылуы түрінде көрініс берген зақымдар түсіндіріледі.
24. Клиент қайтыс болған жағдайда Банк Клиенттің мұрагерлерінің және/немесе кез келген басқа да үшінші тұлғалардың атына Зергерлік карточкасын қайта шығармайды.
25. Клиент Шартты бұзу туралы жазбаша хабарлама берген жағдайда, Шартқа сәйкес шығарылған Зергерлік карточкасы Карточка ұстаушысымен Банкке қайтарылмайды.
26. Шарт Банктің бастамасы бойынша бұзылған жағдайда, Шарттың Банкпен көрсетілген бұзылған күнінде Зергерлік карточкасының күші жойылады. Бұл ретте Шартқа сәйкес шығарылған Зергерлік карточкасы Карточка ұстаушысымен Банкке қайтарылмайды.
27. Шарт бұзылған жағдайда Зергерлік карточкасына қызмет көрсету құны, Зергерлік карточкасын шығару (Қайта шығару) үшін комиссиялық сыйақы қайтарылмайды. Аталған жағдайда Зергерлік карточкалары бойынша шығару (Қайта шығару) үшін комиссиялық сыйақы Клиентке Шартпен қарастырылған жағдайларда қайтарылуы мүмкін.

PP (Priority Pass) картасына қызмет көрсету ерекшеліктері

1. PP картасы Карточка болып табылмайды және Карточкалық операциялар жүргізу мақсатында қолданыла алмайды. Банк оларға PP Картасын иелік ету мен пайдалануға ұсынатын тұлғалардың санаты – Карточка ұстаушылары Банктің ішкі құжаттарымен анықталады.
2. PP картасында оның иесінің аты және тегі көрсетіледі және ол Карточка ұстаушысы болып табылады. PP картасының әрекет ету мерзімі оған Банкпен Клиентке PP картасы берілген Карточканың мерзіміне сәйкес келеді.
3. PP картасы жоғалған/ұрланған/зақымдалған жағдайда оның иесі PP картасының күшін жою мақсатында дереу Банк филиалына (құрылымдық бөлімшесіне) хабарласуы керек. Сонымен бірге, аталған жағдайларда PP картасының иесі PP картасын қайта шығару үшін Банкке хабарласуға да құқылы. PP картасын қайта шығару Банктің ішкі құжаттарына сәйкес PP картасы иесінің жазбаша өтінішінің негізінде жүзеге асырылады.
Тараптар PP картасы иесінің PP картасының жоғалуы/ұрлануы/зақымдалуы туралы телефон бойынша жасалған хабарламасының PP картасының иесі Банктің ішкі ережелеріне сәйкес сәйкестендірілген жағдайда PP картасы иесінің Банкпен PP картасы иесінің қолымен куәландырылған қағаз таратқышта алынған жазбаша хабарламасының баламасы болып табылатындығын мойындайды.
4. PP картасының иесі оны жоғалған немесе ұрланған деп мәлімдеген PP картасы табылған жағдайда, PP картасының иесі PP картасын Банкке қайтаруға міндеттенеді.
5. PP картасын пайдалану ережелері Priority Pass компаниялар тобымен және Priority Pass (әрі қарай – PP Компаниясы) бағдарламасына қатысатын өзге де сервистік кәсіпорындармен белгіленеді. PP картасын пайдалану ережелері мен PP картасын пайдалану арқылы қолжетімділік ұсынылатын күтудің VIP-залдарының анықтамалығы Банкпен оның иесіне PP картасын беру кезінде ұсынылады.
6. PP картасының иесі PP картасының күшін жою және оны айналымнан шығарып тастау немесе шығару/қайта шығарудың PP Компаниясының негізінде және/немесе Төлем жүйесінің және/немесе Банктің жеке қалауы бойынша жүзеге асырылмайтындығымен келіседі. Бұл жағдайда Банк PP картасына Шартпен қарастырылған әдіспен хабарлайды.
7. Оған Банкпен Клиентке PP картасына берілген Карточканың күші жойылған жағдайда және/немесе Шарт тоқтатылған жағдайда, PP картасы дереу Банкке қайтарылуы керек, ал оның иесінің бұдан әрі күтудің VIP-залдарына қолжетімділік құқығы болмайды және Банкпен берілген PP картасы бойынша күтудің VIP-залдарында болуы кезінде артықшылықтар көруге және қызметтерін көруге құқығы болмайды.
8. PP картасын пайдалану арқылы алынған қызметтердің құнын PP картасының иесі Шартпен белгіленген тәртіпте Банкке өтейді. PP картасын пайдалану бойынша қызметтер құнын есептеу PP Компаниясымен/Төлем жүйесімен белгіленеді. PP картасының иесі Банктің уәкілетті қызметкеріне немесе Байланыс орталығына хабарласу арқылы Банктің Веб-сайтынан өз бетімен танысуы арқылы бағалармен танысады.
PP картасын пайдалану бойынша алынған қызметтердің құны төлем туралы талап қою сияқты АҚШ долларында көрініс береді.
9. PP картасының иесі аталған картаны пайдалану арқылы қызметтер алудың жеткілікті растамасы PP Компаниясының/Төлем жүйесінің Банкке қойылатын, солардың негізінде Банк төлемді жүзеге асыратын талаптары болып табылатындығымен келіседі. Банк PP картасын пайдалану арқылы жүргізілетін төлемдер үшін төлем жасаған жағдайда PP картасының иесінде Банкке осындай шығындарды өтеп беру міндеттемесі туындайды.
10. Шығындарды өтеу Банктің өтелуі тиіс соманы Клиенттің алдын ала келісімімен Карт-шоттан немесе PP Картасы иесінің басқа да банктік шоттарынан тікелей дебеттеуі арқылы жүзеге асырылады. Осы арқылы PP Картасының иесі Банкке төлем ордерінің негізінде Банк шығындарын өтеу мақсатында Банкке онда ашылған банктік шоттардан ақшаны тікелей дебеттеуге алдын ала сөзсіз келісімін береді.
PP Картасын пайдалану арқылы алынған қызметтер құнын өтеу үшін Клиенттің алдын ала келісімімен ақшаны тікелей дебеттеуді Банк PP Картасы иесінің Шарт негізінде қандай да бір қосымша келісімдер ұсынуынсыз өз бетімен жүргізеді.
11. PP картасының иесі Карт-шотта Банктің шығындарын өтеуге жеткілікті Ақша сомасының болуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.
12. PP Картасы иесінің Карт-шотында/PP Компаниясы/Төлем жүйесінің оны Банк орындап тастаған ұсынылған талаптың валютасына ашылған банктік шотында Банк шығындарын өтеу үшін Ақша болмайтын немесе осындай Карт-шот/банктік шот бойынша шығыс операцияларын жүзеге асыру мүмкін болмайтын жағдайда, Ақшаның жеткіліксіз сомасы дебеттеледі/Клиенттің алдын ала келісімі негізінде PP Картасы иесінің теңгеде ашылған басқа банктік шоттарынан өндіріп алынады, ал ондағы Ақша сомасы жеткіліксіз болатын немесе осындай банктік шот бойынша шығыс операцияларын жүргізу мүмкін болмайтын жағдайда – Ақшаның қалған сомасы Еуроа ашылған банктік шоттан алынады.»
13. Банк PP картасын оның алынғандығының растамасы ретінде қызмет атқаратын құжатқа (PP картасының алынғандығы туралы тізімдеме) қол қою арқылы тапсырады.
14. PP Компаниясының талаптарына сәйкес осы арқылы Банк PP картасының иесіне (i) әуежайдың ешқандай күту залының операторымен PP картасын пайдалану арқылы қызметтер алумен байланысты қандай да бір мәселе бойынша тікелей байланыспау; (ii) ықпалдасу туралы барлық сұратулар, шағымдар, талаптар мен осыған ұқсас хабарлардың Visa Төлем жүйесі Карточка ұстаушыларын қолдаудың халықаралық қызметінің қызметкері арқылы тапсырылу қажеттілігі туралы хабарлайды және осы қызметкер мәселенің шешілуі үшін және helpdesk@prioritypass.com.hk мекенжайы бойынша электронды пошта арқылы жазбаша нысандағы хабарды алғаннан кейін саналы уақыт ішінде сұратуға жауап беруге міндетті болады.
15. PP картасының иесі Банктің картаның жоғалуы/ұрлануы туралы хабарлауына дейін жоғалған немесе ұрланған PP картасын пайдалану арқылы жүзеге асырылған және олар бойынша электронды кард-ридерді пайдалану туралы есеп жасалған және/немесе соларға қатысты онда келу айғағын растайтын әрі тиісті түрде құрылған құжат ұсынылған күтудің VIP-залдарына барлық келу жағдайлары мен қызмет көрсетумен байланысты барлық шығындар үшін жауап беретіндігімен келіседі.

